



Ұмытылмас есім

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2016 жылдың 27 қазанында «Қаз ССР халық ағарту ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Тіл жанашыры» төсбелгісінің, «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Қадыр Мырза Әлі» атындағы медалінің иегері, БҚМУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әдебиеттанушы ғалым Серікқали Ғабдешұлы Шарабасовтың туылғанына 70 жыл толуына арналған «Ұмытылмас есім: ұстаз, ғалым, тұлға» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Конференцияның алдында келген қонақтар мен қатысушылар университет мұражайында Ұстазға арналып жасақталған бұрышпен танысып, №1 оқу ғимаратының 4-қабатында орналасқан атаулы кабинеттің ашылуына (405-дерісхана) қатысты.

Конференция Ұстаз-ғалымның еңбек жолын қамтыған видеороликтен басталып, «Серіктің жөні бір басқа (іні туралы толғаныс)» тақырыбында ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры Ақұштап Бақтыгереева, «Ата-Дария Еділ-Жайық ұлдарының арманы» тақырыбымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы, «Қазақ әңгімелеріндегі сөздің лингвомәдени әлеуеті» тақырыбында ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты лексикология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д. профессор Манкеева Жамал Айтқалиқызы, «Профессор С.Ғ.Шарабасов – әдебиеттанушы ғалым, ұлағатты ұстаз» тақырыбымен «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, п.ғ.д. профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, «С.Ғ.Шарабасов прозасы тілінің

лексика-семасиологиялық айшықтары» тақырыбында БҚИТУ-дың профессоры, ф.ғ.д. Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы, «Профессор С.Ғ.Шарабасовтың қоғамдық-мәдени қызметі» тақырыбында Ж.Молдағалиев атындағы БҚ облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Исатаева Роза Жақияқызы, «Көрікті ой, көркем тіл нұрландырған шұғылалы ғұмыр» тақырыбымен БҚ облыстық соты құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының мемлекеттік тілді дамыту мәселелері бойынша бас маманы, ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Шахин Амангелді Ғұбайдоллаұлы баяндамасымен жалғасса, «Тұлға туралы ойтолғауға» Жәңгірхан атындағы БҚАТУ-дың профессоры, ф.ғ.д. Рысқалиев Тілекжан Хасенұлы, ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нәріков Айтқали Нұрышұлы, БҚО Жаңақала аудандық мәслихат төрағасы, ақын, журналист Сисенғали Закария



Жүсіпқалиұлы, ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сейтақ Ғайсағали Самиголлаұлы, тілші-ғалым, Халықаралық «Қазақтілі» БҚО филиалының төрағасы Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы қатысып, өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Конференцияны филология факультетінің деканы, ф.ғ.к. доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы жүргізді.

Көпшілік «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейтіндігіне» тағы бір мәрте көз жеткізгендей болды.

Менің кураторым...

Қашан көрсен де қасында бір қауым студенттерімен, жалғыз өзі бір оқу орнындай болып жүретін Серағаңның ортамыздан озғанына өлі де сену қиын. Оның ала таңнан асығып, екпіндей басқан әскери жүрісі, жарқ-жүрқ сөйлеген найзағай дауысы университет тіршілігімен мидай араласып жататыны соншалық, өлі күнге жаңғырығып тұрғандай сезіледі. Өзінің жұмыс орнын, атқарып жүрген қызметін сыйлайтын адамдарға төн барлық қадір-қасиет Серікқали ағаның бойынан табылатын.

Осы қара шаңырағымызды әкесіне табынғанындай құрметтеп, анасындай аялап, баласындай қамқорлап жүретін ұстаздың ортамыздан озса да, парасатты болмыс-бітімімен, шарапатты үлгі-тағылымымен үлкен-кішінің көкейінен мәңгіге кетпейтіні хақ. Ұстаздық концептіге сыйымды азаматтың үлкен тәрбиеші де бола білгендігін жүздеген, мыңдаған шәкірттері мойындайды.

Сонау жетпісінші жылдары кураторлық қызметті біздің 646-топтан бастаған Серағаң 40 жылдан астам уақыт бойы мінсіз атқарып, шынайы куратор-тәрбиешінің жанды үлгісін көрсетіп кетті. Қыруар оқу процесін арқалай жүріп, үздіксіз кураторлық қызметті жауапкершілікпен атқару оңай шаруа емес. Әрбір төрт жыл сайын жас буынды қатайтып, өмір жолына бейімдеу, бағыт-бағдар беру, тарыдай талаптарын таудай еткенше баптап баулу секілді үздіксіз үдерістерді атқаруда директердің таяғындай басқару мүмкін еместігі барша кураторларға белгілі.

Өзінің жеке үлгісімен, ілім-білімімен, тапқырлығымен талай жастың балапан өмірін азаматтық биікке жалғай білді.

Серікқали Ғабдешұлы әуелі ата-аналар, университет ұжымы, одан қалды мемлекетіміз сеніп тапсырған ұстаздық міндетті мінсіз атқарды, әрдайым өз ісіне адалдықпен қарады. Қызмет еткен ортасына тек қана күнелтістің көзі деп

қарамай, өмірінің мәнін өзі атқарған азаматтық істерінен тапқан ұстаз жайлы жылы лебіз ас та тек...

Құбылнамадай сегіз қырлы адамның жақсылығын дүниеден озғанда ғана айтып отырған жоқпыз, өз қадірін ұстазымыз көзінің тірісінде-ақ сезініп, аяқталмаған қыруар істерін, арман-мұраттарын жалғауды шәкірттеріне өсиеттеп кетті.

Білікті ұстаз, тәжірибелі тәрбиеші, терең ғалым, сыйлы азамат ретіндегі мінсіз бейнесі көкейімізде мәңгі сақталады.

Серағаң өзі айтқандай: «Мен өлсем де, тұрып өлетін адаммын»-деп, шынымен де оның жарқылдап жүріп, көзден бұл-бұл ұшқанына абдырап қалдық, сенгіміз келмейтіні де сондықтан.

Тәні түгілі, жаны ауырып тұрса да тағдырының алдында бас имейтін, әрбір қадамын толағай еңбегімен дәлелдеп, адалдығымен үнемі нұр шашып жүретін аяулы Ұстаздың жарқын жүзі мен мейірімге толы жанары алдын көрген шәкірттерінің жүрегінде мәңгілік орын тебетініне сенемін.

Р.Қ. МҰХАМБЕТҚАЛИЕВА,
шәкірті, ф.ғ.к. доцент

Сотрудничество

В г. Оренбурге (РФ) была проведена Международная научно-практическая конференция «Межрегиональное сотрудничество приграничных регионов России и Казахстана». Данная конференция была организована Автономной некоммерческой организацией «Содружество народов Евразии» при поддержке Правительства Оренбургской области.

Для обсуждения путей дальнейшего развития двустороннего сотрудничества в рамках ЕАЭС собрались представители органов государственной власти, бизнес-сообщества и инфраструктуры поддержки предпринимательства, научных и экспертных кругов, институтов гражданского общества и СМИ из России и трёх регионов Казахстана, граничащих с Оренбуржьем: Западно-Казахстанской, Актюбинской и Костанайской областей.

На конференции, в рамках реализации научно-исследовательского консорциума «Процессы и перспективы Евразийской интеграции», с докладами выступили заведующий кафедрой Ассамблеи народа Казахстана ЗКГУ им. М.Утеминова, доктор педагогических наук В.Ю.Салов («Кафедры Ассамблеи народа Казахстана – инновационный механизм казахстанской этнополитики») и руководитель центра социологических



КУРСОМ НА ИНТЕГРАЦИЮ:

Сотрудничество приграничных регионов – важнейший фактор евразийской интеграции

исследований ЗКГУ, кандидат философских наук П.А.Добряев («Восприятие процессов евразийской интеграции казахстанскими студентами»).

Открывая работу конференции, председатель Правления АНО «Содружество народов Евразии» В.В.Амелин отметил, что только за последний год на различных площадках Астаны, Алматы, Актобе, Караганды, Костаная, Уральска, Москвы, Оренбурга и других городов общественными организациями были инициированы десятки площадок для обсуждения вопросов российско-казахстанского сотрудничества. Это свидетельствует о большом интересе и поддержке обществом интеграционных процессов, стремлении

экспертов к более тесному взаимодействию для выработки их эффективных механизмов в интересах обеих стран.

В приветственном слове к участникам конференции вице-губернатор Оренбургской области Д.В. Кулагин подчеркнул, что, взаимно уважая суверенитет, независимость и территориальную целостность, Россия и Казахстан выбрали курс на сближение, согласование политики, создание общего экономического пространства в рамках ЕАЭС, поскольку только вместе, за счет объединения ресурсов можно эффективно противостоять новым вызовам и угрозам современного мира.

Заведующий кафедрой АНК ЗКГУ В.Ю.Салов рассказал

собравшимся о деятельности Ассамблеи народа Казахстана по координации работы центральных и местных исполнительных органов власти по вопросам этнонациональной политики, практической реализации Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности и единства. Он особо отметил роль кафедр АНК, созданных в ряде вузов нашей страны, как нового, инновационного механизма казахстанской этнополитики и поделился опытом работы такой кафедры в ЗКГУ им. М. Утеминова.

Большой интерес у участников конференции вызвало выступление руководителя центра социологических исследований ЗКГУ П.А.Добряева, основанного на результатах социологического исследования «Евразийский экономический союз в восприятии студенческой молодежи Западно-Казахстанской области РК». Данное исследование было проведено центром социологических исследований нашего университета в рамках совместного с НИИ истории и этнографии Южного Урала Оренбургского государственного университета исследовательского проекта. Полученные в его ходе данные свидетельствуют о том, что ЕАЭС и евразийская интеграция как таковая достаточно успешно позиционированы в сознании студенческой молодежи ЗКО. Подавляющее большинство опрошенных студентов, независимо от их этнической принадлежности, языка обучения и места своего постоянного проживания, положительно воспринимают евразийский экономический интеграционный проект, считают участие в нём Казахстана необходимым и ожидают от этого участия положительного воздействия на жизнь казахстанцев.

В целом, следует отметить, что проведение данной конференции, состоявшийся в её ходе обмен мнениями и выработанные на ней рекомендации по активизации сотрудничества приграничных регионов Казахстана и России, безусловно, будут способствовать эффективной реализации курса Президента РК Н.А.Назарбаева и Президента РФ В.В.Путина на евразийскую интеграцию.

20 октября в ЗГУ им. М. Утемисова совместно с Оренбургским государственным педагогическим университетом прошла Международная научно-практическая конференция на тему «Актуальные проблемы теории и практики инклюзивного образования», посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан.

Равные возможности для всех

В конференции, на которой были рассмотрены вопросы систематизации и обобщения научного и практического международного опыта инклюзивного образования, создания условий для успешного применения и передачи инклюзивных практик и др., приняли участие ученые Кореи, Израиля, Республики Молдова, Российской Федерации и Казахстана.

С приветственным словом в адрес участников конференции выступила проректор по учебно-методической работе, к.п.н., доцент Г.К.Жусупкалиева. Сказав об актуальности рассматриваемых на конференции проблем инклюзивного образования, Галия Кайдаровна пожелала успешной работы.

В рамках конференции на педагогическом факультете ЗГУ был торжественно открыт центр инклюзивного образования «Жан жылуы», призванный оказывать практическую и методическую помощь в организации работы инклюзивного образования в школах области.

На пленарном заседании конференции выступили Ю.А.Королева, к.псих.н., доцент заведующий кафедрой специальной психологии ОГПУ, РФ – «Проблемы и состояние инклюзивного образования в России и Казахстане», О.И.Акимова, к.псих.н., доцент кафедры специальной психологии ОГПУ, РФ – «Специфика подготовки педагогических кадров в сфере инклюзивного образования в современном педагогическом вузе», Ли Чжон Хюн, доктор PhD, профессор университета Сангконгхое, Южная Корея – «Инклюзивное образование в Казахстане: состояние, перспективы», Н.Н.Лебедева, руководитель отдела инклюзивного образования ЗКО – «Организация специальных образовательных условий для детей с ограниченными возможностями в учреждениях образования Казахстана», В.Ю.Салов, д.п.н., профессор, ЗГУ – «Адаптивная физическая культура: проблема и решение».

Работа конференции была продолжена по секциям: «Психолого-педагогическое сопровождение лиц с особыми образовательными потребностями (ООП) в современном образовательном пространстве», «Актуальные проблемы инклюзивного и специального образования лиц с особыми образовательными потребностями (ООП)», «Особенности организации педагогического процесса в учебных заведениях с инклюзивным и коррекционным образованием».

Для преподавателей и учителей к.псих.н., доцентом



Н.Г.Кормушиной (Оренбург) был проведен мастер-класс на тему «Толерантность как основа инклюзивной компетентности педагога образовательного учреждения».

Обсудив проблемы формирования доступности образовательной среды, тенденции, приоритетные направления и перспективы развития инклюзивного образования в Казахстане и России, участники Международной научно-практической конференции были едины во мнении о необходимости инклюзии, как приоритетного и эффективного социального механизма, реализующего право каждого человека на образование. Дети и студенты с инвалидностью должны иметь возможность учиться вместе со своими здоровыми сверстниками в дошкольных образовательных организациях, школах, организациях дополнительного образования, вузах. В разработку решений в системе специального и инклюзивного образования, ресурсного обеспечения данного процесса должны быть активно вовлечены педагогическое сообщество, общественность.

«Үштілді білім беру: ізденіс, проблемалар және даму болашағы» тақырыбымен on-line режимінде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді



Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке - кемел біліммен», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру - басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Осыған орай, 2016 жылдың 27 қазанында «Өрлеу» БАҒО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Үштілді білім беру: ізденіс, проблемалар және даму болашағы» тақырыбымен on-line режимінде Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Конференцияның мақсаты - білім беру саласында үштілділікті басым бағыт ретінде ұстанудың қазіргі жайы мен болашағын талқылау. Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Конференция жұмысында Қазақстандық ЖОО ғалымдары, сондай-ақ, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Түркия мемлекеттерінің профессорлары, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы филиалдарының профессорлық-оқытушылық құрамы, республикамыздың тәжірибелі педагогтері тақырыпқа сәйкес көтерілген мәселелер аясын кең ауқымда қарастырып, 300-дей ғылыми мақалалар мен тәжірибелер электронды жинаққа енді.

Менде осы конференцияға қатысып, орыс тілінде «Иноязычная коммуникативная компетенция, как объект исследования» атты баяндаманды үлкен ғалымдармен қатар отырып оқығаным ерекше сезімде болдым. Қазіргі таңдағы күрделі тіл саясатында болып жатқан үш тіл туралы мәселе, яғни неліктен үш тілдік оқыту қажет деген сұраққа

өзіме жауап алдым. Баяндамам жоғары деңгейлі, мазмұнды деп бағаланды.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп халық даналығында айтылғандай, адамзат тарихындағы көп тілді меңгерген полиглот ғалымдар мен басқа да тіл туралы қызықты фактілерге тоқталсақ. Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Ұлы Абай орыс тілін орта жастан асып, кеш болса да жетік меңгерді, қазақ, орыс тілдерімен қоса парсы, араб тілдерін де жақсы меңгерген.

А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Көне еврей тілін зерттеген В.Луначарский испан тілін 57 жасында үйренген екен. Кибернетика «атасы» деп есептелетін Норберт Винер 13 тілді зерттеген. Люксембург қаласының халқының түгелге жуығы төрт тілде еркін сөйлей алады екен, әсіресе, жастары. Еңбастысы, Люксембург балалары мектепке дейін төрт жастан бастап тегін ана тілінде, екінші сыныптан бастап француз тілінде оқиды. Ағылшын тілі алтыншы сыныптан басталады екен.

Дүниедегі барлық аударма шығармалардың 33% ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1% неміс тілінен аударылады.

Осы конференцияда тағы бір ерекше толқыған кезім Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ф.ғ.к., доценті А.Е.Жубанованың «Идеи и истоки полиязычия в трудах Кудайбергенов и Есета Жубановых» атты баяндамасында өзіміздің жерлесіміз, профессор Құдайбергенов Жұбанов ағамыздың 18 тіл білгендігі! Мысалы айтқанда, қазақ, орыс тілінен басқа неміс, парсы, араб, моңғол, грузин, чуваш, коми және түрік тектес тілдерінде еркін сөйлеген. Тіпті «Ана тілімізді салыстырмалы жүйемен үйренуге де, зерттеуге де себі бар», - деп жапон тілін де игерген. Ал олай болса, мен ойлаймын, тілді үйрену - ешқашан кеш емес. Ол үшін тек ниет пен үлкен еңбек қажет. Жаңадан жүре бастаған балаға «Отыр! Сен жүре алмайсың! Құлап қаласың!» десек, ол бала еш уақытта жүре алмайды. Қазақтың ұлы ғалымдары бірнеше тілді меңгергенде, неге біз үш тілді меңгеріп алмасқа?

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар, Құрметтейді кісі екен деп төрге озар. Қай елде жүрсең де бұл дұрысы, Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар, -дегендей, мемлекеттік тіліміздің дәрежесін жоғары көтере отырып, шет тілдерін үйренгеніміз артық болмас.

Конференциямен үшін жоғары дәрежеде өтті. Сондықтан осы конференцияны ұйымдастырған «Өрлеу» БАҒО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының» ұжымына өзіміз алғысымды білдіремін және шығармашылық табыс тілеймін.

Гульнур ИМАНАЛИНА,
6М011900-Шетел тілі: екі шетел тілі
мамандығының 2-курс магистранты

2016 жылдың 31 қазанында киелі қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына арналған «Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихы мен тағылымы» атты дөңгелек үстел өткізілді.

«Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихы мен тағылымы»

Дөңгелек үстел қонақтары өлкеміздің белгілі тарихшы ғалымдары – т.ғ.д., профессор Ә.С.Тасмағамбетов, өлкетанушы Жайсан Ақбай, т.ғ.к. С.Б.Құрманалин, т.ғ.к. Ж.Е.Хайдаров, т.ғ.к. Ж.А.Исмуралин, т.ғ.к. А.С.Байбұлинова, сондай-ақ «Дана Каз» журналының бас редакторы Қ.Қ.Кабжанов, «Жайық Пресс» ЖШС-нің бас директоры Ж.Н.Сафуллин, «Қазақстан» РТРК БҚО филиалының тілшісі М.М.Балмолда, ф.ғ.к. А.Ы.Мамыров, БҚО қазақ драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ҚР Журналистер одағының мүшесі Н.Қ.Сәдір және университет оқытушылары, студенттері т.б. қатысты. Дөңгелек үстелдің ашылуын модератор т.ғ.к., доцент Ж.Ж.Жақсығалиев бастап, сөз кезегін М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың бірінші проректоры, т.ғ.д. Әсет Сембайұлына Тасмағамбетовке берді.

Аталған зиялылар бұл көтерілістің мән-маңызы жағынан қазақ даласында болып өткен көтерілістердің ішіндегі шоқтығы биік, отаршыл империяның қыспағына көне қоймаған қазақ халқының жанкешті қозғалыстарының бірі ретінде бағалап, атаулы күндерде тойланып қалмай, назарда жүретін тақырып деп өз пікірлерін ортаға салды. Сол оқиғаға арналып бір еңселі ескерткіш орнатылса, ұлттың азаттығы жолында қаза болған бабаларымызға да, сол маңызды тарихи кезеңге де көрсетілген құрмет пен сауабы мол үлкен бір шара болған болар еді деген ойларын да атап өту қажет.

Дөңгелек үстелдің жабылуын т.ғ.к., доцент Жақсығалиев Ж.Ж. қорытындылап, келген қонақтар мен оқытушыларға, студенттерге алғысын білдірді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған дөңгелек үстел тақырыбына орай ғылыми кітапхана атынан көрме ұйымдастырылды.

Соб.инф.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл



6 қазан күні «Тарих, экономика және құқық» факультетінде туризм мамандығының 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен және туризм мамандығының 1-курс студенттерінің қатысуымен «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлық» атты тақырыпта Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел мәжілісін ұйымдастырудағы басты мақсат - аса қастерлі тәуелсіздіктің қасиет-киесін жас өскін санасына сіңіру. Шара барысында қатысушы студенттер Мұлдаханова Жеміс, Құбайдуллин Шыңғысхан, Қибатоллаева Алина, Косаманова Назерке жәнеде Аймағамбетова Галия ата-бабаларымыз аңсап өткен азаматтық, ел еңсесін тіктеген егемендіктің парқына тоқталды. Арманы ақиқатқа айналған қаржы-бабалардың тар жол, тайғақ кешуді бастап өткерген кезеңдерінен де мол мағұлмат алуға болады. Дөңгелек үстел басында дөңгеленген дүниедегі зайырлы, тәуелсіз ел - Қазақстан туралы әңгіме өрбітті. 25 жыл – ширек ғасыр. Өткенге қорытынды жасап, «Мәңгілік Ел» болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын есепті жыл.Тәуелсіздікті баянды ету жолында аға буын салған сара жолды да тілге тиек етуге болады. Өйткені, олар – ғасырлар тоғысында туған талай оқиғалардың куәсі.

Дөңгелек үстелде өз пікірлерін ортаға салған оқытушылар э.ғ.к., қ.проф. Г.Н.Сүлейменова, аға оқытушы Г.А.Садыкова, аға оқытушы А.Ж.Ақмалиева - тәуелсіз еліміз жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді. Тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды. Толағай жетістіктерге қол жеткізді. Өлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Тәуелсіздік тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрған Қазақстанның бұл - осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістігінің бір парағы ғана - деп сөз саптады.

Дөңгелек үстел барысында студенттер «Біздің ата - бабамыз жаңқиярлықпен табанды күрес арқасында өзінің елін, жерін бірлік берекесімен сақтағаны, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенін мәңгілік есте сақтауды ұмытпаймыз. Өр сабақта, сабақтан тыс іс- шараларда еліміздің тарихын қайталап еске түсіреміз, себебі тарихты білмеген адам өзін де, елін де құрметтеп сүйе білмейді» деген пікірлерін, ойларын айтты.

Өрқашанда Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы болып, егемен елдің ұрпағының еңсесі биік, көкірегі ояу, керегесі кең, терезесі тең елде өмір сүрсін. Қазақстанға оңайлықпен келмеген Тәуелсіздікті қастерлей, қадірлей білейік.... 2016 жылдың үлкен мерейтойы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құтты болсын!

Жеміс МҰЛДАХАНОВА,
туризм мамандығының 3-курс студенті

Манифест «Мир. ХХІ век» Главы государства Н.Назарбаева, вышедший в свет в этом году, является производной от аналогичных документов, которые уже существуют в других странах. Для тех, кто стал свидетелем, более того, пострадал от ядерных испытаний, очень важно, чтобы данный документ стал началом конкретных действий.

«Вкус» радиации

Я родился в Урде, и не прошло полгода, как наш Урдинский район в 1952 г. был расформирован. Жителям было предложено покинуть родные места. Целыми селами уезжали люди в основном в южные регионы Казахстана, оставляя хозяйство, устроенный годами быт. Народ принял переселение как военные учения. Как говорила моя бабушка, «әскер ойнады». Люди даже предположить не могли, что станется с их родной землей, какая судьба уготована их некогда плодородным землям, дававшим кров, пищу, покой и защиту.

Но не все смогли уехать. Были те, кто не хотел или не имел достаточно средств, чтобы на новом месте организовать свою жизнь. Они остались заложниками ядерных испытаний в Урде, в песках Нарына. Народ не знал что «ойын» - это открытые ядерные испытания, несущие непоправимый ущерб всему живому.

Но бабушка не смогла жить на чужбине и часто настаивала на возвращении в родные края. «Елге қайтайық», - повторяла она, скучая по родной земле, и в 1956-57 годах наша семья вернулись в Западный Казахстан в Жымпитынский (ныне Сырымский) район, а затем в Урдинский район. В школьные (60-ые) годы в день по несколько раз (даже несколько десятков раз) дребезжали стекла в окнах, из-за ядерных испытаний на полигоне Капустин Яр, расположенном рядом с Урдинским районом (раньше земли принадлежали Урдинскому району).

И нигде нет сведений о том, что чувствует человек во время ядерных испытаний, как живой организм переносит его последствия, что происходит с его здоровьем. И тем более нет описаний того ужаса, страха перед неведомым врагом, который, незаметно проникая в человека, да во все живое, медленно убивает его. Как жители Херосимы и Нагасаки пережили саму бомбежку, а не только ужасные последствия?

Описать те переживания наиболее точно вряд ли получится, но отчетливо помню угнетающий страх, тяжесть на грани физической боли. Ночами спалось очень плохо, говорили, что мы «лунатики». И во сне, ночью, сквозь веки был виден очень яркий всплеск лучей. Он был ярче, чем во время сварки металла, и опять тяжелое угнетающее состояние.

Кончилось детство, но судьба приготовила для меня новое испытание. В 1970 году меня призвали в ряды Советской Армии, и я два года служил в Семипалатинской области на испытательном ядерном полигоне (СИЯП) в зоне повышенного радиационного риска. Сейчас многих моих однополчан уже нет в живых, а из тех, кто жив, болеют различными болезнями.

В двадцатых числах октября по телеканалу КТК прошла передача о ядерных полигонах, расположенных в песках Нарына, в которой ученые из РФ пытались убедить, что ядерные испытания проводились в космосе и поэтому никакого вреда населению нанесено не было. Однако факты говорят об



Е.С.Айталиев. Армейские годы

обратном, и вряд ли тот ученый пожелает своим детям жить вблизи ядерных полигонов, пусть даже, по его мнению, самых безопасных.

В этом году исполняется 25 лет закрытию Семипалатинского ядерного полигона. Это поистине великое достижение. Ущерб, нанесенный населению, еще предстоит оценить. Это не вернент здоровье и жизни, но будет постоянным напоминанием потомкам о невосполнимости утраты.

Из книги профессора О.Шаденова «Азғыз-Нарын ажары», выпущенной в г. Алматы в 2007г.

«В годы холодной войны и стремительного роста гонки вооружений в СССР были созданы полигоны – атомный «Азгир» («Галит»), 929-й государственный летно-испытательный и



4-й государственный центральный. Последние два больше известны под общим названием «Капустин Яр». В их систему входит также ряд полигонов в Атырауской, Актюбинской, Жезказганской и других областях республики.

За несколько десятков лет, по некоторым данным, в регионе Нарын на западе Казахстана было произведено 28 ядерных взрывов. Однако считаю, что эти данные занижены. Полигоны функционировали в режиме строгой секретности. Центром атомных испытаний под землей являлся полигон «Азгир», находившийся на территории совхоза, ныне АО «Балкудук» Курмангазинского района Атырауской области.

...Полигоны спровоцировали рост онкологических, сердечно-сосудистых и других заболеваний, вызвали оскудение флоры и фауны на обширном пространстве Казахстана.

Появились болезни животных неизвестной этиологии. В 1981 и в 1982 годах в Атырауской и Западно-Казахстанской областях в летний период случился массовый падеж овец, крупного рогатого скота, сайгаков и особенно лошадей. Не исключено, что в те годы проводились бактериологические испытания».

Е.С.АЙТАЛИЕВ,
д.т.н., профессор, директор ИЕНИ «Алгоритм»



Бөкей ордасының негізін 1801 жылы Әбілхайыр ханның немересі, Нұралы ханның ұлы Бөкей ханның қалап кеткенін барлығымыз білеміз. Құрылғанынан бастап, қазақ елі ішінде «тұңғыштар мекені» атанып кеткен Бөкей ордасының құрылуының 215 жылдығы және Бөкейдің баласы, Ішкі орданың басқа өңірлерден көш ілгері дамуының бастауында болған Жәңгір хан негізін қалаған мектептің 175 жылдығы кең көлемде тойланды.

Жоғарыда аталып өткен ғылыми конференция мүшелері Орал қаласынан Бөкей ордасы ауданының Хан ордасы ауылына 13-і күні жолға шыққан болатынбыз. Жол бойы тарихи ескерткіштерге, кесенелерге, тарихи бай өңірлерге тоқталып, көптеген тың мәліметтер ортаға тасталып, олар талданды. Атап өтер болсақ, Жаңақала ауданының орталығында орналасқан Бөкей ханға орнатылған мемориалдық тақтаға, Махамбет пен Исатай көтерілісі болған жерлерге арнайы тоқтап, Тұяқберді, Мәмен бабаларымыздың кесенелеріне құран оқып, кейін Кіші Қазан ауылының мектебі жанынан жасақталған арнайы мұражаймен таныстық. Аталған мұражайдан Астанада келген академик ағамыз тың дүние көріп, мұражаймен тығыз байланыс та орнатып үлгерді. Хан ордасына жақындай бергенде бізді Бөкей ордасы ауданының әкімі, Нұрлан Сағынтайұлы бастаған

ТҰҢҒЫШТАР МЕКЕНІНЕ САПАР

Егер Бөкей көшпесе,
Жүрер едік біз қайда?!

Ғайсағали Сейтақ

Бөкей ордасының құрылғанына 215 жыл, Жәңгір хан мектебінің негізі қаланғанына 175 жыл толуына орай қазан айының 13-15 аралығында «Шежіре тұнған құт мекен» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы болып өтті. Конференцияға көршілес Ресейден, Татарстаннан, Астана, Ақтөбе, Орал өңірінің зерттеуші- ғалымдары мен ізденуші жастары қатысты.

топ қазақтың салт-дәстүрі бойынша ақпен күтіп алып, кейін аталған ауылдың «Жасқұс» қонақүйіне орналастырып, ас берді. Астан соң, Жәңгір хан мұражайын аралап, тың деректермен, жаңа мағлұматтармен таныстық.

Келесі күні, яғни 14-і күні таңертен мерекелік шаралар басталып кетті. Ең алдымен Жәңгір мектебінің алдына ауыл тұрғындары мен ақсақалдары жиналып, мектептің алғаш ұстаздарының біріне ескерткіш тақта орнатылды. Концерттік бағдарлама ұсынылып, кейін жоғарыда аталған халықарлық ғылыми- практикалық конференция өз бастауын алды. Конференцияның пленарлық отырысында ғылыми айналыста жоқ тың мағлұматтар айтылып, секциялық бөлімінде жас зерттеушілердің тақырыптарына қатысты жаңа материалдар қарастырылды. Сонымен қатар, осы уақытта мектеп қабырғасында «Кім? Не? Қашан?» интеллектуалдық ойыны оздырылып жатты.Осы екі ортада ғылыми конференцияның қатысушылары хан Жәңгірдің, Мұхаммед-Салық Бабажановтың, Дәулеткерейдің кесенелерін көріп келуге де үлгердік. Кейін мәдениет үйінің ғимаратында облысқа, республикаға белгілі айтыскер ақындардың қатысуымен шоу-айтыс болып өтті. Айтыс барысында Бөкей ордасынның тумасы, республикамызға белгілі айтыскер ақын Жансая Мусинаға «Бөкей ордасы ауданының құрметті азаматы» атағы беріліп, қатысқан барлық айтыскерлерге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Айтыстан ауыл халқы да, алыстан шақырылған қонақтар да өте керемет көңіл-күймен тарқасты. Айтыстан соң арнайы

қонақтар үшін «Қыз Жібек» мейрамханасында ас берілді, кеш соңы от-шашумен қорытындыланды.

Келесі күні яғни, 15-і күні аталған топ Жәңгір ханның арнайы бұйрығымен отырғызылған орманға барып, естелік суреттерге түсті. Нарын құмын аралап, өз әсерлерімен бөлісіп жатты.

Осылайша, біздің 3 күнге созылған Хан ордасындағы сапарымыз аяқталып, Орал қаласына қайта жолға шықтық. Жол бойы өлкетанушы ғалымдарға өз зерттеу тақырыптарымызға қатысты сұрақтар қойып, пікір- алмасып келдік. Осы аталған күндер ішінде, «кісіні жолға шыққанда танысың» демекші, конференцияға қатысқан ғалым апай- ағайлармен достасып та кеттік. Әрқайсысы өз елдеріне, өз қалаларына кетсе де біздің байланысымыз әлі үзілген жоқ, әлі хабарласып, білмегенімізді сұрап тұрамыз. Осы орайда, аталған шараның ұйымдастырылуының басы- қасында болған Құрымбаев Айболат ағайға, бізді бағыттап жол сілтеген кураторымыз Қалменов Мұрат ағайымызға шексіз алғыс білдіргіміз келеді.

Сөз соңында, тарихымен тек кітаптар арқылы немесе ұстаздарымыз оқыған лекциялар арқылы ғана таныс болған Бөкей ордасының, Хан ордасының қазіргі жағдайын өз көзімізбен көріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымызға мол мағлұмат алып келдік деп нық сеніммен айта аламын. Ұйымдастырушы тарапқа бізге берген мол мүмкіндігі үшін көп-көп алғыс айтқымыз келеді!

Айдана ДУЗБАСОВА,
07303 топ студенті

Өлді деуге бола ма айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!
Адалдықтың ақ жолын дара басып,
Келесіз сан шәкірттің бағын ашып.
Жатталған мың жүректе бір есім бар,
Ол – ұстаз Серікқали Шарабасов! Сұм ажал шешендік
өнердің озық үлгісіндей, кешегі өткен жыршы, жырау бабалардың
көзіндей болған ділмар ұстазды жетпісіне жеткізбей, ортамыздан
алып кетті, амал не?!

18 қазан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі, ғылыми кітапхана, «Қазақ филологиясы» кафедрасы және І курс магистранттарының ұйымдастыруымен «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы ағарту саласының көрнекті қызметкері», БҚМУ профессоры, әдебиетші-ғалым, ұлағатты ұстаз Серікқали Ғабдешұлы Шарабасовты еске алуға арналған «Ұмытылмас ұлы тұлға» атты кеш өткізді. Кешке арнайы шақырылған қонақтар, магистранттар, студенттер және ұстаздың жары Өспет апай мен бала-келіні қатысты. Ғалым-ұстаздың өміріне арналған бейнефильмге шолу жасалғаннан кейін, алғашқы сөз тәрбие ісі жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызына берілді. Серікқали Шарабасовтың замандас-сыныптасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Айтқали Нәріковтің әдемі естеліктерінен соң, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты Дастан Есентеміровтың орындауында «Көп болды Ақжайыққа бармағалы» әні тыңдалды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын Ғайсағали Сейтақ жетпісіне жете алмай кеткен ұстазына арнаған өлеңін оқып, кеш Жалғас Жасұланұлының орындауындағы «Өмір-ай» өнімен жалғасты.

Серікқали Шарабасов республикалық ақындарайтысы, Абай, Мұқағали, Қадыр оқулары, облыстық қазақ тілі мен әдебиеті пәндік олимпиадаларының бірнеше мәрте төрағасы ретінде өңірдің рухани өміріне белсене араласқан. Қала мектептерінің түрлі шараларына қатысып, мұғалімдерімен тығыз байланыста болған. Мұны кешке арнайы шақырылған №1-мектептің бір топ

Ұмытылмас ұлы тұлға



оқушыларының ұстаздың асыл еңбегі туралы, ғалым Серікқали Шарабасов туралы оқылған монологтарынан байқауға болады. Серікқали Шарабасов – сан мыңдаған шәкірті бар, ұрпақтарын ұлағатқа тәрбиелеген адал да абыройлы еңбек иесі. Жарқын болашақ үшін бойындағы ақыл-ойын, парасатын, терең білімі мен мейірімін шәкірттерінен аямаған ардақты ұстазға филология факультетінің студенттері Лұқбанов Меңдібек пен Ғилымханов Мәрлен жүрекжарды өлеңдерін арнады. Өңірімізге

белгілі ақын Мира Шүйіншәлиева да ғалым-ағасы жайлы қызықты естеліктер айтып, 60 жас мерейтойында жариялаған өлеңін оқыды.

Ұстазға арналып жазылған арнау өлеңдерден соң, сөз Серікқали Ғабдешұлының жары Өспет апай мен ұлы Еділ Шарабасовқа берілді. Ұстаздарын ұлықтап жатқан студент-магистранттарға тілектерін жолдап, бөрінің адал еңбекпен, қиыншылықпен келгендігін ғалымның даналық сөздерінен деректер келтіріп жеткізді. Қорытынды сөзді филология факультетінің деканы Зейнолла Мүтиев алып, ғалым-ұстаздың туғанына 70 жыл толуына орай 27 қазан күні БҚМУ-дың акт залында ұйымдастырылатын конференцияның бағдарламасымен таныстырып өтті. Республикалық байқаулардың лауреаты Алтынбек Қанатқалиевтің орындауындағы Мұнайдар Балмолданың сөзіне жазылған Ербол Ақбасовтың «Ұстазға» (Серікқали Шарабасовқа) атты өнімен кеш тәмамдалды.

Адалдықтың ақ жолын дара басып,
Келесіз сан шәкірттің бағын ашып.

Жатталған мың жүректе бір есім бар,
Ол – ұстаз Серікқали Шарабасов! Алдын көрген әр студенттің жүрегінде мәңгілік орын тепкен ұлық Ұстаздың бейнесі уақыт өткен сайын биіктей бермек!

Гүлдария КУАНЫШКАЛИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
І курс магистранты

Білім берген, ой берген, ақыл берген, Көз алдымнан қетпейді асыл бейнең...

Қазақта жүрегі Алаш деп соққан ұлтжанды азамат көп. Солардың қатарында өзіндік болмысымен дараланған ұлағатты ұстаз, профессор Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов болатын. Күні кеше фәниден озған нар тұлға, әрине, соңына мол мұра қалдырды деп айтуға болады. Оның куәсы ретінде қаламыздағы №1 жалпы орта білім беретін мектепте еңбек етіп жүрген көптеген шәкірттері: директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Ешимова Анар Балмұханқызы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Сахасова Шынжібек Хабдилшапизқызы мен Урынбасарова Лаура Какимқызы ағайдың адам бойына ізгілік нұрын себетін қасиетіне бас иіп, үлкен құрметпен еске алады. Серікқали ағай мектебімізге ісі қазаққа танымал, асыл сөздің зергері атанған З.Қабдоловтың есімін беруді жоғарғы жақтан сұрап, жұмыстанған еді, бірақ жағымды хабардың ағайдың көзінің тірісінде де, қазір де қолдау таппай отырғаны өкінішті-ақ. «Жақсының аты өлсе де, хаты өлмейді» дегендей, ағайдың бұл істерін жоғарғы тұлғалардың ұлы Ұстаздың артына қалдырған аманаты деп білер деп ойлаймыз. Сондықтан біздер әлі де осы мектептің атауы З.Қабдоловтың атында боларына үміттенеміз, сеніммен қараймыз.

Ұстаз-ғалым әр кез мектеппен тығыз байланыста болды. Оған академик З.Қабдолов туралы үлкен кеш өткізуі дәлел болса керек. Кеште ағайдың жүрегіне жақын, сүйіп тыңдайтын жыр шумақтары мен қара сөздері біздің оқушыларымыздың мәнерлеп оқылуында орындалып, балалардың мәнерлеп оқу қабілетіне тәнті болған. Ұстазға арналған ой өрімдерін біз тап сол күйінде қайтадан оқушыларға айтқызуды жөн көрдік. Дейтұрғанмен, әрбір баланың айтқан сөздерінің астына біз ағайға деген асыл тілегімізді ұстаз туралы айтылған жақсы сөздің түйіні ретінде Серікқали ағамызға арналған қорытынды түйінмен аяқтап отырмыз. Ендеше, қабыл алыңыздар.

1. Садуақасова Анэлла:
Горький дұрыс айтқан:

- Адам бойындағы күллі қасиет күннің нұры мен ананың сүтінен таралған.

Дейтұрғанмен, ұстаз алдын көрмеген кісіге күннің нұры да, ананың сүті де қасиет боп дари қоюы... ай, қиын-ау!

Ұстаз көрмеген кісі – үлгі, өнеге көрмеген кісі. Ал үлгісіз, өнегесіз кісіде қандай қасиет болмақ?

Асылы, адам өзінің азаматтығы үшін, алдымен, ұстазға қарыздар.

Мықтылардың мықтысы – ұстаз! – дер едім мен. Неге?

Негесі сол – о заман да бұ заман, баладан дана тәрбиелеп өсіріп келе жатқан ұстаз; өлемге аян ұлылардың барлығын құдай емес, ұстаз жаратқан. Ұстаз «құдайдан» гөрі күштірек.

Міне, осы бір тамаша сөздің өзі баланың даналығына үңілген, оны барша қауымға паш еткен Серікқали ағамызға сай келеді.

2. Машанова Жасмин:

Әрине, шәкіртке дәріс тыңдатқандардың бәрін түп-түгел ұстаз дей беру тағы қиын. Шын мәніндегі ұстаздар сирек.

Қажым Жұмалиев – шын мәніндегі сирек ұстаздардың бірі: ол – буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог.

Задында, ұстаз бен шәкірттің арасында белгілі бір қашықтық болуға тиіс. Бұл қашықтық болмаған жерде ұстаздық та, шәкірттік те болмайды, өйткені ұстаз бен шәкірттің арасында айырма қалмайды ғой. Профессор Жұмалиевтің өзінен кішілермен достығында, міне, дәл осындай жазылмаған заң және заңдылық бар. Ол шын ықыласымен құлаған, ден қойған шәкірттеріне ағалық мейірімін мол төгеді, құшағын кең ашады, бірақ шәкірттерінің бәрін алыстан, белгілі бір мөлшердегі қашықтықтан құшақтайтын секілді. Осыны сезінудің өзі айрықша ғанибет!



Бұл ретте Серікқали ағамыздың жан-дүниесін Жұмекең ақынның сөзімен бейнелеген жөн:
«Бөрімізді іздейді ол күні-түні,
Бірімізді маңына жақындатпай.»
Ағамызға айтылған қандай тамаша теңеу!

3. Салимова Камила:

Педагогиканың сыры да мол, сипаты да көп. Оның бәрін айтып түгесу қиын. Дегенмен, нағыз педагогке тән бір ерекшелікті арнайы айтпасқа болмайды.

- Нағыз педагог өз оқушыларынан ештеңе аямауға тиіс, - дейді профессор Жұмалиев. – Білгенін тыңдаушысына қимай, шәкірттен жасырып, жалт беріп, қойдың ізін қоянға бастырып тұратындар да болады. Сабақ бере алмайтын саяз адамның аудитория есігін ашуы қандай ретсіз болса, әлгінің де жұрт алдына шығуы сондай ыңғайсыз. Көршеңгел, сараң кісі ұстаз бола алмайды.

Бұл – қағидалы пікір. Мұны Қажекең тек айтып қана қоймай, өз ісімен дәлелдеп те келе жатыр.

4. Андиян Мұхаммед:

Көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз.

Ұстаз - ол өзінің өзге қырларымен қатар, көп жылғы ғұмырын осы арнаға жұмсайды. Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс:

- Ұстаздақ ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау.

Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

Ұстаздық – ұлы нәрсе!

Міне, осы айтылғандар ұстаз атаулының бірі де бірегейі болған, «халқым», «қалқам» сөздерімен ел жадында қалған Серікқали ағамыздың тура бір өзіне арнап айтылғандай екен.

5. Ерен Сардар:

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..

Қанатты кісі еді ғой, шабытсыз сөйлемейтін. Көл-көсір білім, ақыл, ой шәкірттерін өлде бір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, өлдеқайда алысқа, биікке көтеріп өкететін. Мұхаңдай шешен адамды өз басым көріп-білген емеспін. Мінбеде, не кафедрала күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді.

- Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс, - дейтін Мұхаң. Қанат болғанда, жай емес, парлап ұшатын қанат болуға тиіс, әйтпесе, қанат тауықта да бар. Бірақ, тауық пен бүркіттің қанаттарында біраз айырма бар-ды. Демек, шешенге біткен қанат тауыққа емес, бүркітке тән талмайтын, самғайтын қанат болуға тиіс. Міне, осындай шешендіктің қас үлгісіндей болған, талай шәкірттің жүрегінен орын алған Серікқали ағамызға біз мәңгілік бас иеміз.

6. Орынғалиева Жасмин:

Мұхаң филология, журналистика факультеттерінде Қазақ фольклоры мен Абайтанудан лекциялар оқыды.

- Тегінде, әдебиеттен сабақ беретін әр адам, - дейтін Мұхаң, - өз сабағын шын мәніндегі эстетикалық сұлулық биігіне көтеріп өкетуі шарт.

Лекторлық шешендікті Мұхаң осы тұрғыдан түсінетін.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!..

Сөз өнерінің інжу-маржаны, қазақ совет әдебиетінің шыңы – Шекспир мен Гете, Достоевский мен Толстой, Горький мен Шолохов шығармалары секілді бүкіл әлемдік классикаға айтулы үлес боп қосылған «Абай» эпопеясын туғызған Әуезов Мұхтар өзінің ұстаздақ ісін көркем сөз ұстасы ретіндегі суреткерлік қызметімен қатар қоймаса, төмен қоймайтын.

Ұстаздық – ұлы нәрсе! – дейтін ол.

Міне, осындай ұлы Абайдан кейінгі жол салушы нағыз ұстаз Серікқали ағамыздың біздің мектебімізге сіңірген еңбегі көп.

7. Нұрланұлы Нұрай:

Задында, аға алдында кішілік керек. Адам алдында кішілік керек. Ұстамдылықты Әуезов шәкірт қана емес, ұстаздан да қатал талап ететін.

«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.»

Абайдың осы өлеңін Әуезов нағыз ұстаздың болмысы мен бітімі деп түсінуді еді...

Біз келдік, ата, бүгінгі мынау кешіңе,
Өтеді күндер, атады талай таң гүлі.
Жыл сайын туып, жыл сайын өсіп жаңғырып,
Ізінді жалғар, ұрпақтан-ұрпақ, ұрпаққа,
Өлмейтін атың, өшпейтін ізің мәңгілік!

Шынжібек ХАБДИЛШАПИЗҚЫЗЫ,
№1 ЖББОМ-ның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Multilingualism as the call of the times

On 06.09.2016 an open arrangement «Kazakhstan is my Motherland» was held in the multilingual group Bp-29 of the Natural Science and Geography faculty of M.Utemisov West Kazakhstan State University.

In his speeches and messages the country President Nursultan Nazarbayev repeatedly talked about the importance and significance of polylinguism development for multinational Kazakhstan society. Knowledge of several languages always broadens communication and integration abilities of countries and nations.

For this reason, many students of the specialty «Biology» wanted to be trained under this program, and polylingual group Bp-29 was formed.

Verbal environment is vital for learning to speak a foreign language fluently, i.e. students have to communicate in three languages not only during their classes but also in their free from the study time, in the real life. This helps to consolidate their knowledge and develop communication activity. For motivation of students to use English in everyday life the lesson «Kazakhstan is my Motherland»was planned.

The purpose of the arrangement: to expand the students' knowledge about the achievements of the Republic of Kazakhstan, to raise the patriotic feeling and love for the country, to enhance students' potential in polylinguism.

Frankly speaking, there were many difficulties and problems during the preparation of the arrangement. Students were afraid of holding this arrangement in three languages. But thanks to the help of teachers of Russian and English - Lyazzat Daulova and RosalindaVinnik the final script was prepared. Each word said by announcers, presentations and lectures themes, quiz questions were thoroughly thought over and worked out.

Prior to holding the arrangement in order to overcome fear of speaking English «Welcome» training was conducted according to recommendations of S.Senova, the teacher-masterof the pedagogy and self-knowledge department. Indeed,the training conducted by Diana Baktygalievawas successful and contributed much to the smooth beginning of the lesson.

After Guldana Karzhauova greeted all in English, Asel Usenova in Kazakh and Kundyz Salimbayeva in Russian, the arrangement started where students talked admiringly about our country - Kazakhstan, its sights, history and nature. Poems of Zhambyl Zhabayev, Saken Seifullin, Zhuban Moldagaliev, Kadyr Myrzaliev and others

were declared. Presentation of the information about cities and the beautiful nature of Almaty, Astana, Burabay, Kokshetav, Uralsk, Atyrau, etc.,was accompanied bypresentations and videoclips. It should be noted, that all the students were involved in performance of the homeroom. Performance was ended by singing the song «Atameken»of the composer E.Hasangaliev.

Concluding remarkstook Talshen Darbaeva, Doctor of Biological Sciences, the Professor presented the closing speech. She noted the importance of the arrangement: «You have broken new ground today! Good fellows! We saw that you were excited, but were all prepared and succeeded in presenting the sights of our country. I hope there will be the continuation of the arrangements conducted in three languages».

Summing up the event, it needs to be noted that multilinguism is the call of the times as the whole world is multilingual. For mastering several languages, it is necessary conduct various extracurricular arrangements and actions. Teaching English is not only a duty of teachers of English but also a huge integrated work of teachers of non-language subjects and students. Only then the conducted work will be efficient.



Bagdagul ALZHANOVA,
the curator of polylingual group Bp-29,
Lyazzat DAULOVA,
an instructor of English, the chair of foreign languages.

Бізді қоршаған орта

Табиғатты, ауаны, топырақты және суды қорғаудың халықтық дәстүрлері

Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» делінген. Бұл Ата Заңның талабы біздің осы еңбегіміздіңтеориялық тірегі болып есептеледі. Ата Заңымызда көрсетілген талаптарды іс-жүзінде орындауға халықтың табиғат қорғау дәстүрлерін жан-жақты білуі үлкен септігін тигізеді.

Осыған орай біз 1956 жылдан бастап осы кезге дейін мақсатты түрде Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, халық арасына кең тараған табиғат қорғау дәстүрлерімен түбегейлі таныстық.

Табиғатты сақтау және қорғау, оған ұқыпты қарау: Табиғаттың толық тазалығын; табиғаттың сұлулығын; табиғаттың мол байлығын сақтап, қорғай отыра, табиғатты адам қажетіне толық пайдаланудан тұрады. Бұлар –экология ғылымы мен табиғат қорғау ғылымының негізгі қағидалары.

Табиғатты қорғау – халық дәстүрі

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!
Өр адамда өз анасынан басқа Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері –түп қазығы, айбыны,
Туған тілі –сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы –тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама,
Ауыр өрі қасіретті болса да.
Төрт анаға өңін жалғай алмаған Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың,
Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы.

Мұхтар Шаханов

Шыр етіп өмірге келген сәттен бастап, халқымыздың зиялы өкілдерінің, ата-бабаларымыздың туған ел, өскен жер жайындағы әсерлі әңгімелері бүкіл болмысымызды баураған біз, көзді ашсақ, ел мен өлкені көретін, құлақ түрсек, солар жайындағы сырлы сазды есітетін, ойлана қалсақ, санамызға өскен ел мен туған жердің әсерлі суреті алдымен елестейтін азамат болып өстік. Өңір мен өмірдің егіз суреті бар болмысымызды иеленіп алған, туған ел мен өскен жерге жақсылық жасау арманы бүкіл санамызды билеген азамат болып қалыптастық.....

1.Табиғат қорауға байланысты халық дәстүрлері

Елдігіміз өз қолымызға тигеннен бері Отанымыз жайында ашық мазмұнды, түрлі саладағы еңбектер мол жазыла бастады. Олардың ішінде жарық көргендері де жеткілікті.

Еліміз бен атамекеніміз жайында жазылып, жарық көріп жатқан еңбектердің ішінде жастарды адамдыққа, адалдыққа тәрбиелеуге үлес қосқан –қазақ халқының тарихы туралы, халық педагогикасы жайындағы еңбектер.

Халық дәстүрі, оның ішінде табиғат қорғауға байланысты халық дәстүрлері дегенді қалай ұғынамыз?

Біздің халықтың алғашқы тарихы, өмірі көшіп–қонудан басталған. Қазақ халқының даналығының бастауы да осы көшпенді өмірден негіз алады. Табиғат аясында өмір бойы көшіп-қонып жүріп, біздің ата-бабаларымыз табиғат сырын игерген, оның сан-салалы құбылыстарын бағалай білген. Табиғаттың сансыз сыры мен құбылыстарын түсінуге ұмтылу, халықтың бойында, ақыл-санасында табиғат жайындағы танымды, табиғатты аялаудың қажеттілігі жайында түсінікті



шым-шымдап жинақтауға көмектескен. Сан ғасырлар бойы жеке халық өкілдерінің, бүкіл халық рухында, болмысында жинақталған табиғатты ұғыну, табиғаттың адам өміріне қажеттілігін түсіну, табиғатсыз адам өмірінің мәні мен сәні, жалпы өмірдің өзі болмайтынын сезіну қалыптасты. Сол үшін әр адам, бүкіл халық табиғатты біртұтас, оның әр бөлшегін мал-жанындай қорғауды өмір заңына айналдырды.

Бертін келе, сан ғасырлық өмір тәжірибесінің арқасында жинақталған асыл қасиетті халық кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Мұны дәстүр дейміз. Осы аға ұрпақтан мирас ретінде алынған асыл қасиеттерді саналы түрде жалғастыра білу, оны іске асырып келесі жас ұрпаққа мирас ретінде қалдыру

Школа-вуз

Результатом обучения школьников должно стать овладение ими навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации. Данный ориентир нашел отражение в цикле мероприятий, проведённых в областной специализированной школе №8 для одарённых детей.

Казахстан - страна больших возможностей



В рамках Дня языков народа Казахстана и 25-летия Независимости РК проведены беседы с учащимися, праздничное внеклассное мероприятие «Язык отцов - наследие святое», встреча учащихся 6-7 классов с мистером Томасом Унру, бывшим преподавателем института повышения квалификации г.Гамбурга, Германия. Данная встреча надолго останется в памяти ребят и учителей школы. Мистер Томас провёл коучинг с учителями школы «Способы обучения иностранному языку», посетил урок английского языка в 6 классе (учителя английского языка высшей категории Худякова Н.И., Латыева Н.К.). Ученики школы показали хорошее знание языка, непосредственность, заинтересованность в беседе с носителем языка. Действительно, наша страна предоставляет большие возможности ученикам овладеть иностранными языками, свободно общаться с людьми всего мира.

Алия КАЙРЖАНОВА,
учитель английского языка областной специализированной школы №8 для одарённых детей

–дәстүрдің іске асқаны, асыл мақсаттың орындалғаны, өмір арманының жалғаса отырып дамығаны.

Табиғат қорғауға байланысты қазақ халқының дәстүрлері сан-салалы, алуан түрлі. Олар халықтың табиғат жөніндегі ұғымымен тікелей байланысты.

Біздің ТАБИҒАТ деген ғылыми ұғымды қаншалықты баяндағымыз келгенімен, ол бір-ақ мағынаны білдіреді. Т А Б И Ғ А Т – бұл бар дүние, бүкіл болмыс, материалдық өмір, әлем кеңістігі. Табиғат пен өмір егіз. Табиғат бар да, өмір де бар.

Табиғатты шартты түрде үш топқа бөлуге болады. Олар: бірінші топ –өлі табиғат. Оған әлем кеңістігі, ауа, су, жер қойнауы немесе пайдалы қазбалар жатады; екінші топ –тірі табиғат. Оған түрліше ұсақ ағзалар, жәндіктер, өсімдіктер мен жануарлар әлемін кіргізеді. Тірі табиғатты кең мағынада алатын болсақ, оның құрамына, тіршіліктің дамуының ең жоғары сатысы –адам баласы да жатады. Ал шын мәніне келсек, адам биоәлеуметтік өмір дамуының жемісі; үшінші топ –топырақ. Топырақ өлі табиғатқа да, тірі табиғатқа да жатпайтын, өз алдына жекелей қасиеті бар ерекше табиғи зат. Топырақ арқылы табиғаттағы тіршілік байланысы іске асады. Ал, табиғатта тіршілік байланысы үзілсе, қандай жағдай болатыны өзінен-өзі белгілі.

Табиғатты аялаудың қажеттігін үйрететін, халық арасына тараған дәстүрлер өте көп, сан алуан.

2.Табиғатты қорғауға байланысты халық дәстүрлерінің келешек ұрпаққа тигізетін пайдасы

Педагогика ғылымының күрделі бір саласы –халық педагогикасын қай жағынан алып қарасақ та оның мақсат-мүддесі біреу: ол - адам баласын жақсылыққа жеткізу.

Халық педагогикасының алдына қойған мақсатының бірі – ел арасына кеңінен тараған табиғатты қорғауға байланысты халықдәстүрлерін педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, жүйеге келтіріп, жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану.

Ұрпақты туған жерін, өскен елін жанындай сүйетін, өлкенің келешегі үшін аянбай, тер төгіп қызмет атқаратын азамат етіп тәрбиелеуде халық арасына кең тараған табиғат қорғау дәстүрлерінің маңызы зор.

Ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келген зерттеулер арқылы халық арасына табиғатты қамқорлыққа алуға арналған дәстүрлердің сақталып келгеніне көзіміз жетті. Бірақ та заман өзгерісі кейбір табиғат қорғауға байланысты халық дәстүрлерінің көмескіленіп қалғанын көрсетіп отыр. Сонымен қатар еліміздің ірі қалаларында, жалпы табиғат қорғау дәстүрлерін толық мағынада елей де бермейтінін көріп, біліп жүрміз.

Ендігі мақсат –халық арасына тараған, кейбір жағдайда ұмытыла бастаған, табиғат қорғауға байланысты дәстүрлерді толық жинақтап, жүйеге келтіріп, олардың тәрбиелік мәнін ашып, жаңартып, ұрпаққа асыл қазына ретінде ұсыну.

Табиғат қорғау дәстүрлері - сан ғасырлар бойы халқымыздың еңбектенуінің арқасында өмірге келген асыл қазына. Бұл дәстүрлер –халықтың ақыл-ойының жемісі.

Н.Р. МУЛДАХАНОВ,
Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Биология және экология» кафедрасының доценті (Жазғасы бар)

Дамыған елдің болашағы — еңбекші қоғам

Расында, еңбек ету - адамның тек жеке бас пайдасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін де ерекше маңызға ие фактор болып саналады. Ел болып, еңсемізді тіктеген шағымызда еңбектің рөлін тағы бір қоғамдық деңгейге көтемуіміздің өзі — бір орында тұралап қалмаудың, алға ілгерілеудің амалы. Елбасының сөзімен айтқанда «Әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады».

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты бағдарламасын жариялады. Өз сөзінде: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы көз жетпейтін көкжиекте ойлап табылмаған. Бұл — практикалық, прагматикалық идея. Ол маған тіпті етене жақын, өйткені, мен қазақстандықтар жақсы білетіндей, өзімнің кәсіби жолымды «ақ саусақтар» секілді кабинетте де, паркетте де емес, жұмысшы-металлург ретінде бастадым. Ал бұл, атап айтсам, нағыз кәсіп болып табылады! Қанша жыл өтсе де, бұл еңбек мектебін ұмыту мүмкін емес. Бүгінде еңбек ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында, алдыңғы кезекке ілгерілетуі тиіс. Бағдарламаны жолдаудағы менің назарымдағы басты мәселе — әр қазақстандыққа қамқорлық көрсету» деді. Бұл құжат — әр азаматтың әлеуметтік әл-ауқатына жол ашатын әлеуметтік еңбек қатынастарының теңгерімді белгісі, еңбекке деген жаңа көзқарас.

Қазақстан Республикасында еңбек етіп жатқан азамат ретінде еліміз бүгінгі күнге дейін «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» сынды бағдарламаға мұқтаж болғандығын жасырмай айта аламын. Бұл идеяны жүзеге асыру жаңа қазақстандық қоғамның қалыптасуына апаратын жол болатындығы күмәнсіз. Мемлекеттің негізгі миссиясы — азаматтардың дәулетін өсіруге жағдай жасап, көмектесу. Ал оны іске асыру — әр адамның жауапкершілігі және еңбек етуге деген ынтыас.

Әлемнің әміршісі — еңбек екендігі сөзсіз. Тек еңбекпен ғана жеміс өніп, тек еңбек қана бар қиындықты жеңеді. Белгілі орыс ғалымы К.Д.Ушинский ең басты талаптардың бірі — еңбексүй-гіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынтылас болуға тәрбиелеу екендігін баса айтқан. Ғалым өз ойын «Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады» деп білдірді.

Біздің негізгі міндетіміз — ел экономикасын дамытуда және экономиканы жаңа сынақтарға дайындауда мейлінше өз үлесімізді қосу.

Мемлекетіміздің әл-ауқаты мен экономикасын дамытуда барлық еңбек түрі маңызды рөл атқарады. Соның бірі - жастарға кәсіби білім мен тәрбие беруші педагогтердің қызметі. Жоғары оқу орнының өкілі ретінде студент жастарға беріліп жатқан жаңа заманғы білім мен тәрбие - ел ертеңі үшін жасалынуы тиіс басты еңбек екенін айта аламын. Себебі, жастар — Қазақстанның болашағы. Ел ертеңі жастарға тәуелді болса, жастарға берілетін еңбек тәрбиесі тікелей педагогтерге тәуелді. Елбасының «тек жасампаз тіршілік әрекеті бар адам, отбасы, қоғам мен мемлекет өмірін жақсы жаққа қарай өзгерте алады. Толық қайтарымен жұмыс істейтін азаматтар ғана табысқа жетеді және өркендейді» деген сөздері бүгінгі таңда біздің еңбек етудегі басты ұранымызға айналып отыр. Студент жастарды еңбек етуге баулу студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарын ерекше атап өтуге болады. Бұл жобалар студенттердің кәсіби маман атанғанға дейін де ел патриоты болып, жеріміздің тазалығы мен әдемілігіне еңбек ету арқылы өз үлестерін қосуға баулу болып табылады.

Білімді болудың өзі үлкен еңбектің нәтижесінде келеді. Бұл ойды үш жүздің басын біріктіруде аянбай еңбек еткен Абылай ханның «Білекке сенген заманда — ешкімге дес бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деген нақыл сөзінен де көруге болады.

Елбасы бағдарлама соңын «Біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және күшті ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫН құруға бағытталуы тиіс. Шындықты мойындайық: болашақ ғасырда тек ЕҢБЕК қана барлық қазақстандықтардың ӘЛ-АУҚАТҚА және ӨМІР САПАСЫНА қол жеткізуін қамтамасыз ете алады. Мен қазақстандықтардың әлеуметтік жаңғырту саясатына қолдау көрсететіне, оның сыртында оны жүзеге асыруға барынша тікелей және мүдделі түрде атсалысатынына мейлінше сенімдімін» деп аяқтаған болатын. Елбасының қазақстандықтарға бұлай сенім артуы біздің де азамат ретіндегі жауапкершілігімізді арттырса керек.

Бұл сенімді әрбір қазақ, қазақстандық өз жүрегіне ұялатуы тиіс. Нәтижесінде, тәуелсіздігі тұғырлы, егемендігі ғұмырлы, экономикасы тұрақты, өзге елдермен терезесі тең қуатты мемлекетке айналамыз. Сондықтан да дамыған елдің болашағы қашан да еңбекші қоғам болмақ.

Мейрам ИСАТАЕВ,

мәдениет және өнер факультетінің деканы, магистр

19 октября – День спасателя

Несчастье приходит к людям нежданно-негаданно, внезапно: ПОЖАР! ПОЧЕМУ ГОРИМ?

Почему горим? Основные причины пожаров – это, прежде всего неосторожное обращение с огнем, шалости детей с огнем (каждый шестой пожар в жилом секторе происходит по вине детей), неисправность электрооборудования, нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печей и бытовых электроприборов, а также участвовавшие в последнее время случаи поджогов. Почти 50% «погорельцев» сгубил алкоголь. Нередко пожары возникают по причине курения в постели. Не раз приходилось слышать, что пожар – это случайность, от него не застрахован никто. Но это не так, чаще всего пожар – результат вопиющей беспечности, расхлябанности, халатного отношения людей к соблюдению правил пожарной безопасности.

АЗБУКА БЕЗОПАСНОСТИ

Действия в случае пожара (практические советы)

Запах дыма в подъезде:

1. Позвоните в противопожарную службу по телефону «101».
2. Если это не опасно, постарайтесь обнаружить очаг пожара, локализовать или потушить его подручными средствами.
3. Если из-за сильного задымления лестничной клетки воспользоваться лестницей для выхода наружу невозможно, то оставайтесь в квартире. Закрытая и хорошо уплотненная дверь надолго защитит вас от опасной температуры и едкого дыма. Во избежание отравления продуктами горения закройте щели дверей и вентиляционные отверстия мокрой тканью. Криками о помощи привлекайте внимание прибывших пожарных. Укрыться от температуры и дыма до прибытия пожарных можно и на балконе, закрыв при этом за собой балконную дверь.
4. Если горит ваша входная дверь, поливайте водой изнутри, а для организации тушения снаружи до прибытия пожарных позвоните по телефону соседям. Если в помещении много дыма, дышите через мокрую ткань, держась как можно ближе к полу.

Пожар в квартире:

1. Вызовите противопожарную службу по телефону «101».
2. Выведите из квартиры детей и престарелых, сообщите о пожаре соседям.
3. Если это не опасно, постарайтесь потушить пожар подручными средствами (водой, мокрой тканью).
4. Отключите электроэнергию электрорубильником (автоматом) в квартирном щитке.
5. Отключите подачу газа.
6. Во избежание притока воздуха к очагу пожара воздерживайтесь от открывания окон и дверей.
7. Если ликвидировать очаг пожара своими силами невозможно, немедленно покиньте квартиру, плотно прикрыв за собой дверь.
8. Прибывшему пожарному караулу сообщите об оставшихся в помещении людях.
9. При невозможности эвакуации из квартиры выйдите на балкон и криками о пожаре привлекайте внимание прохожих и пожарных.

Горит телевизор:

1. Отключите телевизор от электросети. Если из-за огня не подойти к электророзетке, то обесточьте квартиру электрическим автоматом или рубильником.
2. Сообщите о пожаре в пожарную охрану по телефону «01».
3. Если это не опасно, постарайтесь потушить пожар. Для этого

залейте телевизор водой через отверстия в задней стенке, стоя при этом сбоку от телевизора.

4. Если под рукой не оказалось воды, накройте горящий телевизор плотной тканью (покрывалом, одеялом). Без доступа воздуха



горение прекратиться.

5. Во избежание отравления продуктами горения выведите из помещения всех людей.
 6. Если справиться с пожаром не удалось, немедленно покиньте помещение, притворив за собой дверь.
- При загорании других электробытовых приборов действуйте таким же образом.

Пожар на кухне:

1. Если загорелся жир на сковороде, то по возможности переключите подачу газа или электроэнергии.
2. Накройте сковороду (кастрюлю) крышкой или плотной мокрой тканью. Оставьте сковороду остывать на некоторое время. Помните: в данном случае применять воду нельзя – горящее масло разольется на еще большей площади, и потушить пожар станет значительно сложнее.
3. При попадании горящего жира на пол или стены, используйте для тушения любые сыпучие подручные средства, например, стиральный порошок или землю из цветочных горшков.

Пожар в кабине лифта или лифтовой шахте:

1. Немедленно сообщите об этом диспетчеру, нажав на кнопку

В Послании Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» указано что коррупция - не просто правонарушение. Она подрывает веру в эффективность государства и является прямой угрозой национальной безопасности.

Во исполнение поручений Главы государства, содержащихся в Плате нации «100 конкретных шагов», был принят Закон РК «О противодействии коррупции», который вступил в силу 1 января 2016 году.

Коррупция - незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ.

Уголовная ответственность за коррупционные преступления предусматривается Уголовным кодексом Республики Казахстан

Статья 366. Получение взятки

1. Получение лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, или лицом, занимающим ответственную государственную должность, либо должностным лицом, а равно должностным лицом иностранного государства или международной организации лично или через посредника взятки в виде денег, ценных бумаг, иного имущества, права на имущество или выгод имущественного характера для себя или других лиц за действия (бездействие) в пользу взяткодателя или представляемых им лиц, если такие действия (бездействие) входят в служебные полномочия этого лица, либо оно в силу должностного положения может способствовать таким действиям (бездействию), а равно за общее покровительство или попустительство - наказывается штрафом в размере пятидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок до пяти лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

2. То же деяние, совершенное в значительном размере, а равно получение взятки за незаконные действия (бездействие) - наказывается штрафом в размере шестидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок от трех до семи лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, если они совершены:

- 1) путем вымогательства;
- 2) группой лиц по предварительному сговору;
- 3) в крупном размере;
- 4) неоднократно, - наказывается штрафом в размере семидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок от семи до двенадцати лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.
4. Деяния, предусмотренные частями первой, второй или третьей настоящей статьи, если они совершены преступной группой, а равно в особо крупном размере, - наказывается штрафом в размере восьмидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок от десяти до пятнадцати лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

Примечание. Не является преступлением в силу малозначительности и преследуется в дисциплинарном или административном порядке получение впервые лицом, указанным в части первой настоящей статьи, имущества, права на имущество или иной имущественной выгоды в качестве подарка при отсутствии предварительной договоренности за ранее совершенные законные действия (бездействие), если стоимость подарка не превышала двух месячных расчетных показателей.

Материалы подготовила Эльвира ХАБИЕВА,

член антикоррупционной комиссии

ЗКГУ им. М.Утемисова

«Вызов» в кабине. Если лифт движется, не останавливайте его сами, дождитесь остановки. Выйдя из кабины заблокируйте двери, чтобы никто не смог вызвать лифт.

2. Вызовите пожарную охрану по телефону «01». Если это не опасно, попытайтесь потушить пожар, при тушении пожара в кабину не входите, так как она может самопроизвольно переместиться в результате замыкания горящих проводов. Электропроводка в кабине находится под напряжением, поэтому тушить очаг пожара водой нельзя. Используйте для этого плотную сухую ткань, углекислотный или порошковый огнетушитель, сухой песок.

3. Если в результате короткого замыкания лифт остановился между этажами, поднимите шум, крик, стучите по стенам кабины, зовите на помощь. Попытайтесь зонтом, ключами или другими предметами раздвинуть дверь лифта и выбраться наружу.

4. При невозможности самостоятельно выйти из лифта до прибытия помощи закройте нос и рот новым платком, рукавами одежды. Сохраняйте выдержку и спокойствие, не поддавайтесь панике.

Ерлан ТУРЕГЕЛДИЕВ,

начальник Управления контрольной

и профилактической деятельности

в области пожарной безопасности

Департамента по ЧС ЗКО, майор гражданской защиты

Новые поступления в фонд Научной библиотеки ЗКГУ им. М.Утемисова



Тынибеков А., Караван [Текст]: исторический роман / А. Тынибеков, А. Тынибеков. - Астана: Фолиант, 2014. - 464 с.

Отты жылдар өзілдері мен аңыздары [Текст] / Ө. Озғанбай, К. Бекмағанбет. - Алматы: «Астана Медиа Пресс», 2015. - 264 б., 16 б. жап.



Есенберлин І., Қара Алтын (Маңғыстау майданы) [Текст]: роман / І. Есенберлин. - Алматы: Көшпенділер, 2002. - 240 б.

Мұқамәдиқызы Е., Махаббат жетегінде [Текст]: өлеңдер мен дастандар / Е. Мұқамәдиқызы. - Астана: Фолиант, 2010. - 288 б.



Қ а л и л а х а н о в Тәңірберген. Ақын Сара Тастанбекқызы [Текст] / Тәңірберген Қалилаханов. - Астана : Күлтегін баспасы, 2006. - 240 б.

Исабаев Н., Айналайын арманым [Текст]/ Н.Исабаев. - Алматы : «Мерекенің баспалар үйі», 2014. - 288 б.



Ораз Н., Үш таған [Текст]: поэмалар мен өлеңдер / Н. Ораз. - Астана: Фолиант, 2012. - 232 б. - ISBN

Хранитель жемчужин знаний, Духовных ценностей страны, Библиотекарь, признаемся - Мы в Вас и в книги влюблены! Пусть подарит жизнь в Ваш праздник Фантастические чудеса, Чтоб с романом, да с любовным В горы, в пламень, в небеса!

Книги мудрые на полках не пылятся И читателя всегда найдут, Если к сердцу сможет достучаться Тот, чей очень нужен труд. Вам, библиотекарям, так важно, На любой вопрос найти ответ. И плывет корабликом бумажным Драгоценный просвещения свет!



АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ САРҚЫЛМАС БАЙЛЫҒЫ...

Құрметті, Моты Еркінқызы және М.Әтемісов атындағы

БҚМУ ғылыми кітапхана қызметкерлері!

Сізді 15 қазан - кітапханашылар мерекесімен құттықтаймыз!

Кітапхана - ақыл-білім ордасы, Кітапхана - кітаптардың сарайы. Кітапхана ақыл-ойдың еңселі, Кітапхана сүйем мәңгі мен сені.

Кітап - білім бұлағы болса, сол білімнің көзін ашар кітапханашылар екендігі мәлім. Өздерінен инабаттылықты, шыдамдылықты және білімділікті талап ететін мамандық иелері - ол кітапханашылар. Шындығында, бұл іске әр кім әр түрлі жолмен келеді де, ұзақ жылдарға қалады. Адамды кітап сиқыры бір бауласа, ол кісі ол жерден ұзап кете алмайды. Айналып келе береді...

Егемендігімізді еңселі, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолында мәдениет саласының орыны ерекше, маңызы зор. Ұлтымыздың рухын көтеріп, мерейін асырып, мәртебесін асқақтатын да - мәдениет. Ал, ел мәдениетінің бір саласы – кітапхана.

Кітапхана - адамзат баласының рухани азығы, сарқылмас байлығы, ұлылық пен ұлағатқа жетелейтін дүниенің құнды қазынасы.

Ұлт жоспары

және елжанды мемлекеттік қызметшілердің жаңа кадрлық құрамын байқау және меритократия қағидаттары арқылы қалыптастырмайынша Ұлт Жоспарын жүзеге асыру мүмкін емес.

Енді мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметке төменгі лауазымдардан бастап тағайындалады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметшінің, біріншіден, маман ретінде саты-сатымен қалыптасып, кемелденуіне, екіншіден, халықпен етене жақындасып, қоян-қолтық араласуға, халықтың мұң-мұқтажын, арман-аңсарын түсінуге үйретеді.

Ұлт Жоспарының тағы бір айрықша игі қадамы – төменгі лауазымдарға қағидаттарды реттеу және олардың одан әрі лауазымдық өсуі іскерлік қасиеттері арқылы жүзеге асырылады. Меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметшілерді тағайындаудың

Жойқын бетбұрыс – жарқын болашақ

осындай либералды жүйесіне көшу – мемлекеттік аппараттың құрамы мен сапасын жақсартатыны сөзсіз.

«Бөрінен бұрын, жаңартылған заңнамалар қоғамның сот жүйесіне сенімін арттыруға ықпал ететін болады. Әділдік нақ сотта салтанат құратыны белгілі.

Қазақстан соттарын реформалаудағы темірқазық мәселе – сапалы судьялар корпусын жасақтау.

Судьялыққа кандидаттарды іріктеудің қатаң тетігі мен оларға қойылатын жоғары біліктілік талаптары заң тұрғысынан қарастырылған.

Сот төрелігін үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты әрі барынша дайындалған кәсіби шеберлер жүзеге асырулары тиіс». Сот төрелігінің тиімділігін арттыруға орай Елбасының айтқаны бұл.

Ал кезінде Әлихан Бөкейханов «Заң – адам пайдасына жазылады, адам – заң үшін тумайды ғой», деп құқықтық қағидаттың алдымен халықты

қорғауға арналатынын айта келіп, Жұртқа әділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына жұмсайтын, арам жемейтін, іс білетін, ел мүддесін ашық қорғай алатын болыс пайдалы» деп бүгінгіше айтқанда, судьяларға қоятын талаптарды түгендеп береді. Сөйтеді де, олардың тәуелсіз болуына да кеңінен тоқталады: «Биді кім болса содан қорықпайтындай, біреудің бетінің қызылына немесе біреудің жақсы жағасына қарамайтындай жағдайға қою шарт», дейді.

Бұл мақалада назар аударылған тағы бір маңызды мәселе, ұлт бірлігі. Өйткені, бүгінде әлемнің барлық дамыған елдері біртектілік пен бірлікті сақтаудың арқасында өркендеп отыр. Олар өздерінің жаңғыртушы жобаларын бұрыннан қалыптасқан біртектілік негізінде жүзеге асыруда. Елбасы бұл туралы пікірін былай

тұжырымдайды: «Біздің жолымыз – ол бірлік жолы және азаматтық біртектілік негізінде ұлтты дәйектілікпен қалыптастыру жолы».

Иә, Қазақстан көпұлтты мемлекет. Қазір 130-дан астам ұлттар мен этностар бейбіт өмір сүруде. Соның бәрі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың асқан парасаттылықпен жүргізген саясатының және мемлекет құрушы һәм құраушы ұлт – қазақ халқының кеңпейілділігі мен сарқылмас сабырының жемісі.

Бас мақала соңында Президент Н.Назарбаев Ұлт Жоспарын іс жүзінде жүзеге асыру кезеңі басталғанын, оның Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның бақылауымен жүретінін айтады. «Біз көптеген сынақтарға абыройлы төтеп бердік, шынықтық, рухымызды күшейттік. Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала Елін құрдық. Ұлт Жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз», -деді.



Мұртаза Ш., Жеті томдық шығармалар жинағы [Текст]. Т.1. Қызыл жебе. Бірінші, екінші кітаптар / Ш. Мұртаза. - Алматы: Қазығұрт, 2005. - 504 б.



Матайқызы Д.Т., Айналайндарым менің [Текст] / Д. Т. Матайқызы. - Алматы : «Мерекенің баспалар үйі», 2014. - 288 б.



Қожағұл С.О., Жанқожа батыр [Текст] : дастандар жинағы / С. О. Қожағұл. - Алматы : «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2014. - 332 б.

Исабаев Н., Өмірге құштарлық/ Н.Исабаев.- А.:ЖШС «Мерекенің баспалар үйі», 2012.-624б.-10 сурет



Жанқожа батыр туралы жырлар. Өлеңдер мен дастандар [Текст] / жалпы ред. басқ. Н. К. Нұрмаханов. - Қызылорда : [б. и.], 2014. - 332 б.

Джанузакова А.К., Самопознание [Текст]: методическое пособие / А. К. Джанузакова. - Астана: Фолиант, 2015. - 272 с.



Қрықбаева С., Халықтық көркемөнер шығармашылығы [Текст]: оқу-әдістемелік құрал / С. Қрықбаева, С. Оразалиев, Н. Адамқұлов. - Астана : Фолиант, 2015. - 208 б.

Түйін. Тоқсан ауыз сөзімізді тобықтап түйсек, «Өз күшіне сенбеген адам да, халық та ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды». Бұл – ХХ ғасырдың басындағы Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың туған халқын жігерлендіру үшін айтқан даналық сөзі. Ал енді бүгінгі ісіміз кешегі мақсаттың ұлы жалғасы. Бүгінгі қазақстандық арман – ертеңгі нақты өмір. Ендеше, кешегісін бүгінге, бүгінгі ертеңге ұштастырған халықтың болашағы да жарқын болуы тиіс. Өсірелеп, айшықтап айту емес, алға қойған мақсаттарды нақты жүзеге асырғанда осылай болатындығы белгілі.

Осы орайда жерлесіміз, ақиық ақын Қадыр Мырза-Әлінің «Ұлы мақсат қоймасақ алдымызға, Бола алмаймыз ешқашан ұлы халық!» – деген жыр жолдары еске түседі.

Қаншама азап пен тозақты көрген қазақтың маңдайына Ел болу мәселесі бұйырған екен, соны қалай пайдалану хан мен халыққа жүктелер ерекше сынақ. Осы орайда Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Мен Қазақстанның болашағына басымды тіккен адаммын!» деген сөзі ойға оралады.

Кемеңгер Кекілбаевша айтсақ, Біз тарихтың талай ұлт пен қоғамды мықтап сынаған қиын кезеңдерін бастан кешірген халықпыз. Біз үшін ең бастысы – тәуелсіздік. Тәуелсіз ел боп қала алсақ, жоқтықты да, қиындықты да, әділетсіздікті де жеңе аламыз. Ал оған дәтіміз шыдамаса – бөрінен де дөмемізді үземіз. Ең жаманы, өзіміздің ғана емес, кейінгі ұрпақтардың обалына қаламыз. Сондықтан, өз ел, өз жерімізде қазір болып жатқанның бәрі-бәрі көңілімізден шыға бермеді екен деп, тәуелсіздікті қолдан шығарып алмауымыз қажет.

Иә, науқастың сырқаты анықталмай оған дұрыс ем қонбайтыны сияқты Жоспардың негізгі мақсаты да «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалаудан туындап жатыр.

Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ,
М.Әтемісов атындағы БҚМУ-дың доценті, тарих ғылымдарының кандидаты



Кеше – бұл тарих,
Ертеңгі күн – құпия,
Ал, бүгінгі күн – бұл сый.
Омар Хайям

Өмірде түрлі сынақтар мен шешуі жоқшытырман сәттерге тап болғанда, айтатын ақылдары таусылмас әрдайым шәкірттеріне жанашырлықпен, көмек қолын соза білетін асыл да дара жан - ұстаздарымыздың арқасында тұлға кейпімізді сақтап, ұлылықтың жолын қуып, іздерін жалғастыра аламыз. Аяулы ұстаздарға қанша арнау айтып, жыр арнасақ та, мейлі басшы, мейлі ғалым болсақ та сені сол күнге ерен еңбегімен жеткізген ұстаз деген ұлы тұлғадан биік бола алмайтының сөзсіз. Оны ұстаздан тәрбие алған шәкірттер мойындап кеткен болатын. Әр жылдың күз мезгілінің алғашқы айында төл мерекелері тойланады. Осы орайда Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті



Ұстаз - ұлағатты ұрыс

жаратылыстану-география факультетінде қыркүйек айының 29 жұлдызында факультет оқытушыларына арналған концерт өткізілді. Шараға биология және экология, химия, география кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Кеш бастамасын жаратылыстану-география факультетінің деканы Сүлейменова Гүлнар Науханқызы оқытушылар құрамына деген ыстық ықыласты лебізді құттықтау сөзімен бастады. Шарамыз одан әрі сазды әнмен жалғасын тапты. 1-курс студенттерінен құралған бишілер тобы «Шалқыма» атты биімен ортаны қыздыра түсті. Шәкірттер өздерінің ұстаздарына деген шын ниетті құттықтауларын ортада көрсеткен өнерлерімен жеткізе білді. Мың бұралған биші қыздар, жез таңдай әншілеріміз бен студенттердің оқытушыларға деген алғыстары, құттықтау сөздері бейнебаян арқылы жеткізілді. Мерекенің сәнін биші қыздардың

флешмобы түрлендіре түсті. Соңында факультетіміздің белсенді студенттері өздерінің ауялы ұстаздарын вальске шақырып, оқытушылардың ыстық ықыласына бөлене білді.

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,
Осы сөзде таусылмайтын жылылық,
Әль-Фараби, Ыбырай мен, Ақанды
Осы сөз ғой қойған бізге ұлы ғып.
Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,
Тентектерді ақылменен емдейтін.
Болса дағы малға кедей өмірде,
Бар байлығым – шәкірттерім, сен дейтін - дей келе,
ұстаздарға деген шексіз алғысымызды ыстық лебізімізбен жеткізіп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер демекпіз.

Гүлдана ҚОШАН,
Химия мамандығының 3-курс студенті

«GO~ГЕОГРАФЫ»

1-курс географтарын студенттер қатарына қабылдау

Қазанның 14-і күні жаратылыстану-география факультетінің 1-курс географтарына арналған 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Go-географы» атты мерекелік шара өтті.

Концерт студенттік өмірдің қызықты сәттерін баяндайтын бейнероликпен басталды. Кейін факультетіміздің тарихымен және болашаққа бағдар беріп, білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаздарымызбен таныстырдық. Концерт барысында 1-курс студенттері мен кураторлары арасында қызықты ойындар ойнатылып, қоңыр дауыста гитараның сүйемелдеуімен орындалған ән мерекенің сәнін келтірді. Белсенділік танытқан студенттерді Алғыс хатпен марапаттап, біздің ізімізді жалғастырушы 1-курс студенттеріне білім кілтімен қоса студенттік билет тапсырылды.



І.Қ.САҚЫПКЕРЕЕВА,
география мамандығының 4-курс студенті

Қазанның алтыншы жұлдызында жаратылыстану-география факультетінің 1-курс химиктеріне арнап 2-4 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Студенттік сәт - қайталанбас шақ» атты концерт өткізілді.

Студенттік сәт – қайталанбас шақ



Концерт жаратылыстану-география факультетінің деканы Сүлейменова Гүлнар Науханқызының 1-курсарға арнаған жылы тілегімен ашылды. 2017 жылдың түлектерінің биі мен қоңыр дауыста гитараның сүйемелдеуімен орындаған әні мерекенің сәнін келтірді. «Геофак» жайдарман тобының қағытпа әзілдері де кештің көркін кіргізді. Химиктер бір-бірімен реакция арқылы тілдесе, соның бір дәлелі ретінде жоғары курс студенттері химиялық реакция топтамасын көрсетіп, «Химиктер» биін мың бұрала билеп берді. Кешімізді Гүлжан Бексұлтанқызы қорытындылап, студенттік өмірге аяқ басуларымен құттықтап, жүрекжарды тілегін білдіріп, «Химик» төсбелгісі мен студенттік билеттерді табыстады. 1-курс химиктерінің топ басшылары біліммен бірге қоғамдық және спорттық шараларға белсене атсалысып, жаратылыстану-география факультетінің атын тек жақсы жағынан көрсетіп, биік шыңдарға жеткізетіндіктеріне сендірді. 1-курстың алған әсерінен бұл күн студенттік өмірдің жарқын естелігі болып қалатыны сөзсіз.

Айым МЕҢДІҒАЛИЕВА,
Х-11 тобының студенті

Әрбір адам спортпен айналысуы керек. Өйткені спортпен үнемі айналысқан адамның дені сау, көңіл-күйі көтеріңкі болады және денсаулығы жақсарады. Жаратылыстану-география факультеті деканының кубогі үшін волейболдан қазан айының тоғыз күні жарыс өткізілді.

СПОРТ - денсаулық кепілі

Жаратылыстану-география факультетінің студенттік деканы Қонысбаев Абылай сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Бұл жарысқа жалпы 5 команда:

- 1)Биология мамандығынан»Бірлік»
- 2)География мамандығынан»Галактика»
- 3)География мамандығынан»Эверест»
- 4)Химия мамандығынан»Химикаттар»
- 5)2-3 курс студенттерінен құралған»Еркін командасы»

қатысты.

Жарыс өте қызықты да тартысты өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша: 1-орын және факультет деканы кубогімен «Бірлік» командасы, 2-орынмен «Эверест», 3-орынмен «Галактика» командалары марапатталды. Ойынға белсене қатысып, үздік өнер көрсетіп «Үздік байланыстырушы» атанған химия мамандығының 1-курс студенті Каби Айжарық, «Үздік ойыншы» атанған география мамандығының 1-курс студенті Қуанышов Жанболат, «Үздік шабуылшы» дипломымен Мурзағалиев Тимур марапатталды.

Айнара ВАЛИЕВА,
Химия мамандығының 1 курс студенті



Шынықсаң, шымыр боларсың!

9 қазан күні Орал қаласында ауқымды велошеру өтті. Қатысушылар сәрені Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – дан бастап, мәрені «Ақжайық» стадионында аяқтады.

Велошеруге қатысатын адам саны 500-ден астам адам болатыны жарияланды. Ресми түрде 700 адам қатысты. Жыл сайын өткізілетін бұл спорттық шараға қатысушылардың санының көбейіп келе жатқаны көңіл қуантарлық жаңалық. Велошеру Bolashak Bike Ride тақырыбымен «Болашақ» бағдарламасының түлектері ұйымдастырған, барлық жоғары оқу орындарындағы студенттер мен оқытушылар, қала жұртшылығы қатысып, өз үлесін тигізді.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Даришева Түймеш Малбағарқызы университетімізге сәттілік, ақ жол тілеп жастарымызды шабыттандыра түсті. Университетіміздің жалауын желбіреткендер қатарынан:»Серпін-2050» бағдарламасының М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дағы координаторы Тапаева Жанерке, студенттік ректор Жүсіпқалиев Дулат, БҚМУ студенттер кәсіподақ ұйымының төрағасы Кабдешов Алмаз, Н.Ө Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері Қошан Гүлдана, 1-курс студенттері: Мулдаханов Мурат, Қонысбай Ақжарқын, Қойжан Мейіржан, Гинатуллин Саят табыла білді.

Велошеру Алматы және Шымкент қалаларында да дәл осы уақытта өткізілді.

Велошеруден кейін Орал қаласы әкімінің орынбасары Алтынбек Кайсағалиев Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығымен құттықтады. Қатысушылар арасында мәреде 5 велосипед ойнатылып, екеуін спортшылар, КазИТУ студенті мен екі қала тұрғыны жеңіп алды.

Студенттерімізді тек қана білім мен қоғамдық жұмыс жағынан ғана емес, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанып, жыл сайын өткізілетін спорттық шараларға да белсене ат салысуға шақырамыз.

Гүлдана ҚОСБАРМАҚҚЫЗЫ,
Химия мамандығының 01301 топ студенті



Орал қаласы – еліміздің әкімшілік, мәдени, ғылыми, білім орталығы екені белгілі. Музей - мәдени мекеме, ол өткен тарих пен қазіргі тарихты, материалдық және рухани байлықтарды жинақтап, сақтайтын, жиналған құжаттар мен жәдігерлерді зерделеп, зерттейтін, оны келешек ұрпаққа жеткізетін, тәлім-тәрбие беретін әлеуметтік орын. 4 қазанда факультетіміздің ҚТӨ-13, Фил-13, ҚТОМҚТӨ-11 топ студенттері мен кураторлары –Сисенбаева Р.Ж., Ахатова Н.К., Тұрғаналиева Г.Г. Орал қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайына барып қайтты.

Ғасырлар қойнауынан шертілген сыр



Ғасырлар қойнауынан сыр шертетін Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі-170 жылдық тарихы бар көне музейлердің бірі. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1836 жылы құрылды. Музей орналасқан ғимарат 1879 жылы мавритан стилінде салынған сәулет ескерткіші болып табылады. 1-курс студенттері мұражай ішіндегі бөлімдермен танысты. Айта кетсек, ғылыми қор бөлімі; керме залымен; Кіші жүз тарихы залы; Бөкей Ордасы тарихының залы; Кеңестік тарихы кезеңінің залы; Батыс Қазақстан облысының білім мен ғылым, өнер мен мәдениет салаларының даму тарихы; археологиялық қазба жұмыстарынан шыққан б.д.д. IV-II ғғ. алтын өшекейлер; XVIII-XIX ғғ. ертедегі кітаптар, қолөнер туындылары, ұлттық киімдер, қазақ жауынгерлерінің қару-жарақтары; XYIII-XIX ғғ. ыдыс-аяқ; XVII-XIX ғғ.-икондар, казак әскери қарулары; казак әскерлерінің тулары; күйші Сейтектің домбырасының көшірмесі, Қазақтың тұңғыш заңгері Б.Қаратаевтың жеке заттары; Ақжайық өлкесінен шыққан ақын-жаузылар: Т.Жароков, Ж.Молдағалиев, Қ.Мырза Әлидің жазу құралдары; XVIII-XIX ғғ. зергерлік бұйымдары мен үй жиһаздары, суретшілер Хлудов, Ж.Аралбаев, С.Ғұмаров, М.Жоламанов, А.Гурьев т.б. суреттерін өз көздерімен көріп, тамашалап қайтты.

Сонымен қатар, ҚТӨ-11 кураторы-Алтыбайқызы М. Қадыр Мырза Әли орталығындағы ақынның мұражайына барып қайтты. Орал қаласында 2015 жылы ашылған Қадыр Мырза Әли орталығының мұражайында да болып қайтты. Ол жердегі Қадыр Мырза Әлинің жеке кітапханасы мен фото-суреттерін тамашалады.

Болашақ тіл мамандары өнер-білім, мәдениеттің ошағына айналған Орал қаласының мұражайларына барып, рухани азық жинап қайтты.

Менің-мәңгілік сағынышым!

Алланың басқа бұйыртқанын, маңдайымызға жазылған тағдыр жолымызды жүріп өту, бізге берілген жаман мен жақсыны мейілінше сабырлықпен шүкірлікпен қабылдау адамзат жаратылыстанан бергі келе жатқан заңдылық екені хақ. Бұл заңды талай ғасырлар, жылжыған жылдар, ағын күндер, сарылған сағаттардың өзі өзгерте алмасы ақиқат. Уақыт алға ұмтылған сайын «қолда барда алтынның қадірі» болмайтындығын, мынау қарбасласқан тірліктің қамымен жүріп, қымбат жандарымыздың бағасын кеш біліп, сан соғып қалатынымыз қасірет емес пе?! Тынымсыз сағаттың тілі, әр қозғалысы сайын бәрімізді ажал аузына қарай жетектеп бара жатқанын, жанымыздағы асылдарымызбен бір күні қоштасар күн туатынын, сол кезде барып өксіген өзегімізді өртейтінін, бірақ қалай болғанда да, ажал ығына мойын ұсынуымыз керектігін естен шығарып алатынымыз несі?!



Қанша жерден тағдыр дегенімізбен, басқа салғаны ғой деп көңілімізді басқанымызбен, ажал айырған жандардың елесі көңіл көкжиегімізде мәңгі өшпейтін бейне, сөнбейтін, басылмайтын сағыныш болып қалатыны шындық. Менің кішкене жүрегімнің сондай үлкен сағынышы, «енші уақыттың» емдей алмайтын, жазылмайтын жарасы бар. Ол біздің отбасының бөйтерегі болған, дауылдарда қорған болған, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, ессіз немересінің еркелігін көтеріп, ақылшым болып, аялы алақанымен, «айналайын» аузынан тастамайтын абыз атамның дүниеден өтуі еді. Дәл осы жағдай маған үлкен соққы болып тиді. Мен ғана емес, отбасымызбен есенгіріп қалғанымыз, абдырап, не істеп, не қоярымызды аңғармай аласұрған күйге түсіп, шаңырағымыз тым ауыр қайғы алып қалғаны бар. Мейлі қанша уақыт өтсін, кеудеде соққан жұмыр етте атама деген алып, риясыз сағынышым сақтала берері ақиқат. Дөңгеленген дүние дабылдан тоқтатпайтыны іспетті, менің жүрегім сізге деген мәңгілік сағынышын минут тұрмақ, тіпті бір секунд та дамылдатпақ емес. Осының бәрін сіз біліп, көріп тұрған боларсыз, көңіл жағалауында тұрақтаған, мынау дүниенің бөрінен артық, жаһанның жақұтынан қымбат менің-мәңгілік сағынышым!

Жанат НУРАНОВА,
ФҚТ мамандығының 2-курс студенті



29 қыркүйек күні ұстаздар мейрамына орай қазақ филологиясы факультетінде аға оқытушы, магистр Тұрғаналиева Г.Г. мен магистрлердің ұйымдастыруымен «Жыл ұстазы - 2016» фестивалі өтті. Бұл мейрам басқа мейрамдардан өзгешелігімен ұстаздардың да, шәкірттердің де есінде қалды.

Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы

Алдымен «Жыл ұстазы - 2016» фестивалін ашу үшін сөз филология факультетінің деканы, доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлына берілді. Одан әрі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының I курс студенті Сагиева Аяжан «Әриайдай» әнімен кеш көркін қыздыра түсті.

Фестивальде қазақ филологиясының 24 ұстазына номинациялар тағайындалып, табыс ету мәртебесі аталған факультеттің белсенді студенттеріне бұйырды. Олардың қатарында: Н.Назарбаев атындағы арнаулы шәкіртақы иегері Жұмабаева А.Ғ., Сагидуллаева С., студенттер кәсіподағының төрағасы Қабдешев А.Қ., Рахметова З.Қ., Таймұханова А.М., республикалық олимпиадалар жүлдегері Ғазез Н., «Махамбеттанушы» газетінің жас журналисті Латифова М., жас ақындар Сыдықов М., Батуова Р., «Филология» аруы байқауының жүлдегері Батыргереева Ж., «Талант» жайдарман құрамасының ойыншылары Қасым А., Базарбаев Н., старосталар координаторы Амангельдина А., IV курс студенті Марат Г., студенттер ғылыми қоғамының жетекшісі Туралиева Н., Қалдыбай Н., Жұмагелді Т., Салауатов Б., Лұқбанов М., филология факультетінің студенттік деканы Нұржанова Р. Болды.

Ұстаздарға берілген номинация қазақ филологиясының 2-4 курс студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде болды. Шәкірттері ұстаздарының қарым-қабілеті, сабақ жүргізудегі шеберліктері, еңбекқорлықтарына қарай мынадай номинациялар берді.

«Үміт» номинациясы – Сисенбаева Р.Ж.
Қалиева А.Т.
Алмағамбетова А.Н.
Сұлтаниязова И.С.

«Мейірімді ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Мұхамбетқалиева Р.Қ.
«Шебер ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Ержанова Ұ.Р.
«Еңбекқор ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., аға оқытушы Шайекенов Ж.Ж.

«Парасатты ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., аға оқытушы Аронов Қ.Ғ.

«Креативті ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Мүтиев З.Ж.

«Полиглот ұстаз» номинациясы – п.ғ.д., профессор Қыдыршаев А.С.

«Білімді ұстаз» номинациясы – ф.ғ.д., профессор Хасанов Ғ.Қ.

«Шыншыл ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Ниязғалиева А.Ә.

«Ұлағатты ұстаз» номинациясы – аға оқытушы Жолдықайырова М.Ж.

«Тіл жанашыры - 2016» номинациясы – Ниетова А.С.
Қабошева Н.А.

Дүйсенғалиева Н.Е.
Қадырғалиев Ж.Д.

«Ғылым жанашыры» номинациясы – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сұлтанғалива Р.Б.

«Іскер ұстаз» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Раманова А.А.

«Талапшыл ұстаз» номинациясы – докторант Ахатова Н.Х.

«Жаңашыл ұстаз» номинациясы – аға оқытушы Тұрғаналиева Г.Г.

«Өнерлі ұстаз» номинациясы – аға оқытушы Мусина Ж.Ғ.

«Үлгілі ұстаз» номинациясы – аға оқытушы Жұмашева К.Б.

«Жыл ұстазы - 2016» номинациясы – ф.ғ.к., доцент Шарабасов С.Ғ.

Шарабасов Серікқали Ғабдешұлы бақилық болса да ғұмырының бірнеше жылын ұстаздық жолына арнап, шәкірттерін білім нәрімен сусындатуда елеулі үлес қосқандығы аян. Ұлы ұстаздың филология факультетінде ғана емес, қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға тигізген еңбегінің зор екендігі айтылып, ардақты ұстаз жайында бейнеролик көрсетіліп, дүйім жұрт көз жастарына ерік берді.

Факультетіміздің I курс студенті Олжабай А., Жеткерова Н., Қалдыбай Н., Қарсақбаева А. ән айтып, би билеп, күй тартып көрермен қошеметіне бөленсе, «Талант» құрамасының ізін жалғаушы жас әзілкештері астарлы әзіл, қағытпа қалжыңдарымен мерекелік көңіл күй сыйлады. Осы орайда фестивальдің мінсіз өтуіне үлестерін қосқан жүргізушілер Оралтаева А. мен Ақнұрдың еңбегін айта кеткен жөн.

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.

Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иелік мәңгілік! деп ұстаздарымыздың төл мейрамына орай өткізілген фестиваль осындай әуезде нүктесін қойды. Университетіміздің барша ардагер ұстаздары мен профессор-оқытушылар құрамын мерекелерімен қазақ филологиясы студенттері атынан шын жүректен құттықтаймыз.

Сандуғаш САГИДУЛЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығының 3-курс студенті

МОЁ ПЕРВОЕ ВПЕЧАТЛЕНИЕ

После окончания школы и сдачи ЕНТ, перед абитуриентом появляется новый и более сложный вопрос, решающий его дальнейшую судьбу. Очень важно не ошибиться в выборе университета и профессии. Окончив школу, я решила поступить в Западно-Казахстанский государственный университет им. Махамбета Утемисова на филологический факультет.

Первый месяц нашей учебы пролетел очень быстро, весело и незаметно. Каждый из нас был в предвкушении первого дня в университете. С некоторыми из моих одногруппников я познакомилась на линейке, а с остальными в первые дни учебы. Каждый из нас – это личность, со своими взглядами и мечтами, но всех нас объединяет одна цель – быть достойным педагогом. Взрослая жизнь в университете очень сильно отличается от школьных будней. Поскольку учась в школе мы находимся под опекой родителей, а поступив в университет каждый начинает новую страницу своей жизни. Кто-то приезжает из другого города, многие из поселков, ну и конечно есть те, которые живут в самом городе и им не приходится так рано покидать родительский дом.

Студенческая жизнь очень захватывающая. Каждый день – маленькое приключение. Вместе с группой мы ходим в музей, библиотеки и просто проводим очень много времени вместе. Наша группа, словно маленькая семья, которая вместе готовится к различным праздникам и мероприятиям, некоторые из нас посещают кружки при университете. Поступив в университет, я продолжила заниматься своим хобби – дзюдо. Появилось много новых друзей и знакомых. Мне очень нравятся педагоги нашего



факультета. У них огромный опыт, благодаря которому лекции и практические занятия становятся интересными. Учеба в университете намного сложнее учебы в школе, но гораздо интереснее. На каждой паре и на каждом семинаре ты стараешься взять что-то для себя. В твоей жизни появляются новые слова, такие как: пара, лекция, семинар, рубежная неделя, сессия и др. Кто бы что ни говорил, но студенческие годы самые незабываемые. Я рада, что у меня есть возможность обучаться в этом университете.

Карина АЛИМОВА,
студентка группы ИЯ-12

Ұстаздардың ұстазы

**Ұстаз деген – жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген – анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.
Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иелік мәңгілік!**

Қанжан Беймұханқызы Болатова 1946 жылы қазан айының 7 жұлдызында Орал облысы, Камень ауданы, I Шежін ауылында дүниеге келген.

1964 жылы II Шежін орта мектебін үздік аяқтап, сол жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға түседі. 1969 жылы аталмыш институтты «география-биология» мамандығы бойынша тәмамдап, Қазақ ССР Ағарту министрлігінің жолдауымен жаратылыстану-география факультетінің «Зоология» кафедрасына оқытушы ретінде қызметке қалдырылды.

Қанжан Беймұханқызы биология саласындағы базалық және кәсіби пәндер бойынша ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары дәрежеде қазақ және орыс тілінде мазмұнды дәрістер оқып, зертханалық, практикалық сабақтар жүргізеді. Теориялық білімнің маңыздылығы мен құндылығы оның практикамен ұштасуында және студенттердің кәсіби деңгейде қалыптасуында педагогикалық сараманның ықпалы зор деп есептейтін Қанжан Беймұханқызы дала сараманы мен педагогикалық сарамандарға да жетекшілік жасап, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі

болашақ ұрпақтарын тәрбиелейтін білікті ұстаздар мен мамандар даярлау ісіне сүбелі үлес қосып келеді.

«Омыртқасыздар зоологиясы», «Экология негіздері», «Эволюциялық ілім», «Биоэкология» т.б. пәндерден білімі мен ғылымын шәкірт зердесіне құю үшін жан жақты, ғылыми әрі педагогикалық тұрғыда ізденіп, оқытудың инновациялық формаларын шебер қолданатын білікті әдіскер ретінде танымал. Осы уақытқа дейін бітіргеніне 20-30 жыл болса да биолог мұғалімдер Қанжан Беймұханқызының өткізген әрбір дәрісі мен сабақтары, тәрбие сағаттары басқа да ұйымдастыру шараларының сапалылығы, сан қырлылығы, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шебер құрылғандығын жылы лебізбен осы уақытқа дейін атап өтеді.

Қанжан Беймұханқызы ұзақ жылдар бойы Солтүстік Каспий маңы өлкесінің жануарлар биоалуантүрлілігі мен оларды қорғау проблемалары, сондай ақ мектепте және жоғары оқу орындарында биология пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық конференцияларда баяндалып, көптеген халықаралық, республикалық, аймақтық басылымдарда 80-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Соның ішінде «Батыс Қазақстан облысының жануарлар әлемі», «Батыс Қазақстанның сирек кездесетін жануарлары», «Омыртқасыздар зоологиясынан оқу-дала сараманы», «Эволюциялық ілім» тәрізді оқу және оқу-әдістемелік құралдары үлкен сұранысқа ие.

Қанжан Беймұханқызы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, 30-дан астам диплом жұмыстарына жетекшілік жасайды. Аймақтық және облыстық деңгейдегі ғылыми конференцияларды ұйымдастыру алқасының мүшесі ретінде қоғамдық қызмет атқарады.

Қанжан Беймұханқызы оқушылар мен оқытушылардың шығармашылығын дамыту, ғылыми ізденіске баулу бағытында педагогикалық кадрларды қайта даярлау институты және облыс мектептерінде дарынды балалармен жұмыстанып, оларға арнайы курстардан сабақ береді. Облыстық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауының биология бағыты бойынша тұрақты қазылар комиссия мүшесі болып табылады.

Қанжан Беймұханқызы «Адам және жануарлар зоологиясы, анатомиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі (1999-2003жж.), Педагогикалық институт директорының орынбасары (2005-2007жж.) болып қызмет атқарған. Екі мәрте Ленинград қаласындағы Герцен атындағы пединститутында (1979ж., 1987ж.) және «Экология» мамандығы бойынша Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дан 2003 жылы біліктілікті арттыру курсынан өткен.

Ол ұйымдастырушылық қабілетімен, еңбекқорлығымен, өз ісіне жауапкершілігімен, қызметіне адалдығымен әріптестер және студенттер ортасында сыйлы. Жас оқытушылардың тәлімгері ретінде өз ғылыми-зерттеу педагогикалық және әдістемелік іс-тәжірибе нәтижесімен бөлісіп, олардың кәсіптік тұрғыдан шыңдалып, маман ретінде



қалыптасуына көп көңіл бөледі.

Қанжан Беймұханқызы «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (1992ж.), ҚР Білім министрлігінің «Отличник Образования РК» төсбелгісімен (1995ж.), «Ы. Алтынсарин» белгісімен (2007ж.) марапатталған.

Аяулы Қанжан Беймұханқызы! Сізді тағы да мерей- тойыңызбен құттықтап, деніңізге саулық, өміріңізге адамзатқа тән БАҚЫТ атаулының бәрін тілейміз. Еліміздегі маңдайалды білім мен ғылымның шаңырағына айналған іргелі білім ордасы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қызметіңіз жемісті, мәртебеңіз биік, абыройыңыз асқақ болсын!

Жаратылыстану-география факультетінің ұжымы

«Здоровый человек – национальное достояние!»

- уверен Владимир Леонидович Мельников. И эту позицию он отстаивает не только на словах. Активный поборник здорового образа жизни, действующий спортсмен, обладатель звания «Лучший преподаватель года», многократный чемпион РК по Президентскому многоборью, он вновь порадовал своих коллег золотой медалью и званием абсолютного чемпиона РК по Президентским тестам.

Второй чемпионат РК по Президентским тестам прошел в г. Таразе с 30 сентября по 6 октября, в котором приняли участие команды из 12 областей. По общекомандным результатам Западно-Казахстанская область заняла 5 место.

Спортсмен Мельников, выступавший в возрастной категории «60 лет и старше», по всем

достижений заниматься дано не каждому. Однако заниматься физкультурой, по мнению Владимира Леонидовича, для поддержания своего организма в тонусе необходимо каждому человеку.

-Моя позиция такова: здоровый человек – это национальное достояние. И эта идея должна

уюду сиюминутных желаний нарушать режим, и режим питания, сна в том числе. Спорт лично для меня – это не только возможность показать свои возможности, но и самодисциплина. Благодаря спорту в человеке формируются такие качества, как выдержка, педантичность, устойчивость к стрессам, целеустремленность и целенаправленность деятельности.

Владимир Леонидович является выпускником нашего вуза, тогда еще Уральского педагогического института. Кандидатскую защитил в Институте физиологии АН КазССР в Алматы.

-В Уральске были очень хорошие кадры высокого уровня. И одним из них являлся Виталий Григорьевич Грибанов, руководитель дипломной работы, в те годы заведующий кафедрой физиологии, затем декан естественно-географического факультета. Мы студентами писали кардиограммы на электрокардиограф, на занятиях использовали реоплетизмограф для записи сосудистых реакций, электроэнцефалограф и многое другое. Анализировали данные, рассматривали реограммы, проводили анализ крови. Все это являлось частью практических работ студентов-физкультурников. Делали опыты на лягушках, зимой доставляли их из Алматинского вивария, зоокомбината, где выращивали лягушек. Заниматься спортом, физкультурой невозможно без знаний основ физиологии, без научных изысканий. К сожалению, сейчас у наших студентов нет такой возможности.

Но работа, спорт – это еще не вся жизнь. В свободное время любит сходить на рыбалку, прогулки по лесу, с большим удовольствием собирает грибы, ягоды. А на вопрос, где он находит на это время, он ответил:

-Я планирую свою жизнь, и творческие порывы вполне управляемы. Четкая система планирования и выполнение поставленных задач. Этого требую от детей, студентов. А еще меня не отвлекают незапланированные звонки, потому что у меня нет сотового телефона.



видам соревнований получил призовые места, в том числе кросс – бронзовая медаль, плавание – бронзовая медаль, стрельба – серебряная медаль, прыжки в длину с места – серебряная медаль, силовая гимнастика – золотая медаль.

Говоря о культуре, нельзя забывать о важной составляющей этого понятия – физической культуре, культуре здорового отношения к себе. Спорт, в отличие от физкультуры – это показатель физических сил человека на грани возможного.

Известно, что спортом высоких

поддерживаются на всех уровнях, потому что здоровая нация – это главное условие успешного государства. Для сравнения: 4% ВВП тратится государством на выплаты больным, и столько же – на образование. Конечно, должна быть мотивация быть здоровым. Будь моя воля, платил бы за здоровье. А если серьезно, считаю важным личный пример. Я не стану в

ТЕАТР - өмір көріністерінің айнасы



Республикалық театрлар фестивалі Иран Ғайыптың халық композиторы, ақын әрі әнші Мұхит Мереліұлының 175 жылдығына арнап жазған «Өн-Мұхит» драмалық дастанының премьерасымен ашылды. Рухани азық алатын, жан дүниені бір серпілтіп, жаныңды рахатқа бөлейтін спектакльдерге Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушылары шақырылды.

Фестивальге Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры (Орал қаласы), Ғ.Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театры (Алматы қаласы), Оңтүстік Қазақстан орыс театры (Шымкент қаласы), Абай атындағы мемлекеттік қазақ музыкалық театры (Семей қаласы) қойылымдарымен қатысып, халыққа рухани мол азық сыйлады.

Альфия ЖАКСЫҒАЛИЕВА,
тәрбие жұмысы жөніндегі
бөлім жетекшісі

ПОСВЯЩЕНИЕ В СТУДЕНТЫ

Этот праздник не отмечен ни одним календарем, но празднуют его ежегодно тысячи студентов. Именно в этот день первокурсники, освоившись в новом учебном заведении, впервые берут в руки студенческие билеты и клянутся в верности своему университету, обещают высоко нести звание студента – покорителя самых высоких вершин знаний.

12 и 13 октября в актовом зале здания «НурОтан» было особенно торжественно, волнительно и радостно. Шесть факультетов ЗКГУ им. Махамбета Утемисова пополнили свои ряды. Торжественно прозвучали слова Клятвы студента ЗКГУ, и дружное троекратное «Клянемся!» первокурсников навсегда скрепило сердца вчерашних школьников с родным вузом.

Каждый факультет подготовил приветствие своим «первашам», как снисходительно зовут старшекурсники. И каждый факультет постарался выставить себя с лучшей стороны. Шутки, сценки, фокусы, песни, танцы – чего только не придумывают таланты университета! Перед первокурсниками была развернута вся палитра жизни университета. Это возможность



Призвание

Очерк о настоящем человеке

Моя первая встреча с Галиной Анатольевной Донсковой состоялась первого сентября на первом курсе. И даже сейчас, на четвертом курсе, помню каждое мгновение того дня.

Колледж, где я получил инженерное образование, служба в армии и работа на заводе приучили меня к чисто мужскому коллективу. Было немного неловко видеть молоденьких девчонок, моих одногруппниц. Признаком, был сильно смущен, ведь я был единственным представителем сильной половины человечества! Но тут в аудиторию вошли преподаватели кафедры русской филологии – эта «тяжелая артиллерия» филологического факультета, гордость университета. Краснея и смущаясь под взглядами хихикающих девчонок, сидя за первой партой, я старался не смотреть в сторону одногруппниц и молился всем богам, чтобы не выглядеть в их глазах «последним из могикан», ища поддержку у вошедших. Рассматривая преподавателей, я сразу обратил внимание на высокую, статную женщину с длинной косой. Видимо, мои молитвы были услышаны, потому что, когда заговорила Галина Анатольевна Донскова, все внимание аудитории переключилось на нее, да и я заслушался, попав под чарующую мелодию ее голоса.

Безусловно, много достойных преподавателей, о которых можно написать, но Галина Анатольевна на все годы моей учебы осталась самым любимым преподавателем.

Когда-то, девчонкой, воодушевленная книгой Олжаса Сулейменова «Аз и Я», она твердо решила связать свое будущее с наукой филологией.

Сегодня Галина Анатольевна является кандидатом филологических наук, доцентом кафедры русской филологии ЗКГУ и достойным продолжателем династии учителей Донсковых.

Несмотря на мягкий и добрый характер, в ней чувствуется внутренний стержень мужества, отваги и воли. Не каждый мужчина решится заступиться за слабого человека на улице и разогнать шайку гопников, как сделала она. Сказать, что я был удивлен, услышав эту историю, значит, ничего не сказать. При этом она остается интеллигентной, обходительной, тонкой. И всегда толерантна. Я никогда не видел ее озлобленной, ругающей студентов или подавленной. В ней столько энергии, столько позитива «в свои пятьдесят с большим хвостиком», как она говорит, трогая свою длинную косу.



Я уверен, она даст фору нам, молодым. И это не пустые слова. Она может быть руководителем 7-8-ми дипломников, готовить какой-то доклад для очередной научной конференции, вести семинары, лекции и уделять время большой семье. А, проверяя работы студентов, ночью в интернете найти интересную статью, потом утром рассказывать взахлеб о ней студентам.

Мне кажется, мало в жизни найти себя, мало любить свое ремесло, нужно быть одержимым своим делом. Именно одержимым в хорошем смысле этого слова, а иначе я не могу объяснить ее отношение к профессии.

С ней можно говорить о чем угодно, она знает абсолютное все. Человек-энциклопедия! Человек-Google. Она умеет поддерживать, после разговора с ней лично я чувствую себя окрыленным, и кажется, что нет таких вершин, которые не покорились бы мне.

Для учителя самой настоящей наградой, я думаю, является благодарность ее учеников. И я знаю также, что все, кто когда-то был учеником Галины Анатольевны, испытывают благодарность. Печально осознавать, что скоро я расстанусь не только с любимым преподавателем, но и с родным университетом, ибо судьба опять закинет меня в очередной коллектив. Где, наверное, я буду вымаливать опять у бога какого-то человека, как когда-то в первый день в университете. И пусть бы этот человек будет хоть немного похож на Галину Анатольевну Донскову.

Нурдаулет ЕРБУЛЯКОВ,
русская филология, гр. 03406



проявить себя в самых различных сферах. Вокал и хореография, театр и спорт, дебатный клуб и студенческая наука, журналистика и общественная деятельность, студенческий стройотряд и движение «Жасыл ел», студенческое самоуправление. Для каждого найдется дело по душе!

Этот учебный год особенный. Первокурсниками они стали в год 25-летия Независимости Республики Казахстан. Желая новым студентам побед и высоких достижений, надеемся, что они навсегда запомнят этот яркий момент в их жизни!

Қайырымдылық жасау ізгіліктің басты көрінісі мен асыл қасиеттердің бірі болып табылады. Алла тағала Адамзат баласына он екі мүшесін сау қылып берсе, енді біреулерін жарым жан қылып сынайды. Бес күндік жалғанда төрт құбылаңыз тең бақытты жандардың, жақсылардың санатында боламын десеңіз - жүрегіңізде қайырымдылық оты сөнбеуі шарт екенін ұмытпаған жөн. Бақыт кілтін табу үшін қайырымдылықпен айналаңызға мейлінше жақсылық жасап, махаббатпен қарауды, қолыңыздан келгенше көмек көрсетуді дағдыға айналдырғаныңыз дұрыс болады.

Қайырымдылық - кісіліктен


Қайырымдылық, жақсылық қай кезеңде де адам баласына тән қасиеттер болған. Қолдан келгенше көмек беру қай адамға да тән. Менің мамандығым тікелей адамдарға көмектесу болғандықтан, қазірден бастап әр түрлі адамдармен жұмыс жасап, көмектесіп, үйреніп келемін. Солардың бірі Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы. Ол кітапханаға тағдырдың қатал сынынан қағажау көріп, қос жанарынан айырылған, адам көмегіне тәуелді болған адамдар келеді. Кітапханаға алғаш келгенде Айжан Қайратқызы мен Гүлжан Максотқызы кітапхананың барлық бөлімдерімен, қызметкерлерімен таныстырып шықты. Кітап қорында әдебиеттердің барлық түрі қамтылған, сонын ішінде жайпақ баспа, бедерлі нүктелі дыбыстандырылған, электрондық ресурс түрінде әдебиеттер және бедерлі графикалық құралдар бар.



Мұнда әр түрлі шара, акциялар өтіп тұрады. Сол арқылы зағип азаматтардың бұл өмірге деген көзқарастарын өзгертіп, қоғамнан шет қалмағандарын түсіндіруге тырысады. Мен де тағдырдың төлкегіне ұшыраған азаматтарға өз қолымнан келгенше көмектесіп, жүздеріне күлкі, жандарына жылу ұялатқым келеді.

Гүлсана ТЫНЫШТЫҚОВА,
педагогика және психология
мамандығының 3-курс студенті

Мейірімді бол, күлімде, алға ұмтыл...



Өзімнің басымда мынандай жағдайлар өте көп орын алады. Үйден күлімдеп шығамын, автобустан түсіп, сабаққа барғанша, бүкіл көңіл-күйім жоқ болады. Таңның атысы айқай, ұрыс-керіс, қай адамға қарасаң да мұң, қайғы, агрессия, қабақтарынан қар жауып тұрады. Мамандығым психолог болғасын ба әйтеуір әрқайсысын көрген сайын не үшін дәл осылай көңілсіз жүр екен? Таң атпай мұнша ашуланатындай басына қандай күн туды екен деп ойлаймын? Жастар үлкенге орын бермейді, үлкендер үлкендігін көрсетіп сабыр сақтай алмайды, кішкене тиіп кетсең, **шап өте түседі**, бәрі бірдей емес, әрине, алайда бұл - көңіл қуантарлық жай емес.

Әйгілі психолог Дэйл Корнеги өзінің «Как стать мастером общения с любым человеком, в любой ситуации» атты кітабында кез-келген нәрсеге шағымданып, анығын айтсақ, шыбыннан піл жасайтын адам жөнінде бір мысал келтіреді. Ол адам таңертең жолдан екі аяғы жоқ мүгедекті кездестіреді. Мүгедек оған «Қайырлы таң, сэр! Күн керемет екен, солай емес пе?» деп күлімдегенде, ол өзі үшін қатты ұялады. Ол өзінің ең бай адам екенін түсінеді, себебі, оның екі аяғы бар болатын.

Дәл осындай жағдай өзімнің басымнан да өтті, анаммен Ақтөбе қаласына барғанмын, базарда жүргенімде алдымнан жас шамасы 25-тер шамасындағы жігіт салқын көжені арбаға

салып сатып жүр екен. Сол уақытта оның мүгедек екенін көріп «өте мықты жігіт екен» деп өтіп кеткенмін. Анаммен шәй ішіп отырғанымда дәл сол жігіт көжесін есік алдына қойып, біздің жанымыздағы үстелге келіп отырды. Қозғалуы мен қимыл жүйесі бұзылған екен. Үйленген, қолында неке жүзігі де бар. Ұқыпты киініп алған, әмиянынан ақша санап отырды. Ол жігіттің өмірге құштарлығын, еңбекқорлығын көріп қатты таң қалдым. Жер бетінде осындай өмірге құштар, үлгі аларлық адамдар көп болса, көше кезіп, арақ ішетін, екі аяқтың, денсаулықтың, отбасының, ата-ананың, баланың қадірін білмейтіндер жоқ болса ғой деп ойладым.

Айтайын дегенім, кез-келген кішкентай нәрсеге қамықпай, бар нәрсеге қанағат етіп қуана білейік. Бір-бірімізді ренжітпегуге, біреудің сыртынан ғайбаттамауға тырысайық. Аузыңнан шыққан әрбір сөз, біреудің жүрегіне тікен болып қадалатынын есте сақтайық. Сенің ойланбай айтқан әрбір сөзің жүрегі өте нәзік адамды суицидке апаруы мүмкін. Біздер дем ала аламыз, көз тартарлық әдемі нәрселерді көре аламыз, таңда күннің ұясынан атқанын, түнде жұлдызды аспанды тамашалай аламыз, әдемі әуендерді естіп, оларды қайталай аламыз. Керемет-керемет кітаптарды оқи аламыз. Отбасымыз аман. Рас, мені папамның ауырып, ерте қайтқаны қамықтырады, алайда кез- келген кезде жанымнан табылатын анам, папамның тұяғы, біздің қорғанымыз, отбасының тірегі- інім бар. Мен жақсы көретін, мені жақсы көретін адамдар өте көп, дәл солай сізді жақсы көретін, сіз жақсы көретін адамдар да бар. Мұның өзі бақыт емес пе?

Инжу СЕМБИЕВА,
педагогика және психология мамандығының
06304-топ студенті

ҚАЙЫҢ ҒҰМЫР

Биыл жазда ауылға барған Айдана өзі оқыған мектебінің жанынан өтіп бара жатып шошып кетті... Жыл сайын жазда келгенде желмен баяу сыбдырлап, сыр шертіп тұратын аққайыңдар мен тал-теректердің жартысы кесіліп қалыпты. Осы мектеп ауласынан орталық баққа қарай созылып жатқан ұзын аққайыңдар ерекше сымбатты болатын. Аққайыңдарды осыдан 20 жыл бұрын Айдана мен Айнара мектепте оқып жүргенде өз қолымен еккен. Иә олар бір үйдің баласындай егіз ескен жандай дос еді. Ол кезде бұл ауыл кішігірім совхоз болатын. Шап-шағын ауылға жақын жерде кішігірім Шідерті өзені ағып жататын. Көктем сайын осы өзенге балықтың неше шұрайы келетін. Өздерімен құрдас балалар судан балық ауласа, қыздар қаздың баласындай суда асыр салатын. Табиғат қаймағы бұзылмаған тұп-тұнық қалпында еді. Өзен бетінде мың сан түрлі құстар шұрқырасып жататын. Жаз бойы ауыл маңы көкпеңбек боп құлпырып тұратын.

Ауыл әкімі Бақберген Оразов аңқылдаған ақкөңіл, жүрегі жұмсақ адам еді. Өзінің табиғатты сүйетіндігі сонша, қоршаған ортаға қаскөйлек жасаған адаммен жаны қас болатын. Үнемі ауыл жиналысында немесе мектеп оқушыларымен кездесу барысында табиғатты қорғау мәселесін бірінші кезекке қойып, баяндама жасайтын.

Бір жылы қала орталығынан аққайыңдар мен тал-теректердің шыбықтарын өкеліп, ауыл ортасынан бақ жасатып, ауыл шетіне ектірген болатын. Айналасы бес-алты жылда ауыл орталығы демалыс орнына, ауыл шеті бейне бір жасыл желекке айналған-ды. Әрине, Айнара мен Айдана да осы баққа келіп, жастық жігермен алдағы армандары мен мақсаттарын, еш жанға бөліспес сырларын да осы саябаққа келіп шертісетін. Екі дос жоғары білім алып, бірге жүреміз деп серттескен. Үәделі сөз желге ұшып кеткендей ме, қалай? Олай болмаса па еді, егер қарғыс атқыр сол аудандағы кешкі отырысқа бармаса!

Мектеп бітіру кешінен соң Айдана мен Айнараны аудандағы дос құрбылары қонаққа шақырған болатын. Сол күні Айдананың да көңіл-күйі әлденендей қобалжулы еді. Жолға шыққан екеуі жол апатына ұшырады. Аңсаған арман, мақсат, мұрат...

Екі достың бірі сал ауруына шалдықты. Аңсаған арман мен мақсаттарға жеткізер қос аяқты дәрігерлер кесіп тастады. Уақыт бір орында тұрмаса керек. Айнара қаншама күн қиналды, жүрегі жан жылады. Досы Айнараның: «Арманымыз желге ұшпасын. Ең болмаса сенің арманың орындалсын, менің арманым сенің арманың емес пе?!»-деген сөзінен кейін Мәскеу университетіне жол тартты. Біраз айдан соң жазғы демалысқа келген Айдана досын ауылдан таба алмады. Ол отбасымен көшіп кеткен екен.

Содан бері талай жылдар өтті. Табиғат та, адамдар да, заман да өзгерген. Қазір ауылда ағатын өзен жоқ. Суалып, құрғап қалған. Өз қолдарымен отырғызған аққайыңдар мен тал-теректер де адамдардан озбырлық көріп, кесіліп қалған. Осы саябаққа келсе болды, Айнараны сағынатын. Өздері қыдырған айлы түнде балалық армандарын бөліскен саябақта Айдана қазір жалғыз. Кенет Айдананың көңілі босап, отыра қалып жылағысы келді. Айнара досының өмірі бейне бір осы аққайыңдармен, тал-теректермен егіздей көрінді.

Айдана досын сағынды, көрсем деп аңсады, бірақ бәрі құр елес.

Ол кесілген ағаштардың ортасында көңілі алабұртып ұзақ жүрді. Әлі қанша жүрсе де ой ұшына жетер емес...

Қайыңдар, тал-теректер. Саябақ...

Назерке МАХСOTOBA,
ҚТӨ-13 тобының 1-курс студенті

АУЫЛҒА САҒЫНЫШ

Ауыл туралы әңгіме басталса болды, жүрегім елжіреп, асыр салып ойнаған балалық шағым есіме түседі. Шіркін, қайта келмес балалық шағым-ай! Ауылда жүрген кезде өзінді еркін сезінесің, қасында жүрген жандар, қаз-қатар тізіліп тұрған үйлер - бәрі-бәрі ыстық көрінеді. Әсіресе, ауылымның әсем табиғаты мені бір мақтаншымға бөлейді.

Оқу бітіріп, қалаға келген кез басқаша. Ауыл мен қаланың айырмашылығы жер мен көктей. Қалаға келіп, студент болып, үлкен ортаға бейімделіп, өзінді-өзің тәрбелейсің. Ауылдағы уайымсыз күлкіңді, балалық шағыңды ауылға қалдырып, үлкен өмірге қанат қағып, қызығы мен шыжығы мол, қуанышы мен қайғысы қатар жүретін студенттік кезеңді басыңнан өткересің. Жаңа орта, жаңа достар - бәрі де бір өзгеше дүние. Ауыз толтырып айтар студенттік кезеңнің қызықтары жатақханада өтеді. Жатақханада бәрі бір үйдің балаларындай араласып, әрдайым көмектесіп жүреді.

Студенттік шақта ауылдағыдай қарның тоқ, уайымсыз жүрмейсің. Бір нанды бөлісіп жейтін, бауырындай қамқор болатын достарың табылады. Сабақтан шыққанда жатақханаға баруға асығып, достарыңмен бүгінгі болған оқиғаларды айтып, шүйіркелесе әңгіме айтасың. Бірақ, қалада жүргенде өзінді ауылдағыдай еркін сезінбейсің. «Аққу көлін аңсайды, адам туған

КӨРКЕМ ~ Біздің уақтанышымыз

Көркем 1998 жылдың 10 мамырында Батыс Қазасқтан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласында дүниеге келген. Ақсай қаласының №6 ЖББОМ-ның түлегі. Көркем спортқа кішкентай кезінен бастап араласа бастаған. 6-сыныпта «Дзюдодан» бастау алып, одан кейін мектеп секциялары: волейбол, баскетбол және жеңіл атлетика түрлерімен айналысқан. Аудан, облыс чемпионы дәрежелерін мектеп кезден қанжығасына байлап, бүгінде белді спортшылардың қатарында. Орал қаласында өткен «Коломоецтың туған күніне арналған жарыста 55 келідегі салмақ дәрежесі атанып, «КМС» атағына ие болған. Қазіргі таңда №4 БЖСМ-дағы тренировкасына үзбей барып жүр. Бүгінгі таңдағы бапкері - Ибатов Мұрат. Көркемге бағыт-бағдар беріп, қол күрес, яғни армрестлингтен қарқынды дайындалуына тынымсыз еңбек етіп келе жатқан ағайына спортшы қызымыз өз алғысын айтып келеді.



Көркем осы жылы М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультетінің ДШ және спорт мамандығына 1 курс студенті болып қабылданды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қол күресінен жасөспірімдер мен жастар және қыздар арасындағы БЖСМ ашық біріншілігінде 55 кг салмақ дәрежесінде 1 орынды иеленген.

Сұхбат алу барысында Көркем: «Спорт – менің өмірімде маңызды болып табылады. Әрбір адам спортпен айналысу керек деп ойлаймын. Спортпен шұғылданған адамның дені сау, иммунитеті мықты болады емес пе?! Өзім спортпен шұғылданғанды жақсы көремін. Алдағы уақытта өзімді жақсы жағынан көрсетемін деген сенімдемін және «спорт шебері» дәрежесіне жетуге тырысатын боламын. Алға қойған мақсатым – осы. Барлығы: «Неге қыз бала осындай қиын, ер адамның айналысатын спорт түрімен айналысады?» деп сұрайды. Егер де адам қаласа, оның қолынан бәрі де келеді. Спортта қызың, ұлсың деп бөліп жармайды. Ең бастысы – өзі таңдаған спорт түрін өзінің жанына жақын тұтса болғаны деп түсінемін.

Бұл – көкірегі ашық, көзі ояу Көркемнің жеке ой-пікірі, алға деген ұмтылысы, болашағына деген нық сенімі. Өрімдей ғана қазақ қызының 18-ге енді аяқ басқан шағында осындай үлкен жетістіктерге жетуі көңіл қуантарлық. Көркем секілді жас қыздардың спортпен айналысып, соның ішінде қол күреспен шұғылданатынына қайран қалатындар көп-ақ. Қоғамда тек спортпен айналысатын ер жігіттеріміз ғана емес, сонымен қоса тұлымшағы желбіреген Көркемдей көркем қыздарымыз да солардың қатарында.

Ендеше, болашағынан зор үміт күттіретін Көркемге алдағы уақытта жүлделі жеңістер, телегей табыстар тілеп, көк байрағымызды көгімізде асқақтатып жүре бер демекпіз.

Арайлым ҒАНИ,
ФҚТ мамандығының 3-курс студенті



жерін аңсайды»- демекші, ауылымды сағынған кезімде барлығын тастай сала, үйге кеткім келеді.

Өттең, сол күндер қайта орала ма екен?! Асыр салып ойнаған, тай-құлындай тебіскен бала кезім-ай, десеңші! Қазір сабақтан шаршаған сәттерде ауылға барып, қайтадан бала болып, асыр салып жүрсем ғой деп армандаймын. Сағымға айналған сол күндерімнің оралмайтыны өкінішті. Тек сағынышпен еске аламын.

Рысгүл Камидуллина,
педагогика факультеті:
ПИМНО-23

Жұрттың бәрі уақыттың тез өтетұғынын жақсы біледі, соны біле тұра, айта жүре уақытын тиімді пайдалана алмайтын адамдар бар. Оларды қайратсыз, жігерсіз, еріншек, жалқау деуге болады. Ауызбен айтып қана қоятын, іспен бітіре алмайтын жандарға Абай атамыздың қайратты, ақылды, жүректі бірдей ұста, сонда боларсың елден ерек деген нақыл сөзін айтқым келеді, себебі қайратты, білімді, ақылды жан ғана уақытты жеңіп, өмірден өз орнын таппақ. Адам уақытты сезінгенде ғана еңбектенбек, ал оны сезіну үшін ойланбақ ақыл қажет. Менің ойымша, ештен кеш жақсы деп барлығын ертеңге қалдыратын адам-ең ақымақ жан. Себебі ертеңгі күн әрқашан белгісіз. Бойында қайраты бар адам жалынды жастық шақта барлығын өз орнымен, уақытымен істегені жөн. Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Абай: «Білгенге маржан, білмеске арзан, надандар бәйра ала алмас. Білген жан ғана уақыттың інжу-маржан екенін ойға түймек, білмек, жүрекпен сезінбек. Адам дүниеге келгенде бір шыңды бағындыруы керек, көп адамдардың өмірі бос өтіп жатыр, сол жандардан жиренбек керек, ал өмірден өз орнын тауып, мақсатына жеткен жандардан ғибрат алғаны жөн.

Тек уақытты меңгере алған жан ғана бақыт пен жетістікке жете алады, биік шыңдарды бағындырады. Бірақ көп жастарымыз уақытын теледидар алдында өткізеді. Менің пікірімше, теледидар тек зейнеткерлерге арналған. «Көктемнің бір күні-жылға азық» демекші, жастықтың бір күні болашаққа негіз деуге болады. Тағы да қазақтың маңдайалды ақыны Абайдың:

Тоты құс түсті, көбелек,

Жаз сайларда гүлемек.

Бәйшешек солмақ, күйредек,

Көбелек өлмек, сиремек- дегендей, түсінген жанға

өмірі қысқа көбелек пен гүлді айту арқылы адамның өмірі де соншалықты ұзақ емес қой деген ой өзі-ақ келеді. Әр адам жас кезінен уақыттың оған берілген аса бағалы өткінші зат екенін түсінсе, я болмаса жоғалған уақыттың қайтып табылмайтындығын ұғынса, әр жан әр нәрсені өз уақытында істер еді.

Қазір сен уақытты өлтіресің, сосын уақыт сені өлтіреді. Алдын ал!

Айдана ҚАБЫЛБЕКОВА,
фил-13 тобының студенті



Батуова Раббина Нұрбекқызы 1995 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылында дүниеге келген. Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, филология факультетінің 3-курс студенті. Облыстық, республикалық Мұқағали, Абай, Махамбет оқуларының жеңімпазы атанған. Республикалық Жүмекен Нөжімеденовке арналған мүшәйраның, Оралхан Бөкей оқуларының дипломанты. «Мен жастарға сенемін!» ІІІ республикалық байқауының «Көркем ой шебері» номинациясының иегері.

Біз – қазақтың жастары

Жерін бермес ел шетіне жау еңсе,
Ар санайтын соңынан сөз, дау ерсе.
Пұтқа сатпас намысы мен сенімін,
Тәңіртаудай көкке ұмтылған тау еңсе.
Біз – қазақтың жастары!

Түр мен түске бөлмейтұғын ұлысын,
Бауыр қылған Батысы мен Шығысын.
Жарты құртын жарып жеген аштықта,
Төбеттерге талатпаған туысын.
Біз – қазақтың жастары!

Қан майданда темір сауыт киінген,
Жауға емес, Жаратқанға иілген.
Көздің жасы қан боп ағып жатса да,
Он сегізде от кешуге түйінген.
Біз – қазақтың жастары!

Азаттықты арман қылған қаншадан,
«Ынтымақ» деп жаңғырып тұр бар санам.
Желтоқсанның сары аязын жатырқап,
Жанға жайлы жақсы күнді аңсаған.
Біз – қазақтың жастары!

Тәуелсіздік Тәңір сыйы санаған,
Құндылық бұл құдіретке балаған.
Бейбіт өмір бесігінде тербеліп,
Тыныштық пен татулықты қалаған.
Біз – қазақтың жастары!

Бойда қуат, жүректе үміт сөнбеген,
Бодандық пен надандыққа көнбеген.
Бар қазақты жалғызым деп жақын қып,
Өлсіздерге аждаһадай төнбеген.
Біз – қазақтың жастары!

Бақытты күн болашаққа ұмтылған,
Тарихында таңбаланып сыр тұнған.
Бар болмысы тектіліктен жаралып,
Аттамаған бабалардың ғұрпынан.
Біз – қазақтың жастары!

Ақынға

Көңілімнің басылмай жүр алаңы,
Ойлай берем өзің жүрген қаланы.
Сіздің жақта көктем бе екен, күз бе екен?
Еседі ме желтоқсанның самалы?

Алатауға ауды көңіл құштары,
Қызғанды ма, Жайық мені құшпады.
Құсни жырдан сізге сөлем жібергем,
Бармайды екен біздің жақтың құштары.

Тезген жанды сары аязға, салқынға,
«Ботам» деумен келтіресің алқымға.
Қиялымның қиырында адасқан
Айып па екен ғашық болсам ақынға?

Сырлы сөзден жыр өрумен өтер күн,
Өлең жоқта мен де сорлы, бекермін.
Жырымменен жүрдек пойыз жасап ап,
Мен де бір күн Алатауға жетермін.
Жалғыз жүрек іздейді ме жақынын,
Ойламайды ой санамның ақылын.
Менің мәңгі сағынышым ғанасыз,
Мәңгі көктем аңсап жүрген ақыным.



Ғилымханов Мәрлен Мәлікұлы - 1998 жылы 4 наурызда Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келген. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің І курс студенті. «Жауқазын жылда гүлдейді» жинағына өлеңдері енген. Қадыр Мырза Әлі атындағы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет және енер орталығы жанынан құрылған «Қаламгер» жастар шығармашыл клубының мүшесі. Облыстық, республикалық мүшәйралардың бірнеше мәрте жеңімпазы.

Қазан

Далада аппақ-аппақ қар ұшқындап,
Сабылған сан пікірмен жарыс құрмақ.
Дамылсыз ұшқындайды шұбатылып,
Ойы бар аспан - жерді табыстырмақ.

Шалшықтар қармен бүгін бірге келген,
Балшықтар бастыртпайды іргелермен.
Ұнтақтар түседі де жоқ болады,
Тым тәтті түс сияқты түнде көрген.

Қалмайды шалбарыңа шаң жағылып,
Жүремін желке қорғап, маңда бұғып.

Аппақты бетіме әкем шылп еткізген,
Күзімнің өкпек желі аңғарылып...

Былыққа бөледі де мына алаңды,
Бір сәтте ұшқындамай тына қалды.
Көп бақыт бұйырмаған әдемі қыз,
Тоқтатып тастағандай жылағанды.

Мұңдарға көрдім кейпін білегенді,
Бұл уақыт жабырқатар үнемі өңді.
...Азаннан кешке дейін көше аралап,
Қазаннан өлең теріп жүрем енді...



Сыдықов Мейрамбек Тілекабилұлы 1996 жылы 8 наурызда Ақжайық ауданы-на қарасты Өлеңті ауылында дүниеге келген. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік универси-тетінің 3-курс студенті. Республикалық мүшәйралардың алғыс хат иегері, об-лыстық мүшәйралардың жүлдегері. Халықаралық «Мевлана» бағдарламасы-ның грант иегері.

Жайық қызы

Өлең болып өрілгенде мұң алып,
Жайық жатты аппақ қарға оранып,
Сағаттардың сыртылымен сарқылып
Төзім жатты тоналып.

Тондыруға тақағанда таңғы леп,
Жалғыздығың алқымыңнан алды кеп,
Жолдар алыс жабырқатты жанарды
Сезім қалды жарлы боп.

Жалған күннің жарлығымен жылжып ек,
Мұңға малып,
Жылдар ағып, түн күлед(і)
Сол бір қыздың сыр сандыққа сақтаған,
Сағынышын кім білед(і).

Жарым түнде неге жалғыз жыладың?!
Көз жасыңа мен болайын кінәлің,
Жарты ғалам шырт ұйқыда жатқанда,
Жайық қызы шулатып ел құлағын,
Айтасың ба түн өнін?!

Бұл дүние тоқтамайды дөңгелеп,
Күрсініске толмасыншы кеуде көп,
Жайық қызын жұбатқым-ақ келеді
Жайықтағы елге кеп.

Шыдам - теңіз кемерінен толды асып,
Бақыт бөлкім бізден алыс болмас ұқ!
Шарасызсың деп күле ме қайтеді?!
Шаттығыңды жасыратын жол қашық.

Өзегімді өртегенде де от ғалам,
Көрсем деумен көңіл шіркін көпке алаң,
Қайық мұңын тербететін тынымсыз,
Жайық қызын сағынатын боп барам!!!

Бабам менің құлатпаған байрағын,
Тарих куә болып өткен жайға мың,
Желтоқсанның ызғарынан ап қалған,
Жастар еді айғағым.

Өзегінді өртесе де өткенің,
Айға қарап ұлығанда көк бөрің,
Ұл-қызыңның арқасына жүк салдың,
Ұлы арманым орындалсын деп пе едің?!

Дөңгеленген бұл дүние дүрмектің,
Дабылдары жүрегіме жыр боп тұн,

Қазағымның нық болсын деп қадамы,
Баба жолын үлгі еттім.

Жастар жанса жанарларын от қылып,
Көнелерден сыр шертеді көп ғұрып,
Басынан сөз асырмайтын асқақпыз,
Қанында бар тектілік.

Жұртымызды жалғар ғасыр, жылдарға,
Жүректерді бүгін жалын қылды Алла,
Көк байрағың желбірейді көгіңде
Жастарыңның жандары аман тұрғанда!



Айкерим Аюпова, студентка 4 курса физико-математического факультета. Ее работы уже публиковались на страницах газеты. Мы предлагаем вашему вниманию ее новые стихотворения.

Моей маме

Мама,
ты самый
потрясающий человек в мире!
Я тебя бесконечно люблю!
Твоя непоколебимая вера в меня
наполняет моё сердце вдохновением!

Мне любая беда нипочем, если рядом со мною она,
Словно в детстве, уткнусь я в плечо и шепну столь родное «мам»!
Рядом с нею всегда светло, и я греюсь в лучах тепла,
Рядом с нею суровый мороз отступает, приходит весна.

Жизнь окружит свой хоровод - кто-то падает, кто-то встаёт,
Её вера – как яркий свет - меня в жизни большой ведёт.

И когда я заплачу вдруг, она тут же к себе прижмет,
В нежной ласке маминых рук этот мир опять зацветет!
И не хватит всех слов на земле, чтобы ей поведать о том,
Что она – мне дороже всех, что она – мой уютный дом!

К небу я свой взор вознесу,
Боже, благодарю!!!
Что со мною рядом она,
Моя муза, моя душа,
Та, что сердце огнём зажгла,
Так пускай же в жизни её
Звезда счастья горит всегда!

А я до одури люблю ромашки,
Цветущую сирень, тюльпаны и весну
До колик в животе люблю смеяться
И подставлять ладошки майскому дождю

А я до дрожи влюблена в осенний лес,
в пестреющие краски листопада,
в прохладный ветер в мхуrom октябре
и тучи, набегающие разом

А я люблю румяный летний зной,
Когда в лучах сверкающего солнца
Мир оживает – бабочки порхают,
Деревья изумрудом отливают.
И я дышу обилием цветов

А я люблю студеную зиму,
Когда мороз узорами распишет
Окошки на домах
А на ресницах,
Закружатся снежинки декабря.

А я люблю... люблю чудесный мир!
И жизнь, наполненную добрым светом,
Где в каждом уголке большой планеты
Встречают с радостью закаты и рассветы.
И потому любовь моя всё крепнет!

My heart's in the Highlands

Robert Burns

My heart's in the Highlands, my heart is not here,
My heart's in the Highlands a-chasing the deer -
A-chasing the wild deer, and following the roe;
My heart's in the Highlands, wherever I go.

*Farewell to the Highlands, farewell to the North
The birth place of Valour, the country of Worth;
Wherever I wander, wherever I rove,
The hills of the Highlands for ever I love.*

*My heart's in the Highlands, my heart is not here,
My heart's in the Highlands a-chasing the deer
Chasing the wild deer, and following the roe;
My heart's in the Highlands, wherever I go.*

Тауда менің жүрегім (қазақша нұсқасы)

Тауда менің жүрегім, бұл жерде емес,
Тау маралы секілді бергенде елес,
Қай жақта жүрсем де, мен қайда қонсам да,
Тауда менің жүрегім, мен қайда болсам да.

Қош бол, менің Отаным, Солтүстігім асықпын,
Мен өзіңе ерлік жасап асықтым.
Қай жаққа кетсем де, қай жерді араласам да,
Осы жердің тауларына мәңгі ғашықпын.

Қош бол, шыңдары биік қарлы,
Қош бол, нәзік алқап нәрлі,
Қош бол, орман, жаңа өскен бүрлер,
Қош бол, бұлақтар мен көп гүлдер.

Динара КУНЕБАЕВА,

шет тіні: екі шет тілі мамандығының ІІІ курс студенті



ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі және Қазақстан

Қазақстан бүгіндері бәсекеге қабілетті, экономикалық реформаларды жүзеге асырған мемлекеттер қатарында танылып отыр.

Өзімізге белгілі, 2012 жылдың 22 қарашасында Парижде өткен Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 151-ші отырысында жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесін өткізетін қаланың орны анықталды. Таңдау елордамыз Астанаға түсті. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. ЭКСПО – 2017 көрмесі ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. Енді міне, еліміз кезекті әлемдік деңгейдегі көрмені «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен Астана қаласында өткізуге қызу дайындықтарын бастап кетті.



Осы сәттен бастап елімізде ЭКСПО–2017 көрмесі жайлы сан түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр. Сол іс-шарадан бүгінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенттері де қалыс қалған жоқ. Шара «ЭКСПО дүниежүзілік көрмесі және Қазақстан» деп аталды. Шара барысында ЭКСПО тарихынан сыр шертетін бейне

роликтер көрсетіліп, студенттердің жеке зерттеулері нәтижесінде жинақталған мәліметтер таныстырылды. Дүниежүзілік ЭКСПО тарихын сипаттайтын, әлем елдерінің ұсынған жаңалықтарының көрмесі ұйымдастырылған.

Іс-шара нәтижесінде студенттер дүниежүзілік көрме тарихы жайлы және елімізде болып өтетін ЭКСПО – 2017 «Болашақтың энергиясы» жайында түрлі мәліметтер алды. Топпен жұмыс жүргізу арқылы студенттер ЭКСПО-2017 туралы өз пікірлерімен бөлісіп, шара барысында алған мәліметтерді талқылады. Студенттер өздерінің ұйымшылдықтарын, ізденімпаздықтарын, белсенділіктерін көрсете білді. Астана ЭКСПО – 2017 бүкіл дүниежүзілік көрмесі елімізде сәтті, әрі жоғары деңгейде өтетініне жастар сенеді!

Жанель ХУРСАНҚЫЗЫ,
бастауышта оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының 2-курс студенті

Егемен елдің еркін студенттері

2016 жылдың үлкен мерейтойы- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Айтулы мерекеге республикамыздың барлық өңірінде жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Ақжайықтың төсінде орналасқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ұлы мерекені қызу дайындықпен қарсылау үстінде.

Соның бірі аталған білім ордасының педагогика факультетінде «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1- 4 курс студенттерімен «Егемен елдің еркін студенттері» атты дөңгелек үстел өткізілді. Аталмыш шараның басты мақсаты - қазіргі таңдағы жастарға жасалып жатқан барлық мүмкіндіктер тәуелсіздіктің арқасында екенін насихаттау. Студенттер тәуелсіздікке деген сый-құрметтерін көріністер арқылы көрсетті. Ұйымдастырылған шара өте



тартымды әрі қызықты өтті. Қатысушы оқытушылар мен топ кураторлары-Т.Қайырғалиев, С.Н.Ерниязова және студенттер өз ой-пікірлерін ортаға салып, шараның өз деңгейінде өтуінде белсенділік көрсетті.

Ботагөз АЙТЖАН,
06307-топ студенті

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» - деп бекер айтпаған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Сондай-ақ Президентіміздің қолдауымен 2003 жыл – денсаулық жылы болып жарияланған. Расында да, бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде.

Осындай игі істер біздің Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де атқарылып келеді. Білім ордасы жанынан құрылған студенттердің «Достық» клубының ұйымдастыруымен осы жылдың 22 қазанында 1-курс студенттері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орайластырып шағын футбол жарысы өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты - факультеттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Салауаттылық - өмір салты

Жарысқа 1-курс факультеттері бойынша 8 құрама қатысты. Жоғарғы курс студенттерінен құралған еркін құрамалар ойынды қолдау мақсатында қонаққа келді. Жарыстың нәтижелері бойынша, бірінші орынды Педагогика факультеті студенттерінен

құралған «Жансая» командасы, екінші орынды «Сұңқар» командасы иеленді. Ал үшінші орынды жаратылыстану-география, физика-математика, тарих, экономика және құқық факультеттерінің құрамалары иеленді.

Алғашқы қадам — алғашқы белес

Студенттік ғұмырдың алғашқы баспалдағын аттап, студенттік билетті қолына алған 1-курс студенттері үшін 13 қазан ерекше күн болды. Себебі бұл күні педагогика факультетінің 1-курс студенттері қаз қатар тізіліп, ант беріп, Махамбеттей қара шаңырағымыздың бір кірпіші болып қаланды.



Бұл дәстүрлі шара Нұр Отанның концерт залында озырылды. Жылдағы шара бойынша факультетіміздің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызы студенттерге сәт сапар тілеп, жоғарғы курс студенттерін үлгі ретінде ерекше мадақтап өтіп, факультетіміздің қол жеткізген елеулі жеңістерін ортаға салды. Қош келдің, жас студент! Қадамдарың оң болып, ғылымның шыңынан көріне беріңдер!

Педфак алдыңғы қатардың шебінде

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай озырылатын барлық шаралар жастарды патриотизмге, отаншылдыққа, салауатты болуға үндейді. Осы орайда университетішілік спорттық шаралар болып өтті.

Факультетіміздің студенттері алдыңғы орынды қанжығаларына байлады. Үстел теннисінен және волейболдан жоғары межеге қол жеткізді. Осындай ер рухты жастарымыз барда спорттық шаралар да өз жалғасын таба бермек. Жалындаған жастық шағын спортқа арнау ең үлкен оң қадам болып табылады. Сол үшін де жастарымыздың салауатын көтеріп, болашағамызды айқын етіп құрайық...

Әлемді мойындатқан спортшы

Педагогика факультетінің әрбір студенті жалынға толы жастық шағын бір өнерге арнаған. Ұлдар жағы спортты мұрат етіп, облыс, республика және халықаралық деңгейде еліміздің атын асқақтатып, көк байрағымызды желбіретіп жүр.



Солардың қатарында 05304-топ студенті Негмет Серікбай Манарбекұлы Румынияда өткен әлем чемпионатында қола жүлдегер атанды. Бұған дейін де Серікбай Манарбекұлы басқа елдерде еліміздің абыройын асқақтатып, факультетімізді, университетімізді мойындатып жүрген бірден – бір азамат. Осындай нар тұлғалы жастарымыз көп болғай, спортты жанымызға мұрат етіп, келешек ұрпаққа спорт өнерін дәріптейік, замандас!


Аида ХАСАНОВА,
«Жайық жауһары» айдарының редакторы

Ж а р ы с т ы
ұ й ы м д а с т ы р ғ а н
«Достық» клубының
негізгі идеясы
студенттерді
салауаттылыққа
ынталандыру, дене
тәрбиесі мен спортпен
айналысуға үгіттеу.
Себебі, елді күн ертең
ілгері апаратын –
сауатты, білімді, дені сау
жастар. Біздер-осы елдің
жас толқындарымыз.
Сондықтан біздің
мақсатымыз уақытты
тиімді пайдаланып, сапалы қызмет етіп, өмірде өз орнымызды
адаспай табуға барлық жағынан дайын болуымыз керек.

Қолдау көрсеткен университет әкімшілігіне алғыс айтамыз.

Райгүл ДАЙРАБИ,
1-курс студенті





70 *Сырым Жалел Сырымұлының* *жасы атап өтілді*

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі, ғылыми кітапхана және 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен педагогика ғылымдарының кандидаты Сырым Жалел Сырымұлының 70 жасына арналған мерекелік кеш өтті. Атаулы кешке физика және математика факультетінің деканы Айгүл Бақтығалиқызы, физика және математика кафедрасының меңгерушісі Айман Амангелдіқызы, кафедра оқытушысы Айнаш Нұрболқызы және студенттер мен магистранттар қатысты.



Шара факультеттің 1-курс студенттерін БҚМУ студенттерінің абырой кодексімен таныстыру, олардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, жастар арасында жиі орын алатын құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру және сол арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу, мемлекетіміздің Ата Заңын, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатын көздеді.

Бұл шараға физика-математика факультетінің барлық 1-курс студенттерімен қатар, факультеттің студенттік деканатының белсенділері, факультет деканы Медешова А.Б., топ кураторлары мен оқытушылар қатысты. Ашық шара кездесу формасында өтті. Кездесуге «Құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Батыров Алтай Батырович және №1 полиция бөлімшесінің аға инспекторы Балабаев Абай Аяпбергенұлы қатысты. Кездесудің шымылдығы «Ақпараттық жүйелер» мамандығының бірінші курс студенті Құспанова Айзаттың БҚМУ студенттерінің абырой кодексімен таныстырылуымен ашылды. Одан кейін сөз алған кездесу қонағы, құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Батыров Алтай Батырович өз қызметінен ақпарат бере отырып, жиылған студенттік қауымға кез-келген уақытта көмек қолын созуға дайын екенін айтты. Сарайшық 34 мекенжайында орналасқан «Тарих, құқық және экономика» факультетінде «Заң клиникасы» жұмыс істейтінін, оған кез келген студенттің өз сұрағымен келіп, кеңес алуға болатынын айтты. Сонымен қатар, құқық бұзушылық, құқықтық жауапкершілік пен қылмыс түрлерін де нақты мысалдар келтіре отырып ашық түсіндірді. Ойламай істеген заңсыз әрекеттің зияны басқа адамға тиетінін, біреуді кіналау үшін алдымен, өз кінәнді мойындап алу керек деген тәрбиелі сөздер айтты. Еліміздің ертеңі жастар дей келе, студенттерге әрқашан «Университеттің мәртебесін биік ұстаның!»-деген тілек білдірді. Келесі сөз тізгінін алған №1 полиция бөлімшесінің аға инспекторы Балабаев Абай Аяпбергенұлы студенттерге БҚМУ орналасқан аудандағы полиция бөлімшесінің мекенжайын айтып, кешкі сағат 19.00- 23.00 аралығында кез келген құқық бұзушылық жайындағы сұрақтарымен келіп, жолығуларына болатынын айтты. Студенттерге жатақхана жанындағы саябақта тәртіп сақтау, түнгі сағат 23.00 – ден көшеде жүрмеу, жалпы тәртіпті сақтау қажеттігіне жауап беретініне тоқталды. Жастар

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан, заңды білу - заман талабы. Қараша айының 28 күні информатика кафедрасына қарасты барлық мамандықтар бойынша 1-курс студенттерінің топ кураторы **Ғ.Г.Мухамбетованың** ұйымдастыруымен «Құқықтық сауаттылық - заман талабы» тақырыбында физика – математика факультетінің барлық 1-курс студенттері қатысқан ашық кураторлық сағат өткізілді.

арасында жиі кездесетін құқық бұзушылықтың жиі кездесетіні ұялы телефон ұрлау, қоғамдық орында темекі шегу, шемекі шағу екендігіне тоқталып, студенттерді заңғы қайшы әрекеттерден бойын аулақ ұстауға шақырды.

Қорытынды сөзді факультет деканы Медешова А.Б. сөйледі. Ол соңғы жылдарда жатақхана студенттерінің арасында кездескен ұялы телефон ұрлау, өзге адамның ноутбугін иемдену т.с.с құқық бұзушылықтарға тоқтала келіп, студенттерді тәртіпті



21.10.2016ж күні «Шетелде өткен ғылыми-әдістемелік тағылымдама» тақырыбында информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинар отырысы болды.

ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАМЕН БӨЛІСТІ

Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі мәселе бойынша п.ғ.к., доцент, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері Медешова А.Б. ұжым алдында ақпараттық әңгіме жүргізді. Ол өз сөзін 2016 жылдың тамыз айында Кипр елінің Lefke қаласында өткен Lefke Еуропалық университетінде «Білім беру жүйесіндегі инновация» тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан бастады. Сонымен қатар бұл университетте тағылымдамадан өте жүріп, ағылшын курсы мен меңгеруге де мүмкіндік алыпты. Білімін жетілдіру нәтижесінде ие болған сертификаттары:

«Білім беру жүйесіндегі инновация» сертификаты

«Ағылшын тілі курсы» сертификаты

Айгүл Бақтығалиқызы Кипр елінде аз ғана уақыт болса да, сол елдің халқы мен мәдениетінен сыр шертіп, университеті мен оқу үдерісінен алған әсері жайында әңгімелеп, слайдтарды презентациялады. Семинар кейіпкеріне сан түрлі сұрақтар қойылып, көңілге қонымды жауаптар алынды.

Семинар соңында Айгүл Бақтығалиқызына, алдағы уақытта «Ойлаған істеріңіз ілгері бассын!», «Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!», «Биік белестерді бағындырыңыз!», «Қаламыңыз мұқалмасын!»-деген өріптестер тілегі қарша жауып жатты.

МУХАМБЕТОВА Ғ.Г.,

информатика кафедрасының аға оқытушысы

Білімге, ғылымға ынтазар Сырым Жалел Сырымұлы 1965 жылы Оралдағы А.Пушкин атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1969 жылы оны үздік бітіріп, физика кафедрасына оқытушы болып қабылданады. 1975-1980 жылдары КСРО педагогикалық ғылымдар Академиясында стажер, ассистент болып білімін жалғастырады. 1980 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты атанды. 1985 ж. Жалпы физика кафедрасының доцент ғылыми атағы берілді. 1996 жылдан бастап М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры. Жүзден астам ғылыми мақала мен кітаптардың авторы.

Кеш барысында мерейтой иесіне арналған көрсетілім тамашаланды. Бұдан кейін Сырым Жалелұлының өріптестері мен шәкірттері құттықтауды одан әрі жалғастырды. Кеш қонақтары Сырым Жалелұлына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті. Оқу орнының физика және математика факультетінің 1-курс студенттері Дана Уахитова мен Қуанышбек Майра, мәдениет және өнер факультетінің Мақсат Тұяқ сынды талантты студенттері өздерінің ән-күйлері мен жырдан мерейтой иесіне шығармашылық тарту арнады.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы –

деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, біз әрдайым сөзі маржан, үні жүрекке жылы ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Өрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Ұстаздардың әр ісі өнеге.

6М011000 – Физика мамандығының
1-курс магистранттары

З.М.ХИМЕДЕНОВА,

информатика кафедрасының оқытушысы



Махамбет Өтемісов атындағы мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетіндегі вокал және музыкалық білім кафедрасы қазан айының 27-сі күні EXPO-2017 атты конференция өткізді.

Бұл конференция барысында ең алғашқы сөз кафедра жетекшісі Бабенко Ольга Александровна берілді. Конференцияның жалғасы Кунсулу Сагинтаевнаның орыс тіліндегі баяндамасында көрініс тапты. Келесі баяндамада Ахатова Эльмира Сақыпқалиқызы қазақ тілінде сөз сөйледі. Баяндамада EXPO-2017 бағдарламасы айтылып, толықтай түсінік берілді. Содан соң сөз кезегі университетіміздің 1-ші және 2-ші курс студенттеріне берілді. Жайғалиева Айжамал және Муханшиева Шынар конференцияда ағылшын тілінде мағлұмат берді.

Бұл конференцияда көптеген ойлар ортаға салынды. Факультетіміздің деканы Исатаев Мейрам Исатайұлы бағдарламаға байланысты өз ойын айтып, жалынды жастарды болып жатырған жаңалықтардан қалыспай, жан-жақты болуға шақырды.

Конференция барысында студенттер де өз ойларымен бөлісті. Бұл бағдарламаның тиімді жақтарын айтып, ойларын ашық жеткізе білді. 1-курс студенттері Жумин Ниязбек, Ермеккали Ырысбек, Хадеров Елжан өркениетті елге өрлеу үшін мұндай бағдарламаның қажет екенін айтып, конференцияны аяқтады.


Department of music education and vocal at the Faculty of State University of Culture and Arts named after Makhambet Utemisov October 27 held a conference on the theme of EXPO-2017.

At this conference, the first floor was given to the head of department Olga Babenko. The continuation of conferences was a performance report in Russian Koptleuova Kunsulu Sagyntaevna.

The following report Ahatova Elmira Sakipkalievna acted Kazakh speech. The report said a program of EXPO-2017 and was given the content of this dipolar.

After that, the floor was given to the students of the first and

EXPO-2017



second course. In this conference Ayzhamal and Muhanshieva Shynar Hamitovna give information in English.

This conference discussed many ideas. Dean of the faculty Issatayev Meyram Isataevich expressed his opinion with regards to this program, cried the young generation to be aware of current events

At conferences and students to share their opinions. We discussed about the beneficial aspects of this program and clearly expressed their opinion. Student accelerated first-year Zhumin Niyazbek, Ermekkali Irisbek, Haderov Eljan told about the beneficial aspects of this program for the development of the country, the conference ended.

Елім барда тәуелсіз - Сарқылмайды ән-жырымы!

Біз - ел шетіне жау еңсе, жерін бермес, артынан сөз бен дау ерсе, ар санайтын, тәңіртаудай көкке ұмтылған тау еңсе, тәуелсіздікті Тәңір сыйы деп санаған, бейбіт өмір бесігінде тербеліп, тыныштық пен татулықты қалаған өркениетті елдің өреніміз, әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алған тәуелсіз елдің ұланымыз.



Ағаларымыздың қанымен жуылып, әпкелеріміздің арымен буылып келген тәуелсіздікті боянды ету – бабалар алдындағы қасиетті борышымыз, келешек ұрпақ алдындағы зор жауапкершілігіміз. Азаттығымыздың ширек ғасырында ғасырға бергісіз жолдарымен өтіп, толағай табыстарға тұяқ тіредік.

Енді осыны алға қарай апаруда халқымыз жастарға үлкен сенім мен міндет жүктейді. Осы сенім мен міндетті жеткізу мен насихаттау мақсатында ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай тәуелсіздік жылнамасын жыл сайын жаңа парақтармен толықтырып отырған Ақжайық аудандық «Жайық таңы» газетінің 85 жылдығына арнап Чапаев ауылында қазан айының 27 жұлдызында «Елім барда тәуелсіз – Сарқылмайды ән-жырымы!» атты облыстық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Айтысқа облысымыздың алды республикалық додада бөйге алып жүрген барлығы 12 үміткер қатысты. Таласты әрі қызу өткен бұл айтысқа мәдениет және өнер факультеті мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 3-курс студенті Орынбек Меңдіқұлов қатысты.

Орынбектің Бауыржан Ширмединұлымен болған жұбы қоғамымыздағы өзекті мәселелерді талқылып, олардың жастар тәрбиесіне ойсыраған олқылық екеліп жатқандығын халықтың да, қазылар алқасының да көкейіне жеткізе білді. Нәтижесінде Меңдіқұлов Орынбек Қаламқас Орашеваның атындағы арнайы жүлдеге ие болды. Факультет атынан Орынбекті жеңісімен шын жүректен құттықтап, алар асуларың мен бағындырар белестерің көп болсын дейміз!

Бағула ИГІЛІК,

МТЖ мамандығының 3-курс студенті

Өнер - таусылмас азық, жұтамас байлық

Өнер - халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді. Ұлттық өнерімізді бізге жеткізе білетін салалардың бірі - қолөнер. Қолөнер өлемі - адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние.

Осындай жан дүниені өзгертетіндей рухани құндылықтарға толы мәдениетті терең тану мақсатында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінің бірінші курс студенттері Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болып өткен Теректі ауданының «Тәуелсіз елім - тірегім» атты көрмесіне қатыстық. Көрменің ашылуы Теректі ауданы тумаларының өнер көрсетуімен басталды. Ауданның белді мүшелері өз игі



Тәрбиенің қоғамдағы орны

Адамның жақсы өмір сүруі үшін үш сана негіз алуы шарт. Олар: адал еңбек, асыл мінез, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді. (Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Әдеп, адамгершілік жөніндегі қағидалар қашан да халқымыздың өлең-жырларынан, тапқыр, шешендік сөздерінен, ауыз әдебиеті үлгілерінен, бабалар өсиеттерінен тиісті орын алып отырған. Бабалар сөздеріне жүрегінің төрінен орын беріп, халқын, ұлтын сүйген, ана сүтінің құдіретене бас иген, әрбір жан өз тілін, дінін, ділін қадірлеп қастерлеумен қатар, мейірбан жүректі, жайдары жанды, жібек мінезді, таза рухты, ақылды, парасатты, инабатты, иманды, білімді болса, оның нағыз ел азаматына айналғаны. Ислам өлемі мен дініміздегі аса көрнекті қайраткер, әрі ғұлама хазіреті Әли өзінің хикметтерінде (маржан сөздерінде): «Даналықтан асқан байлық жоқ, тәрбиеден асқан мұра жоқ, кеңестен асқан қорған жоқ», - деген екен. Қазіргі кездегі әке-шешесін, ата-әжесін, туған баласын тастап кету, жетімсірету сияқты қатыгездіктің етек алуына себепші және арақ ішу, есірткі шегу, зорлық-зомбылық, ұрлық жасау сияқты жағымсыз қылықтарға ие жандар қоғамда бар екені рас. Әдептен алыс, жан баласына әрі жат, әрі жағымсыз қылықтарды бойына сіңірген адам адамгершілік қасиеттен де жұрдай. Оның қоғамға, өмір сүріп жатқан ортасына әкелер өлегі, қаупі де зор. «Құдайдан қорықпағанның қорық», - дейді дана халқымыз. Иманнан жұрдай кісінің қоғамға да пайдасы жоққа тән. Қазіргі таңда да тәрбиенің маңызы орасан зор. Тәрбие бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін қажет. Өйткені, тәрбие баладан ғана, адамдық қасиеттің пайда болып, өмірдегі ролінді біле аласың. Қазақтың батыр тұлғаларының бірі Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды. Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп тәрбиенің маңызын ашып көрсеткен. Біздің аталарымыз да тәрбиенің негізгі мақсатын дөп басып, өз өмірлерінде дұрыс қолданғандай сыңай танытады. Бұлай дейтін себебіміз, атадан қалған ұлағатты сөздердің түп төркіні осындай тұжырымға еріксіз жетелейді. Мәселен, тәрбиедегі әдептілікті мына сөзбен өрнектеген: «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала». Міне, мұнда тәрбиеге көңіл бөлініп, қарастылатын ар мәселесін әдептілікке апарып теліп, жоғарғы деңгейге көтеріп отыр. Бізде тәрбиені ар-намыспен байланыстыра отырып, негізгі мақсатқа жетудің жолын тапқан. Осының нәтижесінде өміріне адамдықты ту етіп ұстайтын қанша арыстай ағаларымыз болашақ буын өкілдеріне өшпестей із қалдырған.

Алина ХАБИДОЛЛАЕВА,

МТЖ мамандығының 4-курс студенті

Жағымсыз іс-әрекет иелері қайған пайда болады

Адамды бір көргеннен танып білу мүмкін болмағанымен, оның кейбір қылықтары мен әдеттеріне қарап ой түюге болады. Әсіресе, алғашқы кездесуде адамның бұл әрекеттері айқын байқалады. Кемшіліксіз пенде жоқ. Біздің әрқайсысымызда жағымсыз, түрлі іс-әрекеттер бар. Мұның көпшілігі адам өркінен тыс жасалып жатады.

Сөйлеп тұрғанда бет-ауызды тыжырайту - әдепсіздіктің бір белгісі. Сондықтан мұндай қылықты әдетке айналдырып алудан аулақ болыңыз.

Жағымсыз іс-әрекет иелері дегеніміз, менің ойымша, өтірік айтатын, екіжүзді адамдар. Адамды алдап, арбап өтірік айту бұл жағымсыз әдет. Жағымсыз іс-әрекет иелері кейбір жандардың жүрегінен жаралап, жағымсыз әдеттерімен, белгілі қылықтарымен айналасындағы адамдардың әбден титығына тиюі мүмкін. Жағымсыз іс-әрекеттер адамгершілікке жат этикалық нормаларына мүлдем жатпайды. Абай ағамыз айтқандай, бес дұшпаннан қашық болу керек. Олар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес дұшпаның білсеңіз, - деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттер де сыңа алынады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар, әдепсіздік, әділетсіздік, менмендік т.б толып жатыр. Адам өзін осындай мінез-құлықтан сақтандырып жүрсе, жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болады. Адамдардың бойына біткен жаман қылықтардың ішіндегі ең жағымсызы - еріншектік. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Қорытындылай келетін болсақ, жаман әдет жақсылыққа бастамайды және бүкіл ғұмырыңызды құрдымға жібереді.

Сүйкіміңізді қашыратын кей керітартпа қылықтардан аулақ жүруіміз абзал!

Әугерім БЕЙСҚАЛИЕВА,

МТЖ мамандығының 4-курс студенті

тілектерін білдіріп, шығармашылық табыстар тіледі. Ары қарай көрме ауданның тарихымен және жасалған туындылардың таныстырылымымен жалғасты.

Жасалған бұйымдар қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандарын, оның тіршілігі мен дағдарысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және Теректі ауданының табиғатын ерекше бейнелеген. Көрменің мақсаты «Жауқазын-2016» байқауы бойынша жиырма бес өнерпазды таңдау болатын. Сондықтан ондағы әрбір жас дарындардың туындылары үлкен еңбекпен, шеберлілікпен өте жоғары дәрежеде жасалған. Көрмеге қатысушылар әр туындыны қызу талқылап, өз пікірлерін білдіріп жатты.

Біз де осындай көрме арқылы ерекше құндылықтарды шынайы таза жүреппен қабылдап, өзімізге мол рухани азық ала білдік.

Назерке МАХАМБЕМБЕТОВА,

МТЖ-11 тобының студенті



Профессия - бухгалтер

Профессия бухгалтера в условиях рыночной экономики - одна из самых важных, трудных и престижных. Любой компании, от небольшого индивидуального предприятия до национальных холдингов и государственных структур, необходимы услуги бухгалтеров.

Высокопрофессиональные специалисты в этой области получают за свой труд высокую заработную плату. Молодые люди, выбрав профессию бухгалтера, могут прикоснуться к фундаментальному источнику человеческих знаний и опыта. Овладев профессией и достигнув в ней заветных высот, они сами вносят свой вклад в развитие бухгалтерского учета, финансов и экономики в целом.

В рамках празднования профессионального праздника бухгалтеров и аудиторов на кафедре учёта и аудита был проведен ряд мероприятий: «Неделя бухгалтерской книги», интеллектуальные викторины и деловые игры.

6 октября для студентов 1-3 курсов экономического факультета куратором группы 09305 «Учет и аудит» А.С.Мустафиной был организован открытый кураторский час на тему «День бухгалтера».

Кураторский час был построен на выступлении студентов группы 09305. Выступление проводилось в форме игр и бесед, взаимодействуя со студентами 1-3 курсов. Ни один студент не остался без внимания. Им были подарены призы в виде золотой монетки. А.С.Мустафина подробно рассказала о данной профессии, подчеркнула значимость и актуальность выбранной квалификации бухгалтер. Группа 09305 специальности «учет и аудит» слаженно и организованно подготовили данное мероприятие ко дню бухгалтера.

В качестве гостей были приглашены заведующая кафедрой «Учет и финансы», доцент, к.э.н. М.К.Нугманова, преподаватели и заместитель по воспитательной работе Н.Б.Сабыргалиева.

На факультете истории, экономики и права 13 октября была проведена деловая игра «Бухгалтерия-2016», на которую были приглашены выпускники колледжей г.Уральска. Игра была организована старшим преподавателем кафедры учёта и аудита м.э. Р.У.Жангалиевой. В игровой форме участники пополняли багаж знаний и учились применять свои знания на практике. Они показали высокий уровень подготовки и заинтересованность в продолжении учебы в высшем учебном заведении.

Целью данного конкурса было не только повышение теоретических знаний обучающихся в области бухгалтерского учета и отчетности, но и стимулирование познавательной активности, любознательности, а также привлечение выпускников колледжей в ряды нашего университета.

По результатам игры команды были награждены дипломами и сувенирами. Проведение подобных мероприятий способствует развитию интеллектуального потенциала молодежи.

А.К.ТОГЖАНОВА,
преподаватель кафедры учета и финансы

Правильный выбор - шаг к успеху!



Выбор профессии и университет, где ты получишь знания, шаг серьезный и ответственный. И сделал, на мой взгляд, правильный выбор, остановившись на специальности маркетинг. Выбрал я такое направление в своей жизни, потому что мне нравится экономика и одновременно с этим творчески мыслить. Маркетинг отвечает этим требованиям. Думаю, что у меня в будущем получится преуспеть в выбранной профессии.

Поступление в университет кардинально изменило мое мышление, мой стиль жизни и мои взгляды на будущее. В школе у меня был интерес к общественной жизни, но подготовка к экзаменам не давала заниматься ей, да и возможностей было не так много. А вот в университете, как только я пришел на 1 курс, передо мной открылись большие возможности. Во-первых, это знания в области своей профессии, которые выходят за рамки учебной программы. Так, уже в начале учебного года мы побывали на тренинге по развитию стартапов. Во-вторых, я получил возможность участвовать в общественной жизни университета. На нашем факультете проводится множество интересных мероприятий, куда привлекаются все желающие. Здесь я смог применить свои творческие способности. Мы с моей командой организовали концерт, посвященный Дню студента.

Также я увлекся очень нужным и интересным делом, которое очень хорошо развито в университете – дебатами, и к концу первого курса я уже являлся координатором русской лиги дебатов при клубе нашего университета. Сейчас я начал второй курс своего обучения, в предвкушении грядущих побед и саморазвития.

Артур БЕГРАКЯН,
2 курс, ФИЭП

Қазан айының 29-ы күні тарих, экономика және құқық факультетінде «Ақиқат» пікірсайыс орталығының өткізуімен факультетішілік турнир өткізілді. Аға буынның ерік- жігерінің арқасында турнир жоғарғы деңгейде өтті.

Дебат - сауатты сөйлеу кеніші

Турнирге 9 фракция: «Әділет», «Шаньхай», «Темір ханым», «Алау», «Аль-Таир», «Жалын», «Маңғыстау 362», «Колибри», «Элита» фракциялары қатысып, алғашқы турнирлері болсадағы өз дәрежесінде өте қызықты ойын үлгісін көрсетті. Турнирдің ашылу салтанатында «Ақиқаттың» ЖҚБ төрағасы Мерген Қуанышұлы сөз сөйлеп, алғашқы турнирлерге мотивация беріп, сәттілік тіледі. Осыдан соң ойындар басталып та кетті. Ойынға университетіміздің басқа факультеттерінің аға буын дебатерлері төрешілік жасады.

Ойындардың қорытындысы бойынша үздіктердің қатарында 1-ші орынды «Алау»

фракциясы, 2-ші орында «Әділет» және нәтижелі 3-ші орынды «Аль-Таир» фракциялары жеңіп, облыстық турнирге жолдама алды. Турнир барысында қатысушылар үлкен тәжірибе жинақтап, разы көңілдерімен қайтты. Қатысушылардың аға буынға айтар алғысы шексіз! Жастардың белін буып, тағылымды дүниеге баулып жатқандары үшін шексіз алғыс айтсақ та жеткілікті. Енді біздер сол аға буындардың сара жолын жалғастырып Ақиқаттың атын тек облыстық емес, республикалық деңгейде дәлелдеу үшін көп еңбек етеміз деп нық сеніммен айта аламын. Жасасын «Ақиқат»! Жасасын ақиқаттықтар!

Пікір сайыс біз үшін тамыры тереңге кеткен үлкен тарихи ағаш секілді... Ақиқат ағашында бірінші болып бұр жарушы жапырақ – достық. Мақсатымыз үлкен нәтиже, оған жету жолымыз осы достық болмақ. Достық сандығында еңбек те, бәсеке де, үлкен армандар да бар. Қажымас еңбек пен салалық біліміміздің арқасында жеткен жетістіктеріміз бен алған асуларымыз ауыз толтырарлықтай десек те болады.

Дебат бізге жан жақтылықты, бәсекеге қабілеттілікті, болашақтағы орнымызды белгілеуге, элиталы қоғамның үлгілі тұлғасы бола білуге үйретті. Біз аттаған әрбір қадам үлкен бір тарихи сәт болып қала бермек... Шын шебердің кішкентай алаңда шыныққанынан үлкен аренада шабысканы керемет тәжірибе мен нәтижеге апаратын мотивация десек те болады.

Биылғы оқу жылы қарбаласқа толы сәтті жыл болып басталды. Турнирден турнирге қатысып, аймақтан аймаққа шығып, республикалық турнирге белсене қатыса бастадық. Сондай турнирлердің бірі қазан айының 15-17 аралығында Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласында Батыс аймақтық пікірсайысшылар арасында өткізілді.

Шыңдады дебат алаңы...

Турнирге университет пікірсайысшыларынан 6 фракция қатысты. Турнирдің 2-ші кезеңіне айқын 3 жеңіспен жартылай финалға жолдама алған 3 фракция ерекшеленіп топтан озып шықты. Олар: «Ақжайық» фракциясы, құрамында физика-математика факультетінің математика мамандығының 3-курс студенті Тұрлыбаев Ержан мен тарих, экономика және құқық факультетінің аймақтану мамандығының 2-курс студенті Шайқы Ақерке болды. «Big» фракциясы, құрамында физика-математика факультетінің 4-курс студенті Мақсотов Арнұр мен тарих, экономика және құқық факультетінің 2015-2016 жж. түлегі Махамбетов Сәбит болды.

Үшінші «Бастау» фракциясы, құрамында педогогика факультетінің 2-курс студенті Құрманғалиева Назерке мен Жақсылықова Айым болды. Командалар өте жоғары деңгейде ойын көрсетіп, 3-ші орынды «Big» фракциясы алды. Турнир барсындағы 40 пікірсайысшыдан ЛД форматына өткен 8 үздік спикер құрамында Оралдық пікірсайысшы қыздар Шайқы Ақерке мен Құрманғали Назерке де болды. ЛД форматының 1/4 бөліміне Шайқы Ақерке жолдама алып, Ақтаулық пікірсайысшымен ойын көрсетті. Осылай Батыстық пікірсайыста ой ұтқырлығымен сөз шеберлігімен үздік атаана білген Оралдық пікірсайысшылар өздерінің орындарының ерекшелігін дәлелдеді.

Тағы осындай сапардың сәттісі Қостанай қаласына да түсті. Облыстық іріктеуден үздік өнер көрсеткен тарих, құқық және экономика факультетінде ерекше команда болып құрылған «Космос фракциясы» Батыс Қазақстан облысы, Кәсіподақ атынан Қостанай қаласында қазан айының 26-27 күндері аралығында өткен ҚР Кәсіподақ Федерациясының алғашқы Республикалық турниріне жолдама ұтып алды. Облыс атынан жастар айнасы ретінде барған «Космос фракциясы» өздеріне артылған сенімді абыроймен ақтап келді. Республиканың небір мықты тарландарымен сынға түсу барысында жинаған тәжірибе мен көрген ойын барысы қайталанбас сәттер болатын...

Әр облыстың белсенді жастарымен,



Кәсіподақ қызметшілерімен және жұмысшы топтарымен сынға түсіп оза шапқан Оралдық қыздар, өз облысының атына үлкен мақтау мен алғыс алып келді.

Космос фракциясының лидері тарих, экономика және құқық факультетінің аймақтану мамандығының 2-курс студенті Шайқы Ақерке болса, спикері аймақтану мамандығының 2-курс студенті Шамқұлова Гауһар болды. Үлкен турнирде үздік нәтиже, озық ойын көрсете білген Оралдық қыздардың білім алушы ордасына, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры А.С.Иманғалиевке және жіберуші тарап, БҚО Кәсіподақ орталығының төрағасы Е.Ғ.Салықовқа ҚР Кәсіподақ Федерациясы төрағасы атынан алғыс хат берілді. Белсенді студенттік өмірде бәсекеге қабілетті жастардың көшін бастаушы пікірсайысшы жастар өз жұмыстарын осындай деңгейде бастап кетті. Әр минутты бағалар, әр межені бағындырар пікірсайысшы жастар - университет қоғамының белсенді қауымы.

Ақерке ШАЙҚЫ,
тарих экономика және құқық факультеті,
аймақтану мамандығы, 2-курс студенті

Тарих, эканомика және құқық факультетінде қазанның 27-сі күні «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» атты интеллектуалдық ойын болып өтті. Интеллектуалдық ойынды ұйымдастыруда Н.Ә.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері Дүзбасова Айдана Жеңісқызы, Айдана жетекшілік еткен 1-курс студенттері ерекше еңбек атқарды. Атап өтерлік студенттер ішінде Мамутов Уалихан мен Куватова Гүлсара ерекше ұйымдастырушылық қабілеттерімен көріне білді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫМЫЗ

Ойынға барлығы 5 топ құрамасы қатысты. Қатысушы 5 команданың да тыңғылықты дайындалып келгендері бірден көзге көрінерліктей болы. Олар: «Болашақ», «Жеңіс», «Ақжайық», «Алаш», «Нұрқыран» командалары еді. Ойын барысы таныстырумен басталып, одан кейін «ойлан тап» кезеңі өткізілді. Бұл кезеңде ұяшықтырға жасырылған әр түрлі сұрақтар қойылды, бір айта кетерлігі, сұрақтардың ішінде жасырынған көмбе, яғни «сыйлық» ұяшығы болды. Бұл ұяшықта көрсетілген ұпай саны таңдаған топқа ешқандай сұрақсыз сыйға тартылды. Бұдан кейінгі кезең «өуенді тап» деп аталып, өз ішінде бірнеше ұяшыққа бөлінген әр түрлі бағыттағы әуендерден тұрды, бұл кезеңде де аталып өткен «сыйлық» көмбесі ойынатылды. Одан кейінгі кезең, «тұлғатану» кезеңінде қатысушы топтар берілген фотосурет бойынша елімізге танымал тұлғалардың бейнесін тапты. Бұл кезең де өте қызықты деңгейде өтті. Бұдан кейінгі кезең қазақ кинематографиясының туындыларын табумен ерекшеленді. Берілген үзінділер бойынша топтардың белсенділігін көре отыра, бүгінгі біз қатарлы жастардың қазақ кинематографиясының туындыларын



жақсы білетіндігін көрсетті. Ең соңғы бөлім көшбасшылар жарысты, 1 минут ішінде қойылған сұрақтарға тез әрі ұтымды жауап беру арқылы ойын қыза түсті.

Тартысты да қызықты ойында студенттер ой ұшқырлығын жетілдіріп, ұмытқандарын есіне түсіре отырып, жаңа білмеген мағлұматтарға да ие болды. Ойынның нәтижесінде 1-ші орынға «Нұрқыран» командасы ие болса, 2-ші орынды қанжығаға «Ақжайық» командасы байлады. Ал нәтижелі 3-ші орында «Алаш» командасы еншіледі. Төрешілер төрелігі әділ болғанына ешкім күмән келтірмес, себебі, төрешілер көп нәрсені білетін аға буын 4-курс студенттері болды.

Ойын соңында «Шежіре» ансамбілінің мүшесі Сарсенбаев Бексұлтан өзінің еліктіер «Ерке сылқым» күйімен көрермендерді қуантты. Интеллектуалдық ойын соңында командалар естелік суреттерге түсіп, қатысушылар да, көрермендер де разы көңілмен қайтты. Осындай тағылымды да қызықты күндеріміз көп болсын!

Амангелді ЖЕҢІС,
Ист-13

Жарқын бейне

Жайықтың ақын қызы

(Ақмаржан апайым туралы толғаныс)

Елдің мұңын мұңдайтын, жоғын жоқтайтын, қуаныштың жаршысы, әрекетсіз істің қамшысы, сай сүйегі сырқыраған жандардың қамын ойлаушы, жағымды жаңалықты жеткізіп, ел мерейін тасытып тойлаушы кәсіп иесі кім? **Журналист!** Жайық – жақұтты жиған мекен. Қалам мен парағын қоса ұстап, мәңгілік жұп етіп бекіткен белсенді қоғам өкілдеріне бай. Мен сөз еткелі отырған, жоғарыда жазған теңеулерге сай сыйлы жан да – солардың бірі. Жырға жаны құмар журналист қызы бар еді Жайықтың!.. Алаштың Батыс аймағы Ақмаржанынан айырылып қалды...

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын, облыстық «Жайықұстазы» газетінің бас редакторы **Таубаева Ақмаржан Бақытқызы** – менің өмірімде лайықты орын алар ұстаздардың бірі.



Быттыр ғана Ақмаржан апайымыздың жетекшілігімен «Журналистикаға кіріспе», «БАҚ стилі» пәндерін ерекше ықыласпен оқыған едік. Себебі студенттеріміздің журналистика саласына қызығушылығы зор. Газет өмірінің қайнаған тыныс-тіршілігі, қалай жарық көретіндігі, қандай баспа арқылы шығатындығы, таралымы, оның редакторлары мен тілшілері, жазған мақалалары секілді тақырып турасындағы дерістері әсерлі өтетін. Оқытушының өзі осы саланың нағыз маманы болғандықтан, журналистік өмірінен естеліктер айтып, жүргізген зерттеулерінен де мол ақпарат берген-ді. Студенттер қауымы ұстазымызды ұйып тыңдап, еліміздегі тек қана газетісі емес, тележурналистика, радиожурналистика жөнінде мәселелерді қозғай ой бөлісетінбіз. Журналистика төркініне зер салып, сөздің көркіне ден қоятынбыз. **«Жақсымен өткізетін жарты сағат, жаманның өтіп кеткен ғұмырындай»** дегендей, сала сатысындағы сан алуан жайттардан осы кісінің арқасында хабардар болғанбыз.

Суыт хабар жеткенде есіме бірден басқадан бөлек болмысы түсті. Нағыз шығармашылық адамының көңіл-күйі құбылмалы, жаны жұмбақ боп келеді емес пе. Алғашқы дәрісінен-ақ дидагынан айрықша адамдықтың лебі есетін. Қызметімен қоса қалам тербейтін ақындық қабілеті де мол еді. Әр сөзінде **«Әдебиет – ардың ісі»** дегеніндей, мамандығына махаббатын айтудан жалықпайтын. Соқпақ жолды саналы ғұмырынан жақсылыққа жетелейтін нәрселерді сыр етіп, кеудесін бұр жарған бағалы сөздерді жыр етіп, тарихи тұлғалардың нақыл сөздерін нұр етіп дәрісін өткізген апайымызды бүгінде еске алып отырамыз деп кім ойлаған?!

Жас тілшіден хас журналистке айналуымызды аңсап, армандарымызға тілекші болған апайымыздың аруағы талапшыл жастарды қолдап жүрері хақ. Ұстазымыздың жастарға деген сенімі мол еді. Журналистика саласында жұмыс жасар болсам, әлі талай жиында жүздесетін шығармын деп ойлаушы ем... Ажал алпысқа да жеткізбеді. **«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді»** демекші, Жайық жұртының жарқын бейнесі, туған жеріңіздің таудай тұлғасы боп қалдыңыз! Бұл да – кез-келгеннің қолы жетпес бақыты да...

Мөлдір ЛАТИФОВА,
02405-топ («ФҚТ» мамандығы)

өмеуірініңнен-ақ таниды» деп. Десе, дегендей-ақ екен! Кейінгі ұрпақ үлгі алса керек-ті. Арабтар айтады: **«Сөйлемесе – кесек, сөйлесе – есек»** деп. Одан құдай сақтасын! Өзірбайжандар айтады: **«Уақытында айтылған сөз – уытты сөз»** деп. Ұйғырлар айтады: **«Кесірлі сөздің кешіккені игі»** деп. Орыстар айтады: **«Тілімен тың айырғандай»; «Қайырымды сөз қанаттандырыр»; «Есекті құлағынан, аюды тырнағынан, топасты сөзінен таниды»** деп. Парсылықтар айтады: **«Татымды бір сөз екеуе татиыды»; «Дәлдір тіліне сүйенеді, Дана білігіне сүйенеді»** деп. Түріктер айтады: **«Сырласа алмас – сырғақшыл»; «Ақылыңмен барла, жүрегіңмен талға»** деп. Түркімендер айтады: **«Адамның сөзі адам өлтірер»** деп. Татарлар айтады: **«Өзіңді сөзіңнен кем көрсетпе»** деп.

Қысқасы, іскерлік қатынас мәдениетінде сөйлесе білу – дарындылық. Шешен сөйлеу – шеберлік, шешенсу – бекерлік. Демек, ақылды жауап алғыш келсе, ақылмен сұрағанға не жетсін! Түпкі айтарымыз да – осы.

Нәзік ҒАЗЕЗ,
02405-топ («ФҚТ» мамандығы)

«Журналист» (**«Journalist»**) жаршысының жауапты редакторы – Мөлдір Латифова (**«ФҚТ», 02405-топ**). Кеңесшісі – А.С. Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов



Журналист

(Journalist)

№9, қазан, 2016 жыл

Үміт көзі

Нәзік - жеңімпаз!

Ғылым ашылған ғажайыптарымен құнды. Біздіңше, оның ерекшелігі - тың жаңалықтарды тарту етуі, жаңа бұлақ көзінің ашылуы. Оқу-білім ордамызда осы бір байыпты салаға бет бұрған жастар аз емес. Кең көлемде өткізілетін білім додаларында топ жарып жүрген ғалым-оқытушылар мен студенттер қауымының жетістіктеріне куәміз. Күні кеше ғана нәтижелі марапаттар қоржыны тағы да салмағын арттырды. Университетіміздегі «Махамбет» ГЗИ директоры, п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының жетекшілігімен тағы бір жас толқын ғылым биігінің жаңа сатысына көтерілді. Ол - «филология: қазақ тілі» мамандығының IV курс студенті **Ғазез Нәзік**.

Астана қаласындағы «Еуразиялық гендік қор» ғылыми-өндірістік білім беру орталығының ұйымдастыруымен **«Ең үздік реферат** жұмысы» (жоба) атты республикалық байқау оздырылған болатын. Конкурс ережесінің үлгісі жіберіліп, *талапқа сәйкес* болу керекті деректер жазылды. *Соған сай белсенді еңбек еткен бойжеткен* сайыс қорытындысы бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды. *Жағымды жаңалықты сыйлаған студентімізді құттықтай отырып*, келешекте қай істе де жеңімпаз атануыңызды тілейміз.

«Қазақ филологиясы» кафедрасы



Сөзің-өзің

Сөз сиқыры тіл байлар

Қадірлі құрбы-құрдастар! Асылы, іскерлік қатынас мәдениетінде сөйлесу, тіл табыса білу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат іспетті. Кемешінің өнері кеме жағада тұрғанда емес, теңізде дауыл ұрғанда танылса керек-ті. Сауыттың қасиеті қылышпен ұрғанда, аттың қасиеті жаудан алып шыққанда көрінері даусыз. Бұл жолда бізге тарихтан кемеңгерлікті, поэзиядан шешендікті, математикадан зеректікті, жаратылыс ғылымдарынан тереңдікті, адамгершілік философиясынан байыптылықты, логика мен көсемсөзден айтысу дағдысын үйренгенге не жетсін! Турасын айтсақ, **«адам баласындағы гармония – теңбе-теңдіктен емес, келісім жарасылмдылығынан» (Ғ.Мүсірепов).** **«Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес» (Әбіш Кекілбайұлы).**

Демек, сөйлей білу, сөйлесе білу – таланттылықтың белгісі. Өзара әңгімені әңгімелесушілердің әрқайсысы одан пайда көріп, көп білім алатындай етіп жүргізу керек. Ірі кәсіпкер Джон Д. Рокфеллердің айтқаны бар емес пе: **«Адамдармен тіл табыса білу – құдды бір қант не кофе сатып алғандай тауар сынды. Мен кез келген өзге тауар сияқты оған да көп ақы төлер едім»** деп. Айтса, айтқандай-ақ екен! Халық тағылымына сүйенсек, қазақтар айтады: **«Кісендеулі ат көрегінен артық жүрмес, Білікті адам көрегінен артық сөйлемес»; «Сөз сөйлемес бұрын, тыңдаушыны танып ал»; «Қисық сөйлеп, би болмас»; «Көп сөз ұтпайды, дөп сөз ұтады»; «Шайқап сөйлеме, алды-артыңды байқап сөйле»; «Әр сөздің сұрауы бар»; «Ретсіз сөз ренішке қалдырар»; «Аз сөз – ишарат»; «Сөзден де көз шығады»; «Ойлай сөйлеген орнын табады, Ойламай сөйлеген санын соғады»; «Кісі қызыл тілден өседі, Түлкі қызыл жүннен өседі»; «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады», «Қатты-қатты сөйлесең, пышаққынынан шығады»; «Сөзі көптіңісі аз»; «Нарқын танымаған сөз құлазиды», «Зерделі**

Жауқазын

Тер

Түйір нан – тамшы тер.
Халық мәтелі

Сүйкіміне дақ түсіп арлы реңнің,
Шәуілдектей қыңсылап қанда үрер мұң.
Сергелдеңде сенделіп жүргенімде,
Жерден кеше бір түйір нанды көрдім.

Нан деймін-ау, ап-ащы терді көрдім,
Арманы бұл кешегі шерлілердің.
Арман жатса тапталып аяқтарға,
Көңіл шамын жас бүркіп сөңдірер мұң.

Арылады қалайша тұманнан күн?
Өлшеміне жетпесек сұраулы әннің.
Тастап кеткен қоқысы шығар бөлкім,
Тер қадірін білмеген бір аңғалдың.

Қастерлі ұғым нан деген, тер дегенің,
Ұға алмаса киені пендеге мін.
Сол нан үшін жейденді кір жумаса,
Өз-өзіңді тірілей жерлегенің.

Тілгілетіп жүректі жыр қылышқа,
Отырғанда сандалып бір бұрышта.
«Маңдай терді қорлама» дегендей боп,
Әлгі нанды әкетті бір құмырқа.

Ақын-Жайық

Жаздырып жалғыздықтың хатын ғайып,
Сырласты үнсіздікпен ақын-Жайық.
Шайырды тылсымдарға жетектей ме?
Толқындар төңкерілді шашын жайып.

Ақын тұр арқалап ап ғазал мұңын,
Құрандай шертетіндей азан жырын.
Жайығы тербетсінші ал, әйтпесе,
Сананың батпандарын қазар кімің?

Кеудеде керуен қылып дастан көшін,
Жібітіп тіршілікке қатқан өшін.
Үсіген жалғыздыққа жылу қылды,
Түнгі айдың суға төккен ақ сәулесін.

Ақынның жаны тозақ, сөзі жұмақ,
Жалғыздық ғана оны төзіп ұғад.
Езіліп кете жаздап егіліп тұр,
Жайықтың мұңдарын да сезініп ап.

Уатып та жібереді мәрмәр тасты,
Мұң болып себелеген қар да алғашқы.
Ал, Жайық, сен сезіне аласың ба?
Ақынның жанарынан тамған жасты.

Азамат БАҚИЕВ,
1-курс студенті

«Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының басылымы «Исатай-Махамбет»
ғылыми-педагогикалық, тарихи-әдеби, ақпараттық-танымдық журналының студенттерге арналған қосымшасы



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы

№7 (23), қазан, 2016 жыл

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?!

Пока не оседлан боевой конь,
Пока копье не сожмет ладонь,
Пока не продолжен тернистый путь...
Разве одержишь победу, Герой!

Махамбет

Для молодого оратора

Ораторское искусство - основа лидерства

Красноречие - отличительное качество личности лидера. Красноречие нужно принимать как дар, с помощью которого мы покоряем сердце и разум слушателя, заставляем поверить, в то, о чем рассказываем, убеждаем. Красноречие – талант, присущий людям, у которых развита не только речь, но и мыслительная деятельность, у которых прекрасное чувство языка. Красноречие – искусство, которое осуществляется и приводит ко всем достижениям через слово. В этой связи оно объединяет, вмещает все достоинства и силу искусств. Значит, красноречие - высшая стадия языкового искусства и культуры речи. Также ораторская речь - наука об обществе и об управлении им. Красноречие - устное литературное творчество. Истина в том, что красноречие рождается от эрудиции и знаний, от мощной интуиции и глубокого чувства, от резвого сознания и безудержной фантазии, в результате большого труда и глубоких раздумий. В то же время суть красноречия кроется не только в ораторах, но и в сложившейся ситуации.

Ораторское искусство – это мощное средство, которое в любую эпоху, в любом обществе глубоко влияло на большинство, овладевало их сознанием и чувствами, преисполняло силой и которое по сей день не утратило своей силы и достоинства. Ораторское искусство – одно из ценных и почитаемых духовно-культурных искусств народа. Ораторская речь - народная мудрость, умственная способность, источник литературного языка. Традиционная ораторская речь - остроумная мысль, переданная художественным языком, принятые и используемые народом слова, сказанные относительно какого-либо вопроса. Ораторская речь – умение ответить обоснованно и быстро на внезапно высказанную мысль. Долгие раздумья, медлительность не сочетаются с красноречием. Ораторское искусство родственно с импровизаторским поэтическим даром.

Исходя из трудов ученых, в том числе Платона, красноречие есть мастерство убеждения, в котором заключаются весь смысл и задача. Аристотель же говорил, что задача риторики состоит не только в убеждении, но и в умении находить способы убеждения в определенных ситуациях. Выдающийся мыслитель Абунасыр аль-Фараби считал, что если диалектика будет способом заключения логичных доводов, основанных на знании, то риторика основывается на обоснованном красноречии, последовательности мысли, слаженности сути и понятия. Ахмет Байтұрсынов обобщал, что цель красноречия - не только рассказать основное мнение, растолковать разными доводами, но и убедить в этой мысли, внушить, привлечь внимание, запасть в душу. Значит, красноречие сегодняшнего лидера должно быть выше данных выводов и заключений.

Знать и различать ораторов-биев (Майкы, Кетбуга, Асан кайгы, Жиренше, Толе, Казыбек, Айтеке, Сырым) в древней истории казахов, художественной литературе, изучение наследия, при надобности применять их - правила для молодого оратора. Мнение о взаимосвязи возникновения и становления ораторского искусства с образованием общества подтверждает и история развития казахского ораторского искусства. Таким образом, литературное наследие есть отрасль, являющаяся гордостью богатого культурного наследия казахского народа. Слова, полные глубокой мысли и ума, сочетающиеся с философией, усердие, порыв, увлечение, справедливость - качества, показывающие благородство казахского устного народного творчества. И поэтому казахская пословица гласит: «Өнер алды – қызыл тіл» («Вершина искусства - красноречие»). Казахский народ ценил слово как одно из важных средств взаимоотношений в обществе. Как «уместное слово не вызывает спора» («Сөз тапқанға қолқа жоқ»), так и к месту сказанные слова быстро распространялись среди народа и становились для большинства поучительными. Такие слова назидания передавались из уст в уста, из поколения в поколение, дошли до наших дней. Хранящееся веками устное творчество казахского народа - неиссякаемый источник, неисчерпаемая казна. Культурное наследие казахского народа, не учитывавшееся долгое время, изучаемых авторов великих

слов, слова ораторов и слова назидания биев занимают почетное место в фольклоре казахского народа. Передавшиеся от ораторов такие слова с одной стороны - зеркало, отражающее все грани казахского общества и их жизнь, с другой стороны показывает уровень развития мышления, самосознания народа, общее направление мировоззрения, достигнутого совершенства. Красноречивые слова, сказанные от имени нации, народа, края, справедливые взвешенные решения сделали известными на весь казахский народ имена ораторов-биев, советников-аксакалов. Таким образом, смелые и острые на язык ораторы-бии – наши национальные предводители. Устные выражения, авторы которых нам известны в казахской литературе, в фольклоре, это слова данных ораторов-биев. В казахской истории насчитываются сотни людей, чьи слова назидания распространились в народе, слава которых не исчезла со временем, наоборот, их слова



остаются актуальными и сегодня. Большинство ораторов, слова которых дошли до нас, берут начало со времен становления казахского ханства. Имена ораторов, чья слава распространилась далеко за пределы своего народа, меткие выражения, которые ставили на место провинившегося, сохранились и во времена распада ханства Алтын Орда, также начинают определяться со дня становления Казахского ханства.

Говорят, несколькими назидательными словами определялось достоинство мужчины, решались дела рода. Значит, все дела казахского народа решались перед мудрецами, которые знали толк в слове, и все подчинялись данным назидательным словам ораторов. Если рассматривать значение данных слов, то они охватывали все грани жизни, замечается как глубоко распространились в народе. Такие ораторы мало говорили, но многому учили. Беря урок от увиденного и услышанного, опираясь на справедливость, делая выводы, они воспитывали народ, призывая беречься от зла и быть ближе к добру. Во времена, когда на страну навигалась опасность от врага, либо когда народ был обессилен от войн, либо когда жестокость хана, несправедливость брали верх и простой народ изнывал от нетерпимости, слова ораторов-биев оказывали отпор и такое не повторялось вновь.

Не говоря о временах правления Аз Жанибека, Аз Тауке, период становления казахского народа при Абылай хане сильной страной особенно ярко выражается в истории казахского народа. Мудрый Абылай, собирая вокруг себя мудрых людей, стремился делать благие дела для народа. В те дни ораторы-бии благодаря мудрости вместе с батырами сохранили целостность государства, защитили честь народа. Это доказывает, как во времена Аз Жанибека было только два типа людей: одни - батыры, другие - бии.

Значит, в казахской общине использование ораторской речи как народного способа в решении споров компромиссным путем влияло на развитие традиционного ораторского искусства. Как и жители Афин, которые в целях защиты и отстаивания перед публикой своей точки зрения и политических целей должны были работать над своим ораторскими способностями, так и казахские бии должны были знать традиции народа, быть острыми на язык и красноречивыми для вынесения справедливого решения относительно решаемого спора. Значит, личностные качества

Ойлы сөз

Шешендік – кісі көркі.

Адам баласын ұшар биікке шығарар, атақ-даңққа кенелтер екі-ақ өнер саласы бар: бірі – қолбасшылық өнері де, екіншісі – үздік шешендік өнері.

М.Т. Цицерон

Шешендік – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері.

Б. Паскаль

Сөз – адамның айнасы.

Халық даналығы

Жүйрік аттың сипаттары секілді асыл сөзде де белгілі сипаттар болады.

А. Байтұрсынұлы

Шешендік – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған деуге болады.

Платон

Шешендік сөз дегеніміз – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру.

А. Ф. Мерзляков

Өнердің ең алды – сөз өнері... Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

А. Байтұрсынұлы

Шешендік мәні тек шешенде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты: шешендік сөздің өкесі – шешен, анасы – аудитория. Тек аудитория ғана оны қалыпқа келтіріп, жан бітірмек.

Е. А. Адамов

Егер де «сырт киіміне қарай қарсы алып, ақыл-ойына қарай шығарып салуға» сүйенсек, мұнда адами қарым-қатынасқа алғашқы кезекте мән берілген, яғни, сөз – ойдың «сырт киімі», ендеше оларды таңдап, іріктеп қолдануда қателеспей маңыздырақ.

Ермек Жеменей

Өзірлеген: Нәзік Ғазез,
«ФҚТ» мамандығы, 02405-топ

сегодняшних лидеров нации должны отличаться данными умениями и навыками.

Одним словом, присущие лидерству ветви истории казахского ораторского искусства разнообразны. Знание ветвей народного ораторского искусства - залог воспитания рассудительного и красноречивого лидера. Всем известно, что народ всегда обращал внимание на искусство речи. В настоящее время ощущается, что народ нуждается в высоко культурных лидерах, владеющих ораторским искусством в разных сферах. Вновь вернувшаяся наука об ораторском искусстве, «полезное коммуникационное условие и средства его формы», призвана повышать культуру речи в обществе и должна представлять пути решения воспитания, формирования личностей лидеров-ораторов. А как мы учим последующее поколение наследию, дарованное нам нашими предками - духовному богатству в виде ораторского искусства? Например, одна из граней ораторского наследия казахского народа, которую должны понимать юные лидеры, - слово обладает могучей силой, у слова есть присущая ему краска, вкус, есть свойство влиять на чувства человека, а сила его передается голосовым ритмом. Значит, звучность - главное орудие, выражающее различные качества говорящего.

Также к поучительному влиянию казахского ораторства относят ораторскую свободу мысли, свободу слова, красноречивое расположение слов во время устной речи, усиление эффекта, уместить смысл в сказанные слова, умение остановить словом, сбивать с толку, заставить оппонента вслушиваться в смысл слов, умение говорить загадками, намекать, символизировать, говоря об одном, иметь в виду другое, понимать, что оно развивает силу мышления, так же можно добавить умение слушать других и брать пример, умение красноречиво говорить выделяют из толпы и являются качеством человека с резвым умом.

Слов гора, а суть как крупица мала, красноречие как источник духовного богатства - украшение лидера нации. Значит, призывая последующее поколение к назиданию ораторского искусства как примера национальной ценности, дарим вам здравомыслие. Сильное духом, духовно богатое поколение - надежная основа страны, будущее которого совершенно.

А. С. Кыдыршаев,
директор Института гуманитарных
исследований «Махамбет», академик

«Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «Makhambet's voice») жаршысының жауапты редакторы - Нәзік Ғазез, («ФҚТ», 02405-топ), тілшісі – Зарина Рахметова («ФҚТ», 02405-топ). Кеңесшісі – А. С. Кыдыршаев, «Махамбет» ГЗИ директоры

«ҰЛЫ ДАЛА ТЫНЫСЫ»

БҚМУдың әнұранымен асқақтады



Ағымдағы жылдың 20 қазан күні облыстық қазақ драма театрында әнші композитор М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұстазы Қуаныш Қисметовтің «Ұлы дала тынысы» атты жеке шығармашылық кеші өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған концертке облыстың зиялы қоғам қайраткерлері мен университеттің оқытушылар құрамы және студенттері қатысты.

Ұстаз жай ғана оқытушы болмай, қазақтың, соның ішінде, облыстың ән өнерінің дамуына жаңаша стильмен үн қосқан әншінің жетістіктері аз емес, республикалық ән байқауларының жүлдегері, бүгінге дейін бірнеше өндердің авторы. Кеш барысында ұстаздан тәлім-тәрбие алып республикалық сахналар мен халықаралық ән байқауларында оза шауып, ән әлемінде өзіндік орын ала білген шәкірттері «Дарын», «БатысSTAR», «Қорған», «Інжу» топтары композитордың жергілікті ақындардың әніне жазылған өндерін көрерменге ұсынды.

Сонымен қатар ұстаздың аймақтық өнердегі үзеңгілес достары Атырау, Ақтау, Алматы қалаларынан келіп, өсем өндерімен Ақжайық жұртына тамаша көңіл күй сыйлады. Шара соңында «Мәдениет және өнер» факультеті «Музыкалық білім» кафедрасының аяулы жанашыры болған, Қуаныш Қисметовтің ұлы ұстазына айналған Меңдіғаным Мергенбаеваның рухына арналған «Ұстазға арнау» әнін БҚМУ хор ұжымы шырқап, шәкірттерінің ұстазға деген ыстық сағынышын өсем әнмен жеткізді.

6 октября – День бухгалтера

С ДНЕМ БУХГАЛТЕРА Республики Казахстан!

От всей души поздравляем аппарат бухгалтерии ЗКУ им. М.Утемисова с профессиональным праздником – Днем бухгалтера Республики Казахстан!

Профессия бухгалтера почетна и востребована: внедряются новые инновационные технологии, национальные и международные стандарты финансовой отчетности, сертификация.

Современный бухгалтер – это специалист, обладающий отличным знанием бухгалтерского учета и налогового законодательства. Для этого необходимо много трудиться, постоянно повышать свою квалификацию. Но вместе с тем, именно багаж знаний бухгалтера и делает его крайне востребованным специалистом, без которого невозможна работа ни одного предприятия, независимо от формы собственности и вида деятельности.

В значительной степени экономика любого государства зависит от внимательной и четкой бухгалтерской работы. Бухгалтер – один из самых уважаемых людей в организации, ведь именно бухгалтер ведет все самые сложные расчеты, касающиеся деятельности любого предприятия.

Примите пожелания плодотворной работы, неиссякаемой творческой энергии, благополучия, успехов и процветания на долгие годы!

Кафедра «Учет и финансы»

Ағымдағы жылдың 24 қазан күні Алматы қаласында 28-інші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындарын қолдау мақсатындағы көпшілік таңғы жаттығу өтті. Оған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы, 2016 жылы 6-10 қазан аралығында самбо күресінен Қазақстан халқының абыройын қорғап, Румыния мемлекетінде өткен әлем чемпионатында қола жүлдені қанжығасына байлаған Серікбай Негмет және университет спортшылары қатысты.

БҚМУ жастары салауатты өмір салтын қолдайды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлау шеңберінде БҚМУ спорт сарайында өткен таңғы жаттығуға алты факультеттен 100-ден астам студент қатысып, жайдарлы көңіл-күймен әр қимылды орындап, белсенділік танытып, керемет әсер алды. Таңғы жаттығу студенттердің өмірге деген құлшынысын арттырып, жалпы спортты дамытуға үн қосты. Осындай республикалық акцияны өткізудің мақсаты - жас буын арасында салауатты өмір салтын насихаттау және мультиспорттық іс-шараға Махамбет ұрпақтарының үлесін қосу.



Бүгінгі жастар білімді болуы мүмкін, техниканың құлағында ойнауы да ықтимал, ақша табудың жолдарына да жетік болуы ғажап емес. Алайда осылармен қатар ол жастардың рухани байлығы тым төмен болса, олардан елге де, жұртқа да, ертеңгі келешекке де мардымды пайда келмесі анық. Көзіміздің нұры, келешегіміздің кепілі болатын жастарымызға үйде ата-анасы, қоғамда мемлекет жанашырлықпен қолдау көрсетпесе, аузын арандай ашқан жаһанданудан, әлемді жайлап бара жатқан рухани дағдарыстан аман шығу қиынның қиыны. Осы орайда жастардың іші рухани күйін, адамгершілік тәрбиесін қуаттандыруға арналған кездесулер өткізілді.

Рухани адамгершілік - тәрбие бастауы



Атап айтар болсақ, ағымдағы жылдың қазан айының 10-18 аралығында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның 5-тармағына сәйкес «Ақпараттық – насихаттау топтарының радикалды діни идеологияның және басқа теріс пиғылды көзқарастардың ықпалына ұшырамаған тұрғындар арасында патриоттық сезімдерін нығайту, сондай-ақ бұрмаланған діни көзқарастардың қалыптасуының алдын алу мақсатында ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын жүргізу» жұмыстарын орындау мақсатында құрылған жоспарға сәйкес университет студенттерінің ақпаратпен танысу кестесі құрылды. Кестеге сәйкес студенттерге қазан айында «Мәзхаб дегеніміздің мәйегі», «Ислам заңдылықтарының қоғамда әсері», «Отбасы-жауапкершілік», «Ислам татулық пен бірлік діні» тақырыбында арнайы шақырылған Тәжиден Батырұлы атындағы мешіттің имамы Құмаров Ерден Қонысұлы, Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім басшысы, исламтанушы Убаев Наурыз Ибатұлы, Орал облыстық орталық мешітінің имамы Асанов Марат Рахметоллаұлы, Қожагелдиев Бауыржан Убалханұлы Дін мәселерін зерттеу орталығының маманы, исламтанушы ақпараттандырушы өкілдермен кездесулер өткізілді. Рухани адамгершілік тәрбие беруге бағытталған кездесуге алты факультеттің 1000 аса 1-курс студенттері қатысты.

Кездесу барысында Ислам бейбітшілікті насихаттайтын дін екені жеткізілді. Соңғы кездегі ислам мен терроризмнің бірге айтылуы қате пікір екенін, зорлау саясатын тудыратын түрлі деструктивті ағымдар ислам дінінен емес екені түсіндіріліп, олар ислам дінінің атын жамылған теріс ағымдар екені туралы пікірлер айтылды. Кездесу кезінде студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарына тұшымды, жетімді жауап алды.

Альфия ЖАКСЫГАЛИЕВА,
тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басшылардың және (немесе) ақпарат агенттіктерінің 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИПШІПЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адилевна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46